



АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Жас ғалымдар” сериясы
Серия “Молодые ученые”
№1, 2013 ж.

Алматы, 2013

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
Ғылыми журнал

«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы
№ 2, 2014

Шығару жиілігі – жылына 2 рет.
2001 жылдан бастап шығады.

Бас редактор
Филол. ғыл. кан., аға оқытушы **С.А.Жиренов**

Бас редактордың орынбасары
Тарих. ғыл. док., проф **Д.А.Аманжолова** (Ресей Федерациясы)

Редакция алқасы
Заң ғыл. док., доцент **А.А.Сабитова**
Пед. ғыл. док., проф **З.А.Мовкебаева**
Филол. ғыл. док., доцент **С.М.Алтыбаева**
Филол. ғыл. док., доцент **А.О.Тымболова**
Биология ғыл. док., проф **Б.Н.Мыңбаева**
Ф.-м. ғыл. кан **Б.Г.Бостанов**
Филол. ғыл. кан **Г.К.Бекқожанова**
Пед. ғыл. кан., аға оқытушы **А.С.Сманова**
Тарих ғыл. кан., доцент **С.Қ.Шілдебай**
Ф.-м. ғыл. кан., аға оқытушы **Г.Тюлепбердинова**
Хим. ғыл. кан., аға оқытушы **Ж.Қ.Қорғанбаева**
Пед. ғыл. кан., аға оқытушы **А.И.Ибрагимов**
PhD доктор **Д.М.Насиров**
Заң ғыл. док., проф **С.А.Балашенко** (Беларуссия, БелМУ)
PhD доктор **М.Д.Кенжеғалиева** (Гермения, Universitat Leipzig)
PhD доктор, қауымдастырылған профессор **Zoltan GAL** (Венгрия, Universitat of Pecs)
PhD доктор **Б.Исаков** (Қырғызстан)

Жауапты хатшы
PhD доктор **Р.М. Ашимова**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2014

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10108-Ж.

Басуға 30.10.2014 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Кітап-журнал
қағазы. Көлемі 5,2 б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 432.

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

Казахский Национальный педагогический университет
имени Абая

ВЕСТНИК
Научный журнал

Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»
№ 2, 2014

Периодичность – 2 номера в год. Выходит с 2001.

Главный редактор
Кан. филол. наук., ст. преподаватель **С.А.Жиренов**
Заместитель главного редактора
Док. ист. наук., проф **Д.А.Аманжолова** (Российская Федерация)

Редакционная коллегия
Док. ю. наук., доцент **А.А.Сабитова**
Док. пед. наук., проф **З.А.Мовкебаева**
Док. филол. наук., доцент **С.М.Алтыбаева**
Док. филол. наук., доцент **А.О.Тымболова**
Док. биол. наук., проф **Б.Н.Мыңбаева**
Кан. ф.-м. наук **Б.Г.Бостанов**
Кан. филол. наук **Г.К.Бекқожанова**
Кан. пед. наук., ст. преподаватель **А.С.Сманова**
Кан. ист. наук., доцент **С.Қ.Шілдебай**
Кан. ф.-м. наук., ст. преподаватель **Г.Тюлепбердинова**
Кан. х. н., ст. преподаватель **Ж.Қ.Қорғанбаева**
Кан. пед. н., ст. преподаватель **А.И.Ибрагимов**
PhD доктор **Д.М.Насиров**
Док. ю. наук., проф **С.А.Балашенко** (Беларуссия, БелГУ)
PhD доктор **М.Д.Кенжеғалиева** (Гермения, Universitat Leipzig)
PhD доктор, ассоциированный профессор **Zoltan GAL**
(Венгрия, Universitat of Pecs)
PhD доктор **Б.Исаков** (Қырғызстан)

Ответственные секретарь
PhD доктор **Р.М. Ашимова**

© Казахский национальный педагогический университет имени
Абая, 2014

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК 8
мая 2009 г. № 10108-Ж.

Подписано печать 30.10.2014
Бумага книжно-журнальная. Формат 60x84 1/16.
Тираж 300 экз. заказ 432.

Печатается прямым репродуктивным способом.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального
педагогического университета имени Абая

М а з м ұ н ы / С о д е р ж а н и е

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ **ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК**

Қасенов Е.С. «Құлагер» поэмасының орыс тіліне аударылған нұсқаларының тәржімелену ерекшеліктері.....	5
Амирбекова А.Б. М.Мақатаевтың көркемдік стилі.....	10
Тоқшылықова Г.Б. Гесиод – дидактикалық поэзияның негізін салушы.....	16
Ибраева А.Д., Шиналиев Н. Жазушы - драматург Сафуан Шаймерденовтың шығармашылық зертханасы.....	23
Абенов Д.Е. Историография проблемы повседневности.....	29
Бағыбаева Н.М. Мектеп оқулықтарындағы әдебиет терминдерінің қолданылу жайы.....	34
Асанов Ж.Т. Мархабат Байғұт повестеріндегі кейіпкер әлемі.....	44
Масакова Э. Специфика похвалы как речевого акта.....	48
Мирзабаева А. Адекватность передачи стилистических приёмов в текстах перевода.....	53
Секербаева Ж.С. Жанровая форма и языковая игра в романе Равиля Айткалиева «Там, где нас нет».....	58
Абдыкалыкова А.Е. Еңбек құқығының субъектілері арасындағы қарым-қатынастарды реттеу мәселелері.....	64
Алманбетов Қ.Н. Ұлттық кескіндеме өнерін жаңа бағытта негізін қалаған суретші – Е.Төлепбай.....	69

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ **ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Жиренов С.А. Білім беру жүйесінде интернет-ресурстарды пайдаланудың ақпараттық және әдістемелік мүмкіндіктері.....	73
Нұрманова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамыту жолдары.....	80
Саймасева О.У. Бастауыш сыныпта білім беру сапасын бағалаудың қазіргі мәселелері.....	85
Шалкеева Ж. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттырудың шарттары.....	90
Shotanbayev A. B. Application of electronic books in education.....	93
Мадешова Г.Б. Қазақ тілі сабақтарында шығармашылық жобаны қолданудың маңызы.....	98
Назарымбетов Е. XX ғасырдағы қазақ дәстүрлі бейнелеу өнерінің табиғи, тарихи даму жолының ерекшеліктері мен тәрбиелік мүмкіндіктері.....	103
Ертуғанұлы Ж. Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің психологиялық - педагогикалық негіздері.....	109

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ӨСКІН
МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ

Содиықова Ж.М. Мінәжат жанрының тілдік-танымдық сипаты.....	115
Сапарбек Б. Шешендік өнердің этномәдени сипаты.....	118
Дюсебекова Г. М.Жұмабаев поэзиясындағы эпитеттің қолданылу ерекшеліктері.....	124
Дюсекенова А. Т.Жолдыұлы поэзиясындағы қытай сөздерінің қолданысы.....	128

БІЗДІҢ АВТОРЛАР. НАШИ АВТОРЫ.....133

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясының ғылыми мақалаларды қабылдау ережесі.....	136
Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые».....	137

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ **ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК**

ӘОЖ 811. 111 (075)

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН НҰСҚАЛАРЫНЫҢ ТӘРЖІМЕЛЕНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАСЕНОВ Е.С. -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы, ф.ғ.к., Алматы қаласы.

Kasenov_erlan@mail.ru

Аннотация

Мақалада «Құлагер» поэмасының тәржімелену ерекшеліктері қарастырылған. «Құлагер» поэмасының орыс тіліне аударылған нұсқаларының тілдік ерекшелігі мен көркемдігі жан-жақты көрсетілген. Аудармашылардың тілді қолданылу шеберлігі сөз болған. Түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіннің стилистикалық және экспрессивті ерекшеліктері айтылған.

Кілт сөздер: тікелей аударма, мағыналық аударма, көркем аударма, аударма үлгісі, аудармашы мақсаты, поэтикалық аударма.

Белгілі бір ұлттың рухани қазынасы болып табылатын көркем туындылар – сол ұлттың, сол этностың ғана емес, әлемдегі барша халықтың игілігі, жалпы адамзаттың рухани байлығы. Көркем туындылар – бір халықты екінші бір халыққа кеңінен таныстырып, өзара табыстыратын рухани мұра. Демек, белгілі бір ортада қалыптасып адамзат баласының ортақ игілігіне айналған туындылардың көтерер жүгі орасан.

Ұлт әдебиеті мұраларының адамзатқа ортақ әдеби қазынаға айналуының бастауы көркем аудармада жатыр. Қай кезеңде болмасын аударма арқылы әлемдік әдеби шығармалардың бір-біріне әсері, өзара тығыз байланысы, озық идеялардың қайта жаңғыруы, дамуы орын алады. Белгілі бір ұлт әдебиетінің құндылығы оның эстетикалық, көркемдік деңгейімен өлшенеді десек, орта ғасырлардағы Шығыс қиссаларының, әлем әдебиетінің озық үлгілерінің ұлт әдебиетінен түбегейлі орын алуы – аудармалардың көркемдігінде. Бұл ретте біз өзге ұлттың рухани мұрасын екінші бір ұлт тілінде сөйлетуші аудармашылардың еңбегінің ерекше атап өткеніміз жөн. Себебі, «аудармашының мақсаты – түпнұсқаның стилистикалық және экспрессивті ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа тілдің көмегімен оның мазмұнын біртұтас және нақты жеткізу» болғандықтан оларды бір ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын тұтас күйінде жеткізуші шығармашылық иелері болып табылады [1, 7 б.].

Көркем аудармада әдеби шығарманың құрылым жүйесі, образдылығы, мазмұны, стилі, тілі секілді поэтикалық құбылыстармен бірге оның эстетикалық, лингво-мәдени, сондай-ақ психологиялық және семиотикалық, табиғатын түзетін көркемдік құбылыстар да пайымдалып, таразыланады. Сондай-ақ аудармада автор мен аудармашының шығармашылық шеберлігі, суреткерлік даралығы бір арнада тоғысып көрініс табады.

Көркем туынды авторы мен аудармашылардың суреткерлік даралығын анықтауда біз ақын Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын алып, ондағы әрбір шығармашылық иесінің аудармасын салыстыра қарастыруды жөн санадық. Мұндағы мақсат – Ілияс Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен тілдік кестелерін, сөз өрнектерін аудармашылардың жете түсіну, жеткізе білу қабілетін, болмыс-бітімін, табиғатын түпнұсқамен салыстыра отырып бағалау және ұлттық ойлау, бейнелеу даралығының аудармада берілу жолдары мен ерекшеліктерін анықтау.

«Жыр Құлагері» Ілияс Жансүгіров шығармаларының қазақ сахарасын еркін шарлап кеткеніне 80 жылға жуық уақыт өтті. Ілияс Жансүгіров туындыларындағы ұлттық болмысты өзге халыққа таныстырып, тарту жұмысының басында орыс аудармашысы Михаил Луконин тұр. Ақын Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын алғаш рет М.Луконин 1957 жылы аударды. Ақын поэмасының алғашқы «Толғану» бөлімі мынадай жолдардан басталады:

Тасқында, тау суындай, көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы – қыры.
Бұрқырат бұлағыңды кең далаңа,
Бастырмай шөпке – шарға тоқтап құры.

Далаңның той болғанда бүгін күні,
Жүйріктей бабындағы жүгір, міні;
Орай шап алдын, артын жиын жұрттың,
Жыр қыла бүгінгіні, бұрынғыны.

Шарықта шартарапқа қиял құсы,
Көңілдің кеп тұрғанда күнді алғысы.
Халқыңның қуанышын қанат қып қақ,
Қашан да қала берер ұяң кісі.

Шабытқа толы «Құлагер» поэмасының осынау жолдары орыс ақыны М.Луконин төмендегіше береді:

Вступление

Поэзия моей души потоками бурли!
Взгорий и степей жажду утоли!
Пусть реки степью распаленной мчатся, клопоча,
Не застаиваясь там, где стада прошли!
Наше время для степей – праздничные дни.
Как игреневый скакун, по степям гони,
Обгоняя весь народ, мчись, опережай!

О сегодняшнем и прошлом в песне прозвени!

Воображенью, птице светлых дней, сердце посвятить,

Пусть робкие плестись будут позади (М.Луконин).

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын М.Луконин орыс тіліне тыңғылықты аударып, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерді. Поэманың ішкі иірімдерін толық көрсетуде аудармашы орыс тілінің сөздік қорын барынша еркін қолданылып, мазмұн мен пішін арасындағы келісім мен бірлікті сақтаған. Аздаған кемшіліктеріне қарамастан аудармашы өлеңге Ілияс Жансүгіров мәнерін, сөз саптауын өз қалпында беруге ұмтылған. Бірақ, түпнұсқаның ішкі иірімдері әлсіздеу екені аңғарылады. Мұны біз орыс ақыны М.Лукониннің Ілияс Жансүгіров шығармашылығымен алғаш танысуы әрі алғашқы болып аударуында деп түсіндіреміз. Біздің бұл пікірімізді Саят Ілиясұлының: «вины М.Луконина в том, что его перевод «Кулагера» не самый лучший, нет. Во-первых, с творчеством Жансугурова поэт столкнулся впервые. Стихотворные строки приходилось складывать с подстрочника, подготовленного другим переводчиком (А.Сулеевым). Во-вторых, стихи писались Лукониным в большой спешке, что не могло сказаться на их качестве. К тому же поэтический перевод с другого языка – процесс очень и очень сложный» – деген пікірі қуаттайды [2, 20 б.].

Қалай айтсақ та, орыс ақыны М.Лукониннің бұл аудармасы «Құлагер» поэмасын аударудағы алғашқы қадам. Сол себепті аудармада кемшіліктердің болуы да заңды. «Переводы – даже самые удачные – имеют обыкновение устаревать. Меняются времена, меняются вкусы, пристрастия, меняются отношения к тому, что некогда казалось прекрасным и безупречным. Именно этим объясняется множество переводов Шекспира, Гете, Гейне, Пушкина, Абая» – деген Г.Бельгер пікірін ескерсек, шын мәнінде де уақыт пен кеңістікке тәуелді **аударма жасы (Е.Қ.)** болатыны аңғарылады [3, 17 б.]. Дегенмен, қандай аударма болмасын ол жеке дара шығармашылық сипат алады. Себебі, онда көркем туындыдағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы, көркемдік қуаты барынша толыққанды түрде ұлттық болмыс ерекшелігімен жеткізілуі мақсат етіледі. Көркем туындыда көтерілген қоғамдық мәселелер, идеялық мазмұн қашан да көркемдік пішінмен тығыз байланысты болғандықтан аудармашы ең алдымен сол ұлттың тілдік ерекшеліктерін жете меңгеруі тиіс. Осы орайда туындыдағы кейбір жекелеген тілдік элементтер ғана ескерілуі шығарманың молынан ашылуына кері әсерін тигізері хақ. Мұны В.Г.Белинскийдің: «көркем пішінді бере алуға қабілеттілік, ол, әрине шығарманың рухына бойлау, сұлулықты сезіну сияқты қасиеттерден мақұрым қалмауға тиіс» - деген пікірімен айтуға болады.

«Құлагер» поэмасының негізгі ой-толғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік өзгешеліктерін жаңғыртып, жарқыратқан аударманың бірі белгілі аудармашы Берік Джилкибаевтың 2006 жылғы аудармасын атауға болады. Поэманың жарияланғанына 70 жыл толуына орай аударылған бұл аударма өзіндік көркемдігімен ерекшеленеді. Мысалы, ақын поэмасының алғашқы жолдары аудармада былайша өрілген:

Раздумья

Бурлит потоком горным сегодня песнь моя,
Неся прохладу в ближние и дальние края,
Вся родина охвачена солвами песни той,
Пьет влагу травка каждая, пригорочек любой.

Пришел наш день – праздника в ликующей степи,
Вперед, скакун мой – Песня! Людей поторопи!
Не оставляй спокойными, тревожь умы, сердца,
Чтоб прошлое и новое познали до конца.

Уходит в поднебесье крылатая мечта,
Купаясь в ласках солнца с улыбкой на устах,
Пари в просторе синем, не бойся высоты,
Народ не любит робких, так будь отважной ты! (ауд. Б.Джилкибаев)

Қандай жағдайда болмасын түпнұсқа мен аударма тілінің тілдік ерекшеліктері сәйкес келе бермейді. Сондықтан түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіннің оның функционалдық стилі аудармашыға ерекше талап етуді қажет етеді. Бірақ, аудармадағы басты мақсат – қос тілдегі тілдік бірліктердің бір-бірімен байланысуы мен мағыналарын дәл келтіру. Осы орайда, аудармашы Б.Джилкибаев түпнұсқаның мағынасын, әуезін әсте кемітпей жеткізеді. Оның аудармасы түпнұсқа орыс тілінде туғандай әсер береді. Аудармада өлең ырғағы, екпіні дәл берілумен қатар, ішкі формасы да толыққанды сақталған.

Поэзиялық туындыларда мәтіннің тілдік ерекшеліктерге тәуелділігі шығарманың тек мазмұнына ғана емес, сыртқы пішініне де әсер етеді. Сондықтан да Қалжан Нұрмаханов «Түпнұсқа және аударма» деген мақаласында өлеңнің аудармаларында ұлттық және тарихи колоритті сақтай отыра аударудың үлкен жетістік екендігін айтады [4]. Көркем туынды мәтінін аударуда көбіне калька, транслитерация, ауызекі, аналогия, дәлме-дәл, барабар, мағыналы аудару тәсілдері қолданылады. Жалпы әдеби жанрлардың аудармасында еркін аударма тәсілін қолданылу көркем туындының екінші бір тілде еркін көсілуіне септігін тигізері белгілі. Себебі көркем туындының аудармасы оқырман қауымына түсінікті жеткізілуі тиіс. Міне, мұндай аударма қатарында Саят Илиясұлының аудармасын ерекше атап көрсетуге болады.

Пролог

Потоком бурным низвергаясь с гор,
Мой стих родных просторов жажду утоли,
И тот родник, источник чистых вод,
Пусть каждый куст и травку оросит.

Пирует, празднует вся степь сегодня
Ликующих людей несчастье обойди!
И в той толпе всем дышится свободно,
Ведь счастье здесь тепер, а горечь позади.

Так песнь моя, как гимн, вознесись
Крылатою мечтою моего народа,
Идущего вперед, став на ноги свои,
Ступая гордо по земле свободной.

(У дел же слабых быть в хвосте событий.) (ауд. С.Джансугуров)

Жоғарыда келтірілген Б.Джилкибаев пен С.Джансугуров аудармалары шығарманың мәтіні мен мәнмәтінін мейлінше терең түсінгендікті және соны қазақ ұғымына жат етпей, мейлінше жатық етіп бере білушілікті танытады. Мәселен, поэманың «Тасқында, тау суындай, көңіл жыры, Қазақтың сусындасын ойы – қыры» деген жолдарын М.Луконин «Поэзия моей души потоками бурли! Взгорий и степей жажду утоли!» деп тәржімелесе, Б.Джилкибаев «Бурлит потоком горным сегодня песнь моя, Неся прохладу в ближние и дальние края» деп аударып, аудармашылық жұмысына аса ұқыпты қарағаны байқалады. Осы жолдарды Саят Илиясұлы «Потоком бурным низвергаясь с гор, Мой стих родных просторов жажду утоли» деп аударып, түпнұсқаға біршама жақын келген. Тіпті дәлме-дәл көшірмесі іспетті. Қалай айтсақ та, осы үш аударма да өз орнында көркем-ақ. Бірақ, түпнұсқаға соның қайсысы жуық деп сұрасақ, сөз жоқ, Б.Джилкибаев пен С.Джансугуровтың варианттары жуығырақ жатыр. Себебі, бұл аудармашылар аударма жұмысын мейлінше терең меңгеріп, оған сапалы түрде адал қарағандықтан ақынның ішкі творчестволық дүниесіне терең ене алған.

Сонымен, түйіндей келгенде жоғарыдағы аудармалар «Құлагер» поэмасында суреттелетін негізгі оқиға желісінен ауытқымағандығы әрі І.Жансүгіров көксеген ойды аудармашылар терең ұққандығы айқын сезіледі. Аударма өнеріндегі осындай озық тәжірибелер бүгінгі аудармаларға үлгі болумен қатар, оны байытып отыр. Сондықтан «Құлагер» поэмасының аудармасы бір ақынның ғана меншігі емес, әлем халқының рухани дүниесіне айналды. «Құлагер» аудармасы арқылы ақын І.Жансүгіров жырлаған ұлт тілі байлығы, мәдениеті өзгеге танылды. Ал аудармашылардың аударма мәдениетінің жоғарылығы «Құлагер» поэмасына әлем әдебиетінде өзіндік орны бар өшпес ғұмыр сыйлады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Международные отношения, 1974. – 214 с.
2. Особенности перевода поэмы И.Джансугурова «Кулагер». Қазақ және әлем әдебиеті журналы, № 6. 2010. – 32 б.
3. Бельгер Г. Этюды о переводах И.Джансугурова. Алматы: Ғалым, 2001. С – 258.
4. Ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2001. – 245 б.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности перевода поэмы «Кулагер» И.Жансугурова. Языковая особенность и всесторонняя художественность в вариантах переводов поэмы «Кулагер» на русский язык. Оценивается мастерство использования языка переводчиками. А также рассматриваются стилистические и экспрессивные особенности языка в оригинале и в текстах перевода. В данной статье рассматриваются особенности перевода поэмы «Кулагер» И.Жансугурова.

Ключевые слова: безупречный перевод, методы перевода, образность, цель переводчика, поэтический перевод.

Annotation

This article discusses the features of a translation of the poem "Kulager" I.Zhansugurov. Language features and comprehensive artistry in translation for the poem "Kulager" into Russian. Ranked skill of using language translators. And also discusses stylistic and expressive features of the language in the original and in translation of texts. In given article is considered translation particularities in I.Zhansugurov s poem «Kulager».

Keywords: perfect translation, translation techniques, imagery, goal interpreter, poetic translation.

ӘОЖ 811. 76

М.МАҚАТАЕВТЫҢ КӨРКЕМДІК СТИЛІ

Амирбекова А.Б. -

*Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты
(Алматы қаласы)*

Аңдатпа

Мақалада М.Мақатаевтың идиостилі оның көркемдік әлем моделінің негізін салушы құрал ретінде қарастырылады. Ақынның шығармаларына лингвистикалық талдау әдістері ұсынылған. Әрт.рлі деңгейдегі тілдік бірліктер автордың түпкі ойын жеткізуде қандай қызмет атқаратыны талданады, поэтикалық мәтіндегі терең ойды танытудағы ерекшеліктері қандай екені анықталады. Поэтикалық мәтіндегі лингвистикалық метафоралардың бірегейлену мәселесі қарастырылады. Авторлық метафоралар мен концептуалдық метафоралардың өзара сәйкестігі мен сәйкессіздігі айқындалады, мәтіндегі лингвистикалық метафораларды анықтаудың әдістері ұсынылады.

Кілт сөздер: көркемдік әлем, метафора, бейнелі таңба, когнитивтік стиль.

Ғасыр ақыны атанған М.Мақатаевтың шығармалары мен тілі жан-жақты зерттеліп келеді. Ақынның көркем сөз тудыру тәсілдері де, өлең сөз құрылымына қосқан үлесі де, көркемдік шеберлігі де, көріктеуіш

құралдарды тудыру ерекшелігі де айқындалып келеді. Тілші, әдебиетші мамандар үшін бейнелі сөздің шебері ретінде жоғары бағаланатын М.Мақатаев заман ағымын талғамай-ақ көпшілік оқырман үшін тұшынып, сүйсініп оқитын сүйікті ақынына айналып келеді. Өлеңі мен өлеңіндегі идеясы өшпей, мәңгілікке қызмет етуінің басты құпиясы – ақынның жалпы метафизикалық ұғымдардың (өмір, өлім, тағдыр, ақыл, қайғы, қуаныш) көркемдік әлемін шебер жасау қасиетінде.

Ақынның көркемдік әлемін әрбір оқырман өздігінше, өзінің өмір жолымен салыстыра отырып түсінеді. Сондықтан ақынның айтпақ ойы мен оқырмандардың түсінгені дөп келе бермеуі мүмкін. Ең бастысы, ақынның өлеңдеріндегі құндылық – бір-біріне ұқсамайтын екі дүниенің үйлесімін тауып бейнелі сәйкестендіру. Осы құндылықты сезіне білген оқырман М.Мақатаевты сүйсіне де, сағына да оқиды.

Ақынның осы бір тұлғалық ерекшелігін, бейнелеу шеберлігін, өлеңдеріндегі бейнелі құндылығын, яғни ақынның көркемдік әлемін ашатын бейнелі сөздерін жинақтап, сөздік ретінде ұсынуды жөн көрдік. Сөздікте ақынның негізінен индивидуалды-авторлық метафоралары, оның ішінде бейнелі метафоралары, аталым метафоралары жеке-жеке берілді. Содан кейін ақынның шығармаларында жиі кездесетін өмір, өлім, тағдыр, жастық, кәрілік, балалық шақ, қайғы, бақыт ұғымдарын бейнелі түсіндірген концептілік метафоралары ұсынылды. Сөздіктің метафоралардан басталуы кездейсоқ емес. Себебі, ақынның бейнелі тіліндегі басымдылық осы метафоралық көріктеуіш құралдарға берілген. Одан кейін ақынның жеке бейнелі әлеміндегі теңеулері жинақталып берілді. Теңеулерінен кейін ақын тіліндегі индивидуалды қолданыстағы эпитеттері ұсынылды.

Ақынның бейнелеу шеберлігіндегі басты ерекшелік – жансызға жан бітіріп, жандыны жансыздандыру, адамзаттың мінезін табиғат құбылыстарымен теңеу, керісінше, табиғатқа тіл беріп, адамша әрекеттендіру. Осылайша бейнелеу тәсілдері арқылы ақын керемет перифраздарды дүниеге әкелген. Тағдырды қамшы ұстап, арба айдаған ұры арбакешке, өлімді Қорқыттың көріне, Күнді шашын бірде жайып, бірде түйген қызға ұқсатуы, күнделікті тіршілікті зырылдаған ұршыққа, өмірдің бақытты сәттерін жарқ еткен найзағайға телуі, өсекті қанден итке теңеуі, тағдырды балаққа жабысқан күшікке ұқсатуы ақынның жалпы адамзаттық стереотиптен тыс, эстетикалық стереотипте тану қабілетінен туындаған суреттемелерден жасалғанын байқаймыз.

М.Мақатаевтың көркемдік әлеміндегі жиі қолданылған бейнелі таңбаларды іріктеп алғаннан кейін, оның бейнелі сөздеріне лингвостилистикалық талдау жасауға әлдеқайда жеңіл болады. Себебі, жоғары аталған басты бейнелі таңбалар ақын тіліндегі метафоралық қолданыстарда да, теңеуде де, перифраз құрылымдарында да қолданысқа ие болған. Ең бастысы, аталмыш бейнелі таңбалар ақынның концептосферасын тануға үлкен мүмкіндік береді. Қорыта келгенде, ақынның көркемдік әлем жасау моделін анықтау арқылы оның бейнелі сөз жасау шеберлігін де айқындауға болады.

М.Мақатаевтың көркемдік әлем жасау моделін былайша танытуға болады:



М.Мақатаев шығармаларындағы метафоралар

М.Мақатаев көркемдік стилінде уақыт ұғымының құрылымдық элементі - **күн**. Автор танымында оның жылдам өту сипаты сынаптың физикалық болмысымен салыстырылады. *Сырғанап барасыңдар сынап-күндер*. Автордың осындай логикалық бейнелеу шеберлігінің нәтижесінде өзінің танымын, бағасын айқындауға болады. Мысалы мәтінде автор қазақтың кең байтақ жерін танымындағы стереотиптік таңбалар арқылы қара қазанға бейнелейді. *Қазақ жері - алып бір қара қазан, қазанда қайран ж ұртым қуырылды* [1].

Гарсиа Лорка поэзиядағы метафора туралы мынадай баға береді: «Мен үшін қиял – жаңалық ашумен синонимдес. Ал метафора – қиялдың өкіл баласы. Метафора кенет жарқ еткен интуиция мен алдын ала сезу қабілеттері арқылы қалыптасады. Поэтикалық қиял заттар мен құбылыстарды өздігінше өзгертіп, өздігінше байланыстырады» [2].

Демек, метафора – автор санасындағы логикалық операциялардың бейнелі көрінісін, ой тудыру моделін ұтымды бере алатын көріктеуіш құрал. Ақынның көркемдік стиліндегі метафораларды бірнеше түрге жіктеп қарастыруға болады:

1) **Аталым метафораларының** ерекшелігі бейнелеуші бейнеленушінің болмысын, ұғымын, мағынасын ашуға қызмет етеді. Мысалы, Адам – бір жыныс тоғай, Шабыт – дүлдүл, Жүрек – бозторғай, Найзағай - аспанның қоңырауы, Күз – диқаншы аға, Бозбала – бозбасы, Қазақ жері – алып бір кара қазан, Кеуде – жүрек сауыты, Кеуде – жүрек табыты, Кеуде – зындан, Жырым – науқастың сандырағы, Тау – шымылдық салбыраған, Күндестік – мыстан, Көкжал – малшының шақырылмаған қонағы, Жырым менің – шарайна, Дәуір – кеме, Комбайн – шаруа танк, Бөрі – әлсіздердің жауы, Аспан – көк күмбез, Тырналар – аспанның түйелері, Жылан тілі – сағат тілі, Қос бұрым – қос жылан, Жарты Ай – тозған таға, Реніш – қосылмас рельстер.

2) **Бейнелі - бағалауыш метафоралар.** Метафора арқылы модельдеу ұғымның автор танымындағы мазмұны мен оның интенциясын бейнелеуден туындайды. Демек дүниені модельдеудегі метафораның қызметі – ұқсас бейнемен ауыстыру; оның қолданылатын формалары – ақиқат дүниенің қасиеті, жағдаяты, әрекеті, белгілері. Метафора – таңбалық жүйеге негізделген тәсіл. Ол ұғым қалыптастыруда бейне арқылы модельдеумен қоса, бағалауыш, эмотивті, коннотаттық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Ожардың шарығы	Қайтер еді ожардың шарығына, Ашуымды қайтадан қайрап алсам
Өмірдің базары	Жұбата алмай біреуді бүгін тағы Жылап қайттым өмірдің базарынан
Кеуденің тас қамалы	Ал жүрегің, жүрегің тулап жатыр Қирата алмай кеуденің тас қамалын
Көңілдің пернесі	Мұңдасайық, Қос көңілдің пернесін бір басайық
Сарандықтың сарқыты	Сарқылмас берекенді үлестіріп, Сарқытын сарандықтың маған бердің
Кер үміттің кемесі	Әрі күттім амалсыз, бері күттім, Кемесіне жармасып кер үміттің Тайды қолым, құрдымға құлап түстім Мінемін деп бекерге желігіппін
Көңілдің архиві	Білмегенсің менің кім екенімді, Жетпесімді ауылға, жетерімді, Сәлем, аға, көңілдің архивінен Сен қалдырған бір тозаң көтерілді
Шыңның ақ сәлдесі	Алыстан ай кеп шыңдардың Ақ сәлдесін шешкенде,

Құздардың құндыз бөркі

Таулар!- деп ем

Тауларым байқамады

Жартастар таулар деп қайталады

Құндыз бөркі құздардың шайқалады

М.Мақатаев шығармаларындағы теңеулер

М. Мақатаев тіліндегі теңеудің басқа бейнелі сөздерден ерекшелігі салыстыру тура, айқын көрінеді. Ақын теңеулерінің бойында өткір ой мен әсерлі бейне астасып жатыр. Екі нәрсені теңестіріп, олардан ортақ белгі тудырып, бір мағынаны таңбалауын бақылай отырсаңыз, ақынның қандай сезімде, қандай әсерде болғанын, қандай ой айтпақ болғанын аңғарасыз. Ақынның салыстыру арқылы сипаттаған тәсілдері, яғни әрбір теңеуі оның нақ сол кездегі көңіл-күйін де байқатады. Демек, М.Мақатаев бейнелі сөздерді тудыруда, ойын көркемдеп жеткізуде жан-тәнімен сезімге бой алдырады.

Теңеу жасау басқа бейнелі сөздерге қарағанда оңай сияқты. Бірақ теңеуді қалыптастыру үшін метафора сияқты салыстыру мен ұқсатудың бір бөлшегі (компоненті) теңестіріліп қана қоймайды, теңеудегі сәйкестік тұтастай болуы шарт. Мысалы, М.Мақатаев қыстың күнгі аппақ қар көмген қыстау бейнесін бұққан қоянға теңеуі көз алдына елестеген екі дүниенің тұтастай алынған көрінісі арқылы суреттелген. *Бұққан қоян секілді қыстау жатыр, Бұғып алып таудың бір қойнауына.*

Ақынның күрделі теңеулеріндегі ортақ сипат-белгілер бірден анық көріне бермейді, бірақ қалайда оны жобалап түсінуге болады. Ол үшін өлеңнің тұтастай мәтінін оқи отырып, ақынның айтпақ ойын, сезімін сезіну арқылы тануға болады. Ақынның күрделі теңеулері сырт қарағанда бір-бірінен мүлде алшак, алыс тұрған нәрселерді, құбылыстарды жақындастырып, салыстыруға мүмкіндік береді.

М.Мақатаевтың теңеулерін бірнеше түрге жіктеп көрсетуге болады.

1. Дыбыс теңеулері санада қабылданған, сақталған дауыстарды басқа дыбыстарды ұқсату арқылы жасалған. Мысалы, *жетім жүрек бөрінің қанишығындай ұлиды. Жүрдек пойыз ботасыз өлген інгендей боздай берсін.*

2. Көру арқылы қабылданған теңеулер. Адамның сыртқы болмысын санада сақталған басқа көрініспермен теңестіру. Мысалы, жеңгесінің жанында жүрген бөтен еркекті қарғаның валетіндей деп сипаттауы. *Қарғаның валетіндей едірейіп, Қасыңа мына біреу қайдан келген? бір бірімен жалғасқан қырларды гармоньның қатпарына теңейді. Гармоньның қатпарындай қырлары, бір созылып, біресе қымтанады.* Тізілген қарағайларды сапқа тұрған солдатқа телиді. *Солдаттай сапқа тұрған қарағайлар.* Жұлдыздардың әсем көрінісін стадионға теңейді. *Жанып-сөнген, жанып-сөнген жұлдыздар іңірдегі стадион секілді.*

3. Дерексіз ұғымдарды нақты затпен теңеу. Мысалы, арманды жетелеу пойыздың рельсімен теңестіріледі. *Бар пойызды жетелейтін рельстей барлық жанды жетелемес бір арман.* Ақын өз тағдырын жүкті әйелге

теңейді. *Не туары белгісіз жүкті әйелдей Не болары белгісіз тағдырым – ай!* Сондай-ақ ақын өмірді жетімнің реңіне ұқсатады. *Өмірім – жетімектің реңіндей* Өлермен, кім біледі, еш белгім жоқ, *Белгісіз миллионның біреуіндей.* Ақынның үлкен суреткерлік шеберлігін, ақындық ойлау дүниесін, көркем бейнелеу стилін, теңестіру алшақ дүниелерді келістіру үлгілерін оның теңеу құрастыру әлемінен айқындап, көз жеткізуге әбден болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мақатаев М. Шығармалары . 4 томдық / М. Мақатаев. - Алматы : Жалын баспасы, 2001.
2. Гарсиа Лорка Ф. Самая печальная радость... Художественная публицистика. М., Прогресс, 1987.

Аннотация

В статье рассматривается идиостиль в качестве основополагающего средства построения художественной модели мира М.Макаева. Представлен метод лингвостилистического анализа произведения поэта. Обращается внимание на то, каким образом языковые единицы различных уровней способствуют реализации авторского замысла, формируют глубинные смыслы поэтического текста. Рассматривается проблема идентификации лингвистической метафоры в поэтическом тексте. Поднимаются вопросы соотношения «авторских» и «концептуальных» метафор, проводится анализ методик выявления лингвистических метафор в тексте.

Ключевые слова: художественный мир, метафора, образные знаки, когнитивный стиль

Annotation

The article discusses idiostyle as a fundamental means of the artistic world model M.Makataev. We present a method of linguistic and stylistic analysis of the works of the poet. Draws attention to the way in which linguistic units of different levels contribute to the implementation of the author's intention, formed deeper meanings of the poetic text. The problem of identification of linguistic metaphors in the poetic text. Questions of the relation "copyright" and "conceptual" metaphors, the analysis techniques identify linguistic metaphors in the text.

Keywords: art world, metaphor, figurative signs, cognitive style

ГЕСИОД – ДИДАКТИКАЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Г.Б.Тоқшылықова -

*Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы*

Аңдатпа: Мақалада көне дәуірдегі грек әдебиетінің архаикалық кезең өкілі, дидактикалық поэзияның негізін салушы Гесиодтың «Еңбектер мен күндер», «Теогония» атты поэмаларына талдау жасалады. Гесиод шығармаларының уағыздаушылық, тәрбиелік бағытта жазылуын ақынның өмірлік жолымен байланыстыра көрсетеді. Ақын өміріндегі, жалпы дүниетанымындағы ең маңызды нәрсе – еңбек екендігі сараланады.

Кілт сөздер: дидактика, тәрбие, еңбек, эолий, олимпиялық құдайлар, миф

Гесиод шамамен алғанда б.з.б. VIII-VII ғасырларда өмір сүрген ежелгі грек ақыны. Гесиод – антика дәуірінің анық белгілі болған алғашқы тарихи тұлғасы деуге болады. Оның есімі бізге толық сақталған «Еңбектер мен күндер» және «Теогония» атты поэмаларымен танымал. Осы аталған екі поэма б.з.б. VII-VI ғғ. грек әдебиетіндегі дидактикалық және генеологиялық жаңа бағыттың негізін салды. Гесиодтың туған жылы және дүниеден өткен жылдары белгісіз. Антикалық эпиграммалардың бірі – «дана Гомердің отаны болуға жеті қала таласты» деп басталады, яғни бүкілеуропалық әдебиеттің көшбасшысы болып есептелетін Гомердің отаны болуға жеті қала, ал кей деректерде он қала таласады. Ал Гесиодтың дүниеге келген жері жөнінде ешқандай талас жоқ. Ол өз әкесінің Эгей теңізі жағалуында, Лесбос аралының оңтүстік-шығысында орналасқан эолийлық Ким қаласында дүниеге келгендігін «Еңбектер мен күндерде» жазып қалдырған. Гесиод Кіші Азиядағы Кимде, нақтырақ айтқанда, Эолида деген жерде дүниеге келген. Әкесі саудамен айналысқан. Бірақ, бар мүлкінен айрылғаннан кейін Грекияға көшіп, Беотия деген жерде орналасқан Аскра елді мекеніне қоныстанады. Бұл Геликон тауының етегіне орналасқан қысы суық, жазы қатты ыстық, шаруашылыққа қолайсыздау жер болатын. Жастайынан қиындықты, жоқшылықты көп көрген Гесиод ауыр жұмыс пен кедейліктің не екенін біліп өседі. Әкесінің қазасынан жолы болмай, үнемі сәтсіздіктерге ұшырап жүреді. Себебі, әкесі қайтыс болғаннан кейін артында қалған жер иелігін Гесиодтың туған бауыры Перс тартып алады. Бұл жайға Гесиод қарсы болып, келіспеушілік білдіргенімен, Перс сот мүшелерінің аузын алып, істі өз пайдасына шешкізеді. Мұнан кейінгі ағайындылардың қарым-қатынасы бізге белгісіз. Бірақ Гесиодтың «Еңбектер мен күндер» поэмасында өз бауырын адал еңбек етуге, жақсылыққа шақыруын зерттеушілер екі ағайынды жігіттің татуласқандығы деп түсіндіреді.

«Еңбектер мен күндер» – біздің заманымызға дейін жеткен гректің дидактикалық (уағыздаушылық) поэмасының жалғыз үлгісі. Ол ақынның бауыры Персті тәрбиелеу үшін жазылған дүниедей болып көрінеді. Бірақ, бұл адресатқа қарата сөйлеу – тек дидактикалық дәстүрдің ерекшелігі болып табылады. Шын мәнінде поэма қалың бұқараға бағытталған болатын. Көптеген ғалымдар пікіріне сүйенсек, Гесиодтың «Еңбектер мен күндер» поэмасының сюжеті ақынның өз өмірімен тығыз байланысты. Туындыда ақынның Перс есімді бауырымен арасындағы қарым-қатынасы жырланады. Әкесінен қалған мұраны бөліскенде Перс оны сазға отырғызып кеткен болатын. Бірақ, бар уақытын сауық-сайранмен, көңіл көтерумен өткізген Перс аз күнде барынан айрылып, кешірім сұрап Гесиодқа келеді. Бізге жеткен деректер поэманың Гесиодтың өз қолымен жазылған, төлтумасы екендігін айтады. Шығарманы басқаша «Адал еңбек» деп те атайды. Себебі, поэмада Перске арналған: «Жұмыс істеуден шаршама, ақылсыз Перс!», «бір жұмысты бітірсең, басқасына кіріс!» деген сөздер жиі кездесіп отырды. Ақын айтайын деген ойын поэмада алуан түрлі тәсілдермен жеткізеді. Оның негізгі мақсаты – бұқара халыққа адал еңбектің арқасында ғана игілікке қол жеткізуге болатындығын дәлелдеу болады. Ол өмірдің игілігін тек еңбек арқылы ғана иеленуге болды деп сенді. Адам баласы ерінбей, көп еңбектену қажет деп білді, себебі бұл ауыр жұмысты Прометейдің әрекеті үшін Зевстің жіберген жазасы деп түсінді.

Гесиодтың өз бауыры Перске шын жүректен айтқан тәлімі, ережелері мен сақтық шараларын табу сөздермен, наным-сенімге қатысты сөздермен жеткізуі шығарманы тартымды ете түседі. Мысалы: Мөлдір бұлақтың ішінде тазарудың алдында нимфаларға сыйынуды ұмытпау керек; құрбандық шалар алдында дәрет алу қажет; құдайға сыйынған уақытта жалаңаш тұруға қатаң түрде тыйым салынған; дастархан басында тырнақ алуға болмайды; үйленген кезде өз арманыңды құстарға айтып, құдайларға жеткізу үшін оларды ұшырып жіберу қажет; адал еңбекпен тапқан байлық артық; еңбек еткен ұят емес, жұмыссыздық ұят; аш қалғың келмесе, жұмыс істе т.б. Мұнымен қоса, автор еңбегінде қасиетті күндер тізімі де көрсетілген. Атап айтқанда, болашақ ұл баланың дүниеге келуіне, астықты жинайтын, малдың жүнін қырқуға қолайлы, жабайы бұқаны қолға үйретуге әсер ететін белгілі күндері болатындығын, яғни сәтті күндерді жазып отырған. Жер иеленушінің еңбегін суреттегенде ақын түрлі кеңестер беріп, күнтізбелік тәртіп бойынша күндерге жіктеп береді. Ақын қай күндері аңға шығу сәтті болатындығын, қай уақытта астық жинаудың қолайлы екендігін де көрсетіп отырады. Мейлі шаруашылықта болсын, ақын көзқарасы бойынша «бақытты», «бақытсыз» күндер болып отырмақ. Ақын үй шаруашылығына сондай-ақ көршілермен байланысқа қатысты да ақыл-кеңес беріп отырады. Мысалы оның поэмасында «тек қолы ашықтарға ғана бер, бермейтіндерге ештеңе берме» деген сөздер кездесіп отырады. Гесиод осы еңбегі арқылы кең танымал болды. Кейде тіпті атағы эпик ақын Гомерден де асып түсіп отырған. «Еңбектер мен күндер» поэмасында Гесиод моралист және жер өңдеу еңбегінің ақыны ретінде танылады. Кей деректерге сүйенсек, оның орта

шаруалы жер иеленуші болғандығы, құл ұстап, жалдамалы адамдар еңбегін пайдаланғанымен, егістіктегі негізгі жұмысты өз қолымен істегені аңғарылады.

Антика әдебиетінің тарихын зерттеушілер Ф.Г.Волькер, Ф.Зольмзеннің пайымдауынша, Гесиодтың аты эолий тілінде қойылған. Эолий тілінде «Айсиод» деген сөз «жыршы», «жырау» деген мағынаны білдірген. Гесиод өз шығармаларында эолий диалектісін қолданған. Гомер екеуі айтысқа түскенде де, Гесиодтың эолий тілінде сөйлеуі мүмкін деген пайымдамаға сүйеніп, зерттеушілер Гомер де эолий тілінде сөйлеуі мүмкін деген болжам айтады. Гесиод мықты шешен болды. Эпикалық сарындағы өлеңдерді жырлады. Өз шығармаларында кішіазиялық батырлық эпостың тілі мен стилін, әдісін қолданып отырды. Өз заманының абызы іспетті бұқара халықты өлеңдері арқылы бірлікке, ынтымаққа, әділдікті сүюге шақырып отырды.

Бізге жеткен деректерде айтылғандай, әскери жорықта қайтыс болған Халкид патшасы Амфидаманттың (Амфидем) құрметіне Панед патша үлкен ас беріп, түрлі жарыстар ұйымдастырады. Бұл жарысқа Гесиод та қатысып, оның басты қарсыласы атақты Гомер болды. Бір таңқаларлығы Гомер мен Гесиодтың айтысы туралы дерек біздің заманымызға дейін сақталған. Екі ақын арнайы шақырумен Эвбейге барып, Амфидамант патшаны жерлеу кезінде айтысқа түскен. Ол жөнінде грек ақыны Плутарх егжей-тегжейлі жазып кеткен. Ақындар айтысында Амфидаманттың інісі Панидтің шешімі бойынша жеңіс «соғыс пен жаугершілікті» жырлаған Гомерге емес, «еңбек пен диқаншылықты» дәріптеген Гесиодқа беріледі [1]. Бұл оқиғаны Гесиод «Еңбектер мен күндер» поэмасында жазып қалдырған. Яғни: «Алдын-ала шақырылып, Амфидамант патшаның құрметіне өткізілген айтысқа қатысу үшін Халкидке бардым. Ұлдары мол сыйлық атаған екен. Бас бәйгеге тіккен құлақты аспалы ошақты жеңіп алып, Геликон музаларына сыйға тарттым» деп баяндайды. Жоғарыда айтылғандай, жеңіс Гесиодтың еншісіне бұйырды, себебі жарыстарды ұйымдастырған Панед патша Гесиод орындаған «жер өңдеу ісі және бейбітшілік» мазмұнындағы жырларына оң қабақ танытты. Ал керісінше, Гомердің «жаугершілік шапқыншылықтар» туралы жырларына қарсы болды. Осы әрекеті үшін Панед патша грек мақал-мәтелдерінде «ақыл-есі төмен адам» бейнесінде сипатталады. Себебі, грек халқы әрдайым эпик ақын Гомерді ерекше құрметтеген. Ақындар жарысының өткен уақытын жуықтап шамамен б.з.б. VIII-VIIғғ. деп есептегенде, бұл Гесиодтың өмір сүрген кезеңі жөнінде маңызды мәлімет береді.

Жалпы, айтыс өнері түркі халықтарына тән делінгенімен, Кіші Азияда эолийлер арасында да ол жақсы сақталған. Эолийлықтардың шешендік, жыршылық өнері жақсы дамып, ол гректер арасына кең тараған. Гесиод шын мәнінде мықты ақын әрі шешен болды. Бұл жөнінде «Теогония» поэмасында былай деп жазады: «Жас кезімде күн көру үшін мал бақтым. Бір күні көз алдыма геликондық нимфалар келіп, менің бойыма құдіретті өлең шығару қабілетін сіңдірді. Сонымен қоса қасиетті лавр ағашынан жасалған таяқ сыйлады» деп жазады. Яғни, Геликон баурайында қой бағып жүргенде

музалар Гесиодқа лавр бұтағын ұсынып, оны насихат өлеңдерін шырқайтын ақын ретінде жариялайды.

«Теогония» еңбегі жазылған уақыты бойынша Гесиодтың ең алғашқы еңбегі, ол – «әлемнің жаратылуы, әлемді жаратушы құдайлар мен көзсіз ерліктер жасап, артында өшпестей із қалдырған батырлар туралы барлық гректік түсініктерді жинақтауға тырысқан «құдайлардың шежіресі» іспетті туынды [2]. Алғашында Гесиод жазып, жарық көрген, бірақ бізге жеткенше қосымша мәліметтер мен өзгерістер енгізіліп, толықтырылып отырды. Шығармада құдайлар жайында толық баяндалған. Филологтар «Теогония» поэмасында жалпы саны 270-ке жуық өлеңдер бар деп есептейді. «Теогонияның» кіріспесі (1-116 беттер) музаларға арналған үндеулер жазылған үш тараудан тұрады. Ортаңғы бөлімінде (117-964 беттер) – әлемнің хаостан жаралғаны жөнінде айтылады (Гесиод үшін хаос тұңғықты білдіреді). Ежелгі тәңірлерге Хаос, Жер және Эрос жатады. Ең алдымен хаостан бір мезгілде стихия және басқа да жаратылыстар – Гея (Жер), Уран (Аспан), Тартар (Жерасты әлемі), сонымен бірге даму мен көбеюдің қозғалыс күші Эрос; Уран мен Гея одағынан көптеген титандар және Крон мен Рея; Жерден аспан, таулар, теңіздер және басқа да табиғат құбылыстары пайда болды. Содан соң Уранмен арадағы одағынан он екі Титанға, үш Киклопқа (кей мәліметтерде Циклоп деп беріледі), тау сияқты зор, жүз қолды үш алыптар – гекатонхейрларға жан беріледі. Уранның билігі біразға дейін жалғасты. Ол өз балаларының бәрін Жердің терең түнегіне қамап тастады. Бұған олардың анасы Жер қатты азаптанып, өз балаларын Уранға (әкесіне) қарсы шығуға үгіттегенімен, ешқайсысы әкелеріне қарсы бас көтере алмайды. Дегенмен баласы Крон мен оның әйелі Рея екеуі оны тақтан түсіреді. Тек Крон ғана айлакерлігімен, өз әкесіне қарсы шыға алды. Сол уақытта әйел құдай Түн Кронды жазалау мақсатында сұмдық құдайлар тобын: ажал құдайы – Танатты, араздық пен ұрыс-керіс құдайы – Эриданы, алдау құдайы – Апатаны, құрту, жою құдайы – Керді, ауыр түс көргізетін ұйқы құдайы – Гипносты, жасаған қылмысы үшін ешқашан кешірім бермейтін зұлым құдай – Немесиданы т.б. жаратты. Олар жер бетіне көптеген бақытсыздықтар мен қайғы-қасіретті, алдап-арбауды, жамандықтарды алып келді. Ұрпақтар арасында қанды шайқастар жиі болып отырды, бұл Крон мен Зевс арасында да қайталанды. Әкесіне қатыгездік жасап, билігін тартып алған Крон өз балаларым да маған сатқындық жасайды деп қорқып, дүниеге келген балаларын жұтып қойып отырды. Бес баласынан бірдей айрылған Рея қатты қапаланып, соңғы алтыншы баласы Зевс дүниеге келгенде, қулық ойлап Кронға баланың орнына жаялық ішіне сопақша тас салып апарады. Бұған мән бермеген Крон бала деп ойлап, әдеттегідей жұта салады. Аман қалған Зевсты анасы Рея өз әкесі Уран (Аспан) мен шешесі Геяның (Жер) кеңесі бойынша Крит аралына апарып, онда Зевсты хор қыздары Адрастея мен Идея екеуі күдіретті ешкі Амалфеяның сүтімен асырап өсіреді. Ал кішкентай Зевс мазасызданып жыласа, оның даусын әкесі Крон естіп қалмас үшін куреттер (баланы қорғап, желеп-жебеуші жартылай құдайлар, абыздар) қолындағы қалқандарын

семсермен ұрып, даңғырлатып отырды. Зевс өсіп, ержеткенде өз әкесі Кронды жұтып қойған балаларын құсып шығаруға мәжбүр етеді. Сөйтіп, Зевстың апалары құрбандық оты мен үйдегі қазан-ошақ құдайы – Гестия, егіншілік пен молшылықтың құдайы – Деметра, неке мен жанұя бақытының құдайы – Гера; ағалары – теңіз құдайы – Посейдон, қара түнек жер асты, өлім патшалығының құдайы – Аид бостандыққа шығады. Билік үшін өз әкесін тақтан тайдырған Зевс барлық титандарды биліктен айырып, өз ағаларымен бірге бүкіл әлемге үстемдік орнатты. Зевстың билігі дана, әділ болды. Нәтижесінде құдайлар мен адамдардың әкесіне, патшалардың патшасына айналды.

Құдайлар грек жеріндегі биік тау – Олимпті мекен етті. Олар құрамында мәңгілік күш-қайрат сыйлайтын, қартайтпайтын қасиеті бар амброзиямен қоректенді және тек нектар ішті. Биік тау басында олар сән-салтанат құрып, билік жүргізіп отырды. Зевс адамдарға көптеген сыйлықтар беріп, заңдар шығарып, жер бетіндегі тыныштық пен тәртіптің болуын қадағалап отырды. Үнемі Зевстың жанында ол ерекше құрметтейтін тәртіп пен заңның бұзылмауын, сот әділдігін бақылап отыратын ақиқатты жақтаушы әйел құдай – Дикэ мен заңдарды бақылап, сақтап отыратын әйел құдай – Фемида тұрады. Олармен қоса, Зевстың тағдырын да шешетін әйел құдайлар – мойралар да осы Олимп тауын мекен етті. Мойралар – аяушылық дегенді білмейтін, тағдырдың қатыгез құдайлары. Олар ағайынды үш құдай: Клото, Лахесис, Атропос. Клото – адам өмірінің ұзақтығын тоқып отырды. Тоқығанда ол адам баласына жаны ашып, үзіліп кетпесін, ол ұзақ өмір сүрсін деген ниетпен тоқыған жоқ. Сондықтан оның тоқымасының жібі қашан үзілсе, сол уақытта адам баласы өмірімен қоштасты. Ал Лахесис болса, әр адамның маңдайына жазылған жеребені көз салмастан суырып алып, беріп отырды. Құмыра ішіне салынған жеребенің сыртындағы «бақытты», «бақытсыз», «баянды», «баянсыз» деп адам тағдыры жазылған жеребені беру барысында Лахесис ешкімге ықылас білдіріп, жанашырлық танытқан жоқ. Еш көз салмастан қатігездікпен алып беріп отырды. Ал ол берген жеребені ешкім өзгерте алмады. Атропос болса өзінің апа-сіңлілері айтқан қатал тағдырын ұзақ тізімге енгізіп отырды. Ал тағдыр тізіміне енген дүние орындалмай қалмайды. Біздің халқымыз айтатын «пешенесіне жазылған тағдыр», «маңдайына жазылған» деген сөздер де осы ұғымға келіп саяды. Зевс – аспан мен жердің құдайы, «бұлт шағылыстырып, найзағай ойнатқыш» шексіз еркіндікке ие жалғыз құдай болса, Аполлон – білім мен жарықтың, ғылым мен өнерге табынушылардың құдайы; Асклепий – дәрігер; Артемида – аңшылық; Афина – қалаларды сақтаушы, ақыл мен еңбек; Гермес – саяхат пен сауда, өнертапқыштар; Арес – соғыс; Афродита – сұлулық пен махаббат; Эрот – махаббат; Гефест – от; Дионис – шарап; Пан – табиғат; Танат – өлім; Персефона – өсімдік құдайы болды. Гректер өз құдайларына көптеген құрбандықтар шалып, түрлі мерекелер ұйымдастырып отырған. Олардың Олимп тауының етегінде құдайлардың құрметіне төрт жылда бір рет өткізіп отырған спорттық жарыстары кейін барлық елге үлгі болып, ол халық арасында олимпиада деп аталды. «Теогония» шығармасында қарапайым

өмірге қажетті ақыл-кеңестер, адам өмірін басқаратын құдайлар жайлы, олардың өз араларындағы қақтығыстар мен сан қырлы, қызықты оқиғалар жайлы толыққанды мәлімет беріледі деп айтсақ қателеспейміз.

Көне дәуірлерден бізге жеткен ежелгі грек мифтері терең мағынасымен, көркемдік құдіретінің ерекшелігімен адамзатты таңқалдыруын қоймайтын шын мәніндегі асыл мұралар екендігін таныған белгілі жазушы Төлен Әбдіков көптеген грек мифтерін қазақ тіліне тәржімалап, оқырмандарға түсінікті қарапайым тілмен баяндап жазған еңбегі «Эллада ерлері» деген атпен 1977 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген.

«Теогония» шығармасы стилінің өзгешелігімен ерекшеленбейді. Әрбір өлең жолының бірінші бастама сөздері бір құдайдың есімімен басталады немесе мифтерге толық түсініктеме беріліп отырады. Ал «Еңбектер мен күндер» шығармасының стилі әрқилы. Мұнда мифтер, үндеулер, мысалдар мен өсиет әңгімелер, насихат сөздер кезектесіп келіп отырады. Поэманың бірінші жартысында «еңбек» туралы да, «күндер» туралы да ештеңе айтылмайды. Тек музаларға, бауыры Перске арналған үндеулерден тұрады. Сонымен қатар Зевс пен Прометей арасындағы оқиға толық суреттеліп, онда Гесиод қарапайым адамдарға Зевстан от ұрлап алып берген Прометей әрекетін қолдамайды. Керісінше, басқалар «адамзат жарылқаушысы» деп таныған Прометейдің кесірінен, бүкіл халық құдайдың қаһарына ұшырап, бақытсыздыққа тап болды деген ой айтады.

Осы айтылғандарға қоса, Гесиод адамзаттың тегін ғасырлардың ауысып отыруына байланысты төрт кезеңге бөледі. Біріншісі – алтын кезең, екіншісі – күміс кезең, үшіншісі – мыс дәуірі және қазіргі адамзат өмір сүріп отырған дәуірді темір дәуірі деп атайды. Ал шығарманың соңғы бөлімі миф деуге келмейді, мұнда болмыс шындығына көп орын беріліп, ақын ішіндегі мұң-шер кеңінен суреттеледі [2]. Өз дәуіріндегі адам баласының басындағы бақытсыздықтар мен қасіреттер суреттелген. Ақын ата-анасын, ағайын-жұртын сыйламайтын балалар пайда болды, алдыңғы орынға шындықты айту арқылы емес, күш көрсету арқылы келген ұрпақ көбейді деп жырлайды.

Орыс зерттеушісі В.Н.Ярхо Гесиодтың «Теогония» еңбегін жазуы тегін емес, ол туған жері Беотияның көптеген мифтермен байланыстылығында деп түсіндіреді. Мифке сүйенетін болсақ, Фивы қаласының әрбір тасы аңыздан өрілген. Қаланы тұрғызуға Зевстың ұлдары Амфион мен Зет те атсалысқан; Амфион Зевстың немересі Ниоба сұлуға үйленеді. Бірақ Ниоба өз тәкаппарлығынан қатты азап шегеді. Астамсып, ешкімді менсінбей менменсіген, өркөкірек Ниобаны Аполлон мен Артемида жазалап, оның көздің жауын алғандай сұлу, өрімдей ұл-қыздарын бірінен соң бірін садақпен атып өлтіреді. Фивыда Лабдакидтер әулетінің үш ұрпағының трагедиясы өтеді: Лай патша, оның ұлы Эдип пен немерелері Этеокл мен Полиниктің өлімі Софоклдың «Фивыға қарсы жетеу» әңгімесінде айтылады.

Гесиод шығармаларының уағыздаушылық, тәрбиелік бағытта жазылуын зерттеуші М.Иманғазин ақын өмір сүрген заман талабы деп түсіндіреді. «Қоғам мен заман талабы бірге өрістесе, ертеде айтылып жүрген эпикалық шығармаларға тек адам тәрбиесіне қажетті материал есебінде қарайтын кезең

туындағанда, мифологиялық шығармалар екінші қатардан орын алған кезең Гесиодтың заманында да болған. Архаикалық кезеңде мифтік шығармалардың көтеретін аса ауыр салмағының бір бөлігі, бұл – ру-тайпалық одақтардың пайдасына шешілу мақсатында, өз ата-бабаларының тегі сонау тәңіріе-құдайлардан бастау алатындығын таныту, елге мойындату еді. Енді бұл үрдістің бірте-бірте әлсіреп, саналы қоғам қалайда өзінің ата-бабасына жүгінуден гөрі, тіршілік қамын күйттеп, еңбек арқылы өмір сүруді көздеген кезеңде, мифологиялық ой-санадан арыла бастайды. Міне, осы тұста тәрбие-дидактикалық әдеби шығармаға қажеттілік туындағанда, Гесиод өзінің дидактикалық шығармасын жазды» [3].

Гесиод шығармаларын талдап, түйіндей келе, зерттеуші В.Н.Ярхо: «шындығында оның поэмалары Гомер поэмалары секілді батырлық эпосқа жатпайды, дидактикалық (уағыздаушылық, үйретуші) поэмалар болып табылады. Ал дидактикалық поэмалар үшін сюжеттің бірізді болуы немесе оқиғаның жүйелі дамуы міндетті емес, бірақ өлең өлшемі (гекзаметр), тілі, лексикалық тәсілдері көп жағдайда сол қалпында қала береді» деп қорытады [4].

Б.з.б. VIII ғ. аяғы мен VII ғ. басында материктік Грекияда рулық қауымдастық ыдырап, әлеуметтік жіктелу күшейіп, байып алған ақсүйектер (ірі жер иеленушілер) орта және ұсақ жериеленушілерді құлдыққа салып, қанай бастады. Гесиодтың оппозициясы осыдан келіп шығады. Ол қанша әділетсіздіктер жасалып жатса да, ешқандай жауапты талап етпейтін өз заманы мен әділетсіз пайымдаулар мен қорытындылар жасайтын соттарды сөгеді. Егер Гомер шынайы өмірден алшақтап, миф әлемін жырласа, Гесиод кәдімгі жер бетіндегі қарапайым өмірді жырлайды. Ол жер иеленушінің өнімсіз, қиын еңбегін суреттейді. Гесиод діндар, тіпті ырымшыл адам болған. Бірақ оның өмірдегі, дүниетанымындағы ең маңызды нәрсе – еңбекке деген өте жоғары құрмет. Өзінің ақыл-кеңестері мен пайымдауларын ол мысалдармен, мифологиялық сипаттағы суреттермен бейнелеп отырады. Мысалы, «Бұлбұл мен қаршыға» туралы мысалында қолындағы билікті өз мүддесі үшін ғана пайдаланатын күштілер әлеміне қарсы шығудың еш мағынасыз екендігін айта отырып, қарапайым халықты оған көне білуге, шыдай тұруға, яғни тәуелділікке шақырады. Ақынның қоғамның әділетсіздігіне деген өкпе-наласы, соттардың екіжүзділігін әшкерелеп отыруының өзі әлеуметтік күрес актысы болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ақынның «Еңбектер мен күндер» поэмасы әлеуметтік қарсылықтың құнды әрі тарихи ескерткіші іспетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тренчени-Вальдапфель И. Гомер И Гесиод // Пер. под ред. В.И.Авдиева. М., 1956. -356 с.
- 2 Ярхо В.Н. Гесиод и его поэмы. М., 2001. -253 с.
- 3 Гесиодтың өмірі мен шығармашылығы және ондағы қазақы сарындар. «Айт» журналы, 2006, №2, 17-21б.

4 Гесиод. Полное собрание текстов. Теогония. Труды и дни. Щит Геракла. Фрагменты. М., Лабиринт, 2001. – 278 с. // В.Н.Ярхо. Гесиод и его поэмы.

Аннотация:

В статье рассматриваются поэмы «Теогония», «Работы и дни» представителя древнегреческой литературы, архаического периода, основателя дидактической поэзии Гесиода. Пишется что написанное автором в назидательных, поучительных и воспитательных целях поэмы напрямую связано с жизнью и деятельностью. А также говорится что главным смыслом его жизни и мировоззрения является труд.

Ключевые слова: дидактика, труд, воспитание, эолий, боги Олимпа, миф.

Abstract:

This article discusses the poem "Theogony", "Works and Days" representative of ancient Greek literature, the Archaic period, the founder of didactic poetry of Hesiod. Words that the author wrote in edifying, instructive and educational purposes of the poem is directly related to the life and activity. And also said that the main purpose of his life and worldview is labor.

Keywords: didactics, labor, education, eoly, the gods of Olympus, the myth

ӨОЖ 378.016:821.512.122.

**ЖАЗУШЫ - ДРАМАТУРГ САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВТЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ**

ИБРАЕВА А.Д.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға
оқытушысы, филол.ғ.к*

ШИНАЛИЕВ Н.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 4-курс студенті

Түйіндеме: Мақалада қаламгердің шығармашылық әлеміне қатысты мәселелер сөз етіледі. Тақырыптан бастап, материал жинау, оны өңдеу, көркем шындықпен өмір шындығының арақатынасы қарастырылған. Протип пен көркем бейне, қолжазба және шығарманың түрлі нұсқаларының арасындағы ерекшеліктердің барлығы қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне әкелетіні қарастырылған.

Түйін сөздер: шығарма, тақырып, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана

Сафуан Шаймерденов – тереңге бойлатар туындыларымен танылған классик жазушы. Алғашқы көркем шығармасы «Болашаққа жол», кейіннен «Мінез», «Мезгіл», «Жыл құсы», «Мәжнүн тал» , «Ағалардың алақаны» атты әңгіме-повестер жинақтарымен оқырман қауымның жүрегіне шуақты нұр мен терең талғамды тебіреніс орнатқан әдебиет жүйріктерінің бірі.

Суреткердің көркем туындысына негіз болатын жазу идеясы туғаннан бастап, нүктесі қойылған уақыт аралықтарын қамтитын кезең шығармашылық зертхана болып табылады. Бұл ұзақ процесті жазушы қалай жүргізді? Өмірге көркем туынды әкелген таланттың туындысы жөнінде қандай қыр-сыры, ашылмаған жайттары бар? деген секілді сауалдарға Сафуан ағамыздың творчествосынан іздегенді жөн көрдік. Айтылған процес тақырып таңдау, материал жинау, жиналған деректі салыстырып, қорыту, өмір шындығы мен көркем шындық, көркем бейне, жазу машығы мен өңдеп толықтыру секілді құбылыстарды қамтиды.

«Жазушының өмірі қиын, шытырман болған сайын, өмірбаяны бай болады» демекші, көз көріп, құлақ естіген, түйсікпен сезінген дүниені жазу әлдеқайда ұтымды. Өмір құбылыстарын саралағанда, өмір шындығын зерттегенде тақырып таңдау ерекшелігі жазушылық үрдістің қиын белесі болып табылады. Тақырыпқа З.Қабдолов: «Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып деп атар едік» [1/75] деген анықтамасын назарда ұстай отырып, жазушы С.Шаймерденов өзінің өмірдегі бастан кешкен дүниесін, әсер еткен тұстарын саралап, тақырып етіп таңдайтындығын мынадай сөздерінен танимыз. «Осы күнге дейін жазып келгендерімнің бәрі де не өзі мені іздеп тапқан, немесе ел аралап жүріп, ойда жоқта өзім кездестірген тақырыптар» [2/9].

Әр жазушының материал жинау құбылысы әртүрлі. Біреу талмай ізденгеннің нәтижесінде қалталы қоржынына дерек жинаса, енді біреу ойда – жоқта кез келген, көз көрген жағдаяттарды материал етіп алады. Кейінгі аталған жағдайға жазушы С.Шаймерденовтың мына сөздері дәлел бола алады. «Жыл құсы» атты повесімнің тақырыбымен мен ойда жоқта кездестім. Бұл шығарманың басты қаһарманы Битабар Елбаев өмірде болған адам. Ол 1885 жылы қазіргі Жезқазған облысының Жаңа-Арқа ауданында дүниеге келіп, сол жерде – Иманақ тауының бауырында 1964 жылы жетпіс тоғыз жасында қайтыс болған. Ол, шынында да, түйе көтерген, құдыққа түсіп кеткен сиырды суырып алған ерен адам. Мен онымен 1950 жылы наурыз айының алтысы күні «Лениншіл жас» газетінің тапсырмасы бойынша ел аралап жүріп, Иманақ тауының бауырындағы шарқы шағын Бірлік атты колхозда кездестім. Биекең сөзге сараң, біртоға адам болса керек, көпке дейін сұрақтарыма бар-жоқ деп, тоқ етерін айтып үнсіз қалып отырды. Кейін ақсақал көңілінің кілті ашыла қалған кезде қағаз – қарындаш алсам, қытығына тиіп, қисайтып алып жүрмес пе екем деп әңгімесін тек отырып тыңдадым» - деп, [2/7] повеске керекті материалды, прототиптің өз аузынан естіген дүниесі көркем туындының арқауы болғанын айтады.

Творчество адамына кездескен өмірдегі жайттар, жүздескен жүздер, айтылған әңгімелер әсерлендіріп, көңілін толқытқан жағдаяттарды материал етіп алады. Ондай айтылған әңгімені естігеннің бірі неге жазбайды? Осы тұста адамның ой қырағылығы керекті материалды дөп басады. «Бірде жолым түсіп Алматы облысының Кеген ауданына бардым. Кездескен адамдардың бәрі мынадай қызық бір оқиғаны айтып бергені:

күзде қой отарлары таудан қыстауға қарай көшкенде бір шопанның иті жоғалып кетіпті. Әрі іздеп, бері іздеп шақыра – шақыра таппаған соң, қасқыр жедіге жорыпты да ол байғұс көшіп кете берген. Қыс өтеді. Келер көктемде әлгі шопан бұрынғы үйреншікті ізімен таудағы жайлауға келе жатса, былтырғы қой жусатып, дем алған бір жерінен иті шыға келіпті. Өкпелегені сондайлық, шақырса келмейді. Жақындаса, үреді де шегіне береді. Бұған не болған деп бақса, шопан иті көшкен жұртта ұмыт қалған ескі тонды күзетіп қысты өткізіпті. Жазылар повестің кілті осы оқиғадан кейін табылды» - деп, [2/9] қарапайым әңгімеден көркем туынды жасауда өз өмір жолында жолыққан құбылыстарды материал етіп алғандығын көрсетеді.

Жазушының жұбайы Бағдат апамыз Сафуан ағамыздың өмірі, шығармашылығы туралы сұхбатында: «Сафуанның романындағы Инеш пен Мәулен арасындағы махабат хикаялары басымыздан өткен дүниелер, өмір шындығы. Романның өмірге келуіне өзіміз бастан кешкен көп жайттар әсер еткені жасырын емес» - деп С.Шаймерденовтың көркем туындыға қажетті дүниені, өмір шындығын материал етіп қолданатынын нақтылай түседі.

А.Фадеев әдебеттік (жазушылық) процесті 3- кезеңге бөліп қарастырады.

1. Жазушының материал жинау кезеңі.

2. Жинаған материалды қорыту – ойлану.

3. Қорытылған материалды жазу кезеңі.

Жазу машығы осы аталған кезеңдердің соңғысын қамтиды. Біреулер: күнде жазу столына отырып еңбектенсең, туындыңды жақындатып, «жазып бітіресің» деген күнделікті отырып жазу машығын мақсат тұтады. Ал қайсыбір жазушылар көңіл құсының, шабыт құсының шарықтап, құйқылжи келіп қона қалатын кездерінде ғана қолына қалам ұстайды. Ұзақ ойланып, көкіректегі ойын көркем бір лепті қуат қысқанда қағаз бетіне қалам жүгіртетін жазушылардың бірі – С.Шаймерденов.

«Шабыттың құсы басқа жақта шалықтап жүрген кезінде өзімді өзім зорламаймын. Жазу столына келіп отырамын, ештеңенің ыңғайы келмесе, тұрып жүре беремін. Өзімді-өзім күштеу деген менде жоқ мінез» - деп шабытсыз жазу процесін ары қарай жылжыту мүмкін еместігін айтады [2/20].

«Жас кезімде түнде отырып жазушы едім. Өйткені, түнде істеген жұмыс өнікті келеді. Қазір өйте алмаймын. Жыл мезгілінен, әсіресе, көктем айлары ұғымды. Шабыттың құсы жыл құсы емес, шынтуайтқа келгенде маусым талғамайды» - деп шабыт, құштарлықтың мезгіл таңдамайтынын атап көрсетеді.

С.Шаймерденов көркем туындысын жазуға кеткен уақыт аралықтарын нақты көрсеткішпен көрсетеді. Ой өзегінде қорытылып, салыстырудан өтіп, көңілде жүріп тербелген дүние тез жазылатындықтан, жазушы: «Менің ойлануым, толғатуым ұзақ. Ал пісіп жеткен дүниелерді тіпті де тез жазамын. Айталық, он тоғыз жыл толғатқан Битабар хикаясын мен бір жарым айдың ішінде жазып тастадым. «Инеш» романының бірінші жартысы екі жыл жазылса, қалған жартысы екі жарым айда тәмамдалды. «Мәжнүн тал» он төрт күнде, «Қыр гүлі» атты пьесам үш күнде дүниеге келген. Ал отыз бес жыл ойдан шықпаған «Дөкей келе жатыр» комедиясының «Сары Ағаш»

санаториінде ем-дом қабылдап жүргенімде бас- аяғы жиырма күнде соңғы нүктесі қойылған» [2/20] деп жазуға құрылған материал тізбектерінің санада, ой өзегінде пісіп жетілдіріп жазатындығын айқындай түседі.

Ой өзегінде материалдың (көп туындының) бір-бірімен қатпарласа, жарыса пісіп жетілетіндіктен, қайсысы жарық дүниенің есігін бірінші ашатынын уақыт-төрешінің еншісінде қалдырады: «Шынымды айтсам қазір басымда көп жылдан бері мазамды кетіріп жүрген, бірақ илеуі қанбаған жиырма шақты әңгіменің, он шақты повестің тақырыбы бар. Олардың қайсысы қай уақытта жарық дүниеге келеді? Оны келешек көрсетеді» [2/20]

Көркем әдебиеттің қоғамдағы маңызы: оқырманын, оқушысын эстетикалық талаптарға тәрбиелеп, өмір құбылыстарын танытумен қатар жұмбақ жатқан шындықты ашып береді. Өмір шындығынан бет алып дамитын көркем шындық жазушы санасында біте қайнасып жатады. Олай дейтін себебім, көркемдік еркіндікте жасалатын шындық жазушының фантазиясы мен ұшқыр логикасының нәтижесінде көрініс табады. Авторымыздың жазушылық процесіндегі шындық-өмір дерек, өмір деректің қиялға өрбуін ғалым Қ.Ергөбек «Арыстар мен ағыстар» атты еңбегінде: «Сафуан Шаймерденов шығармасының бір ерекшелігі, өмірлік дерек бар. Жазылуына себепші болған жағдайлар – жазушының өзі көрген, бастан кешкен оқиғалар болып шығады» - деп, шындық деректің орнын көрсетсе, «жазушы шығармасы әу баста өмірлік бір дерек, болған жайға табан тірейді де келе-келе көркемдік арнасына бет бұрады»[3/34] дегенін дерек арқылы қиялдың көркемдікке ие болуы деп түсінеміз.

Осы орайда С. Шаймерденов: «Өмір шындығы әдеби шындыққа тәуелді емес. Ал әдеби шындық өмір шындығына тікелей тәуелді. Өмір шындығына сүйенбеген, содан нәрленбеген шындықтың бәрі жалған»- дей келе, «Жыл құсы» атты повесінің басты кейіпкері Битабарды көркем шындыққа былайша негіздейді: «Бұл повестегі басты қаһарман Битабар Балуан Шолақпен күрескен, ит жығысқа түскен балуан. Бұл 1903 жылы Иманак тауының бауырында өткен оқиға. Битабар онда он сегіз жаста, ал Балуан Шолақ болса отыз сегізге қараған шағы. Мен мұны Битабардың аузынан естідім. Жалған деп күдіктене алмаймын. Өйткені, мен білетін Битабар мақтануды білмейтін адам. Екіншіден, сол Биекең әңгімесін сол кездесуде бірге болған, әлгі 1903 жылғы оқиғаның куәгері сексен жастағы Жұмаділда қарт растаған-ды. Бұл өмір шындығы. Өмір шындығы осылай екен деп, Битабарды Балуан Шолақпен күрестіріп, ит жығысқа түсіруім керек пе? Иен күштің иесі, әнші- сері Балуан Шолақпен белдесіп, тең түскен Битабардың оқырман алдында беделі өсер ме? » - деп жазу процесінде сұрақ қоя отырып, көркем шындықты былай суреттейді: «Балуан Шолақтың киелі жағасына қол апарғызбай Битабардың кісілігін таныттым (кітапта Балуан Шолақ Битабарға түйе көтергені үшін бата береді). Соған орай теке жәуміт арғымақты сыйлаттырып Балуан Шолақтың да ұлылығын паш еттім. Дән риза болған Битабар бұл жерде сыпайылық білдіріп, жорға тізгінінің қолы тиген ғана жерін сүйіп алып, алғысын айтады » [1/19].

Автор көркем туындысын жазуда, яғни жазу процесі белгілі өлшемге келмейтін, үнемі динамикалық үдерісте болатындықтан қалам тартқан шығармасы өзгеріске ұшырап отырады. Мұндай құбылыс мынадай жағдайларда көрініс табуы мүмкін: а) материал жинақталып, толығып, молайған жағдайда, б) бір жазушы (адам) ақыл- кеңес бергенде в) бір автордың көркем туындысын оқи отырып, әсерленген жағдайда.

Жазушы С. Шаймерденов «Инеш» атты романын аяқтауға жақын қалғанда оқылған көркем туындының әсерінен болған өзгерісті былай көрсетеді: «Творчестволық жолымның бастауында маған қатты әсер қалдырып, еліктіріп әкеткен бір жазушы болған. Ол – Юрий Трифонов. Мен «Инеш» романын аяқтап қалған кезде осы жазушының «Студенттер» деген повесі жарық көрді. Лиризмге тұнып тұрған, шуақты көктем күнінің бояуындай жұмсақ та тартымды туындыны оқығаннан кейін кейбір концепциямды өзгертуге, кейбір кейіпкерлерімді қайта мүсіндеуге мәжбүр болдым» [2/17].

Және де проза жанрында драматургия саласында елеулі еңбек еткен С. Шаймерденов туынды үшін драматургияның, сахнаның жоғары талап – тілегі болуынан мынадай өзгерісті мысалға келтіреді. ««Ит ашуының» бас кезінде қырғыз Сәршеннің қаншығымен Марғаудың ылығысып қалатын жері бар. Мен басында мұны жай күлкі үшін, Айғанның еркектер туралы айтар әзіл-пікіріне тиек болсын деп ғана алған едім. Осы тұста драматургияның – сахнаға мылтық ілінсе атылуға тиіс, шеге қағылса, ең болмаса біреу асылып қалуға тиіс, - деген қағидасы түсті. Кейінгі бір эпизодқа Сәршеннің Қырғыны Марғаудың баласы болып орынымен суреттелуі, соның арқасында бұл көріністің ойнап кетуі драматургияның әсері» - деп, [2/ 15] повесттің сахнаға лайықты болуын көздеп, туындысының өзгерген тұстарын байқатады.

Айта кетейік, С.Шаймерденов шығармашылығында романның аты өзгерген тұсы бар. Алғаш романын «Болашаққа жол» деп атап, кейіннен романдағы кейіпкердің есімімен яғни, «Инеш» деп атаған болатын. Не себепті? Романның аты оның басқа да тұстарына кері септігін тигізеді ме? Бұл сұраққа жазушы былай жауап береді: «Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде оқыған жылдар бейнесін «Инештен» табуға болады. Осы романның әуелгі аты «Болашаққа жол» болатын. Оған пікір айтқандар «тым жалпылама, өте айқайлап тұр» деп ақыл-кеңестерін ортаға салды. Несі бар, кеңесіп пішкен тон келте болатын ба еді?! Роман «Инеш» деген атпен жарияланып жүр» [4/356] дегенін өзі өмір сүрген дәуірде қазақ классиктерінің (элиталарының) айтқан ақыл –кеңесін мақұл көруі деп білеміз.

«Адамды идея емес, идеяны адам ашады» деп теоретик-ғалым З.Қабдолов айтпақшы, көркем туындының ой салар идеясын жазушы шығарманың кейіпкері арқылы беріп отырады. Прототип-кейіпкердің өмірдегі бейнесі. Образды ашқан кейіпкердің шын болмыстағы прототипі жазушы үшін аса маңызды және жете таныс. Көркем бейнеге ұласып, жинақталған типтік тұлғаны танытуда автор көркемдік қиялмен орайластырады. С.Шаймерденовтың «Жыл құсы» атты туындысындағы

Битабар өмірде болғанын, автордың ол кісімен сұхбаттасқанын жоғарыда айттық.

Ал «Инеш» романындағы Инештің протатипі – Сафуан ағамыздың жары Бағдат Шаймерденкеліні. Бұған ағамыздың жары берген сұхбатындағы мына сөздер дәлел бола алады: ««Инеш»-сенің протатипің. Саған арнаймын дейтін-ді»[5/52].

С.Шаймерденов қазақ классиктерін, қазақ халқы биіктен көрер тұлғаларын ұстаз тұтқан. «Менің қазақ әдебиетіндегі ұстаздарым – Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов. Бейімбеттің реализмі, Мұхтардың қазақ сахарасындай кең құлашы мен тереңдігі, Сәбиттің халықтығы, Ғабиттің астарлап сөйлейтіндігі, юморы ұнайды. Ал Сәкеннің нақтылығына басымды исем де болады. Бірақ, бір қызығы, өзіме ұстаз тұтқан осы жазушылардың біріне де мен еліктеген емеспін»[2/16].

Сафуан Шаймерденов - қазақ әдебиетінде елеулі еңбектерімен өз орнын, өз бағасын алған биік талғамды жазушы. Дәуір көрінісін, уақыт бедерін, жүріп өткен жолын, бастан кешкен қилы шытырман оқиғаларын материал етіп, қоғамдағы проблемалық жағдайды өз туындыларында көрсетіп, жастана оқитын шығармаларын өмірге әкелген әдебиет майданының жауынгері. Жазушының шығармашылық (лабораториялық) зертханасы тереңін бойлап, асылын тере түсетін ізденіс - еңбекті қажет ететін, қыр- сыры ашылмаған қатпарлы тұстары да оқырман қауымға белгілі [6/]. Мол ізденісті керек ететін Сафуан Шаймерденовтың шығармашылық зертханасы өскелең жас ғалымдардың назарына ілігіп, тың ғылыми дүниелерді жарыққа шығарарына әбден сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. З.Қабдолов, «Жебе», Алматы, Жазушы, 1977ж.
2. С.Шаймерденов, Шығармалар жинағы, 2 том, Алматы, Жазушы, 1997ж.
3. Қ.Ергөбек, «Арыстар мен ағыстар», Астана, Таным, 2003ж.
4. С.Шаймерденов, Шығармалар жинағы, 3 том, Алматы, Жазушы, 1999ж.
5. Б.Шаймерденкеліні, «Жақсы жар бола білу - өнер», «Ерке-Нұр» журналы, №2, 2008ж.
6. Ибраева А.Д. Жазушының шығармашылық шеберханасының ерекшеліктері // ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы 2014 № 2.

Аннотация:

В статье рассматривается проблемы творческого лаборатории писателя. Определение темы, сбор материалов из разных источников, превращения жизненной правды в художественную правду, поиски в изучении характера персонажа – все эти уровни произведения показывают свойственный писателю художественный почерк.

Ключевые слова: произведения, тема, художественная особенность, творческая лаборатория.

Abstract:

Input a word in the article the problem of the creative laboratory of the writer. Definition of the topic, the collection of materials from different sources, transformations truth of life in the artistic truth, the quest to explore the nature of the character - all these works show the typical levels writer artistic handwriting.

Keywords: artwork, theme, art feature art laboratory.

УДК: 930:394

ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ ПОВСЕДНЕВНОСТИ

Абеннов Д.Е. – магистрант 2 курса

г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, институт магистратуры и PhD докторантуры, факультет гуманитарных наук, кафедра истории и культуры Казахстана

abenov.daniyar@bk.ru

Аңдатпа

Мақала тарихнаманың күнделікті тарихына, Еуропада, Ресейдегі білімнің жаңа ағымда пайда болуына арналған. "Анналов" мектебіндегі зерттеулерге, герман-итальян мектептеріндегі жаңа көзқарастарға, ресейлік және советтік ғалымдардың микро тарихи зерттеулеріне ерекше көңіл аударылады. Автордың зерттеуге алып отырған негізгі мәселесі: әлемдік білімдегі екі тарихи түсініктемеге негізделеді.

Кілтті сөздер – тарихтану, күнделікті өмір, микротарих, «Анналы» мектебі, жұмысшылар табы, «кішкентай адам».

История повседневности возникла не в XX веке, а еще в период древних веков, но свое развитие она получила в 1960-х годах, где в результате спора возникло понятие истории повседневности. Перед историками стали вопросы, как объяснить поведение простого человека? Все ли можно понять в истории, если обращать внимание только на общие процессы и явления [1].

Сам термин «повседневность» был использован З. Фрейдом в 1904 в книге «Психопатология повседневной жизни» [2]. Бродель ввел это понятие в широкий научный оборот. Признавая, что само название «далеко не идеальное обозначение» сути повседневной истории, «принятое за неимением лучшего», Людтке считает, что оно оправдывает себя как «краткая и содержательная формулировка, полемически заостренная против той историографической традиции, которая исключала повседневность из своего видения» [3].

Возникновение истории повседневности как самостоятельной отрасли изучения прошлого произошло в конце 60-х гг. XX века в рамках историко-антропологического поворота в мировом гуманитарном знании [4]. Впервые антропологический подход был использован в изучении прошлого

французскими историками М. Блоком [5] и Л. Февром, которые рассматривали реконструкцию повседневности как элемент воссоздания истории в ее целостности [6]. Их сторонники группировались в 1950-е гг. вокруг журнала «Анналы». Продолжатели традиции первых двух поколений школы «Анналов» ставят в центр своих исследований общую реконструкцию «картины мира» определенной эпохи, социума, группы. Приверженцы данного направления пытаются проникнуть в сознание людей, их внутреннюю, духовную жизнь, и поэтому история как наука приобретает новое измерение, которое условно можно назвать «историей изнутри» [7].

Классиком в этой области считается историк-социолог Норберт Элиас с его работами "О понятии повседневности", "О процессе цивилизации", "Придворное общество". Н. Элиас говорит о том, что человек в процессе жизни впитывает в себя общественные нормы поведения, мышления и в результате они становятся психическим обликом его личности, а так же, что как форма человеческого поведения изменяется в ходе общественного развития.

Так же Элиас пытался дать определение "истории повседневности". Он отмечал, что нет точного, четкого определения повседневности, но он пытался дать определенное понятие через противопоставление неповседневности. Для этого он составлял списки некоторых способов применения этого понятия, которые встречаются в научной литературе.

Немецкий исследователь А. Людтке отмечал, что история повседневности фокусируется на анализе поступков тех, кого называют «маленькими, простыми, рядовыми людьми», на «детальном историческом описании их душевных переживаний и воспоминаний, любви и ненависти, тревог и надежд на будущее» [3]. По мнению А.Я. Гуревича, историк в состоянии завязать диалог с людьми иной культуры и эпохи, пытаясь проникнуть в строй их мыслей и чувств, в тайны их сознания [8].

Особую значимость имеет микроисторическое направление в истории повседневности. Зарождение микроистории относится к концу 70-х гг. XX столетия. Данный подход получил распространение в германской и итальянской историографии. У истоков микроистории стояли такие историки как Карло Гинзбург, Эдуардо Гренди, Карло Пони и др. Исследователи «призывали молодое поколение переориентировать научные труды и обратить все силы на изучение микроисторий отдельных рядовых людей или их групп, носителей повседневных интересов, а также проблем культуры как способа понимания и обобщения повседневной жизни и поведения в ней» [9].

Новое понимание прошлого родилось как история снизу, дав голос «маленькому человеку», сделав интересным для потомков его поведение и жизненные ориентиры. В 1980 – 1990-е гг. германо-итальянская школа микроисториков расширилась. Ее дополнили американские исследователи, сторонники новой культурной истории, также некоторые представители третьего поколения школы «Анналов» (Ж. Ле Гофф, Р. Шартье).

С этим влиятельным направлением мировой исторической науки российская научная общественность познакомилась только в середине 1990-х

гг. На русский язык были переведены программные статьи крупных теоретиков и практиков: К. Гинзбурга, Д. Леви, Э. Гренди, Х. Медика, Ж. Ревеля. Большая заслуга в популяризации микроанализа в исторических исследованиях принадлежит Ю.Л. Бессмертному, который в течение ряда лет руководил семинаром по истории частной жизни в Институте всеобщей истории РАН. С 1997 г. он и его коллеги стали выпускать альманах «Казус: индивидуальное и уникальное в истории» [10].

Следует отметить, что микроистория как самостоятельное направление исследований и метод реконструкции прошлого еще находится в стадии становления. Для нее характерна неопределенность понятийных формулировок, дискуссии в отношении предмета, сферы применения микроанализа, о соотношении микро – и макроподходов.

Например, ученые по-разному понимают сущность микроподхода, Н.Б. Лебина полагает, что микроисследование – это, прежде всего метод, в котором главное выбрать типичный объект, а в дальнейшем экстраполировать полученные на микроуровне выводы на совокупность макроявлений. Для Дж. Леви микроистория означает «не разглядывание мелочей, а рассмотрение в подробностях». По мнению, И. М. Савельевой и А. В. Полетаева, микроистория изучает мелкие объекты, не занимаясь рассмотрением явлений в подробностях [11].

Значительное место занимают специальные исследования по истории рабочего класса СССР. Советские историки уделяли значительное внимание изучению положения рабочего класса. Но специфика методологии и партийный диктат приводили к тому, что официальная история рабочего класса приходила в противоречие с реалиями настоящего. Стержнем истории советского рабочего класса считалось его неуклонное поступательное движение к социализму и коммунизму [12].

Основное внимание исследователей было направлено на рассмотрение источников пополнения рабочего класса, на количественные и качественные изменения в его рядах (повышение образовательного уровня и профессиональной подготовки, культурный и духовный рост, улучшение уровня жизни). Исследовательскую базу источников составляли документы высших партийных и государственных органов власти, статистические источники.

Важно отметить, что в каждом исследовании давался достаточно подробный историографический обзор. Наряду с этим, выходили специальные работы, посвященные непосредственно историографии рабочего класса.

Кроме монографических исследований, было опубликовано большое количество специальных статей, освещавших проблемы образования, технического творчества и охраны труда рабочих [13].

Весомый пласт историографии представляют региональные исследования, в которых на основе большого количества архивных материалов рассматривались вопросы численности, повышения уровня образования и технических знаний, уровня жизни рабочих.

В современной казахстанской историографии проблемы истории повседневности не исследуются как отдельное научное направление. Имеются работы, которые лишь затрагивают отдельные аспекты повседневности. В работах казахстанских демографов М.Х. Асылбекова, А.Б. Галиева, В.В. Козиной рассматривается демографическое развитие региона в послевоенные годы. Вопросы питания, продовольственного снабжения, уровня и качества жизни городского населения Центрального Казахстана частично были затронуты в трудах Ж.Б. Абылхожина, З.Г. Сактагановой, посвящённых социально-экономическому развитию Казахстана.

Стоит отдельно остановиться на специальных исследованиях, посвященных движению за коммунистическое отношение к труду [14]. Советские историки, конечно, больше писали о положительных моментах в развитии движения за коммунистический труд, но многие исследователи отмечали и недостатки: такие как погоня за массовостью, формализм в присвоении званий, недостаточное внимание к повышению культурно-технического уровня, к воспитанию людей в духе коммунистической морали. Наиболее полный историографический обзор проблемы был дан в монографии Е.Э. Бейлиной.

Монография Б.А. Грушина [15] отличалась тем, что выводы автора строились на основе опроса 500 лучших коллективов коммунистического труда, проведенного в августе-ноябре 1961 г. Автором были сделаны важные выводы о характере движения за коммунистический труд и особенностях массового сознания того времени.

Данным вопросом активно занимались и региональные исследователи, уделявшие основное внимание роли партии в развитии соцсоревнования.

Крушение официальной истории рабочего класса произошло в период перестройки и гласности. Исследователи начали отмечать низкую производительность труда, безразличие к производственным обязанностям, безынициативность, отклонения в трудовой этике, растущее пьянство в рабочей среде. Прежняя история рабочего класса стала считаться реликтом советского прошлого. Какие-либо разработки в той области из престижных превратились в крайне не популярные [16].

Именно историки повседневности сделали изучение каждодневных обстоятельств работы, мотивации труда, отношений работников между собой и их взаимодействий с представителями администрации темой «новой рабочей истории» и новой истории труда, ставших впоследствии самостоятельными «историями» [17].

Предметом исследования историков стали не ключевые исторические события или великие идеи, а повседневная жизнь простых людей, изменения в их жизни и изменения в них самих вместе со временем. Речь идет о «маленьких людях», безымянных участниках исторического действия, не всегда создающих историю, но испытывающих на себе сокрушительную силу ее колеса [18].

Таким образом, в мировой науке существуют два понимания истории повседневности: как реконструкция ментального макроконтекста

событийной истории, и как реализация приемов микроисторического анализа.

Список использованной литературы:

1. История через повседневность: новый ракурс преподавания истории XX века 17/11/2009 // <http://www.urokiistorii.ru/learning/method/2009/11/istoriya-cherez-povsednevnost>
2. Фрейд З. Психопатология обыденной жизни. СПб., 1997
3. ЛюдткеА. Что такое история повседневности? Ее достижения и перспективы в Германии // Социальная история. Ежегодник. 1998/1999. М., 1999. С. 77
4. Пушкарёва Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности // Этнографическое обозрение. 2004. № 5. С. 3.
5. Блок М. Апология истории, или Ремесло историка. М., 1986.
6. Вамбольдт Н.В., Шубина М.П. Повседневность в истории // Электронный научный журнал. Вестник Омского государственного педагогического университета. Выпуск 2006
7. Гуревич А.Я. Всеобщая история: Дискуссии, новые подходы // Вып. 1., М., 1989, с.75-89
8. Гуревич А.Я. О кризисе современной исторической науки // Вопросы истории. 1991. № 2–3. С. 26.
9. Пушкарёва Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности. С. 7.
10. Шлюмбом Ю., Кром М., Зоколл Т. Микроистория: большие вопросы в малом масштабе // Прошлое – крупным планом: Современные исследования по микроистории. СПб., 2003. С. 21.
11. Савельева И.М., Полетаев А.В. Микроистория и опыт социальных наук // Социальная история. Ежегодник. 1998/ 99. М., 1999. С. 114.
12. Смирнов А.В. Главный источник нашей силы: рабочие промышленности СССР 1945 –1970 гг. М., 1984. 200 с.
13. Разуваева Н. Н. Старые концепции и новые подходы: рабочий класс СССР в исторической литературе // Вопросы истории. 1988 . № 1. С. 49 - 61
14. Фельдман М.А. Формирование трудового коллектива Уралмашзавода в 30-е гг. XX века. <http://hist.usu.ru/dais/articles/4/Feldman.doc>.
15. Грушин Б.А. Четыре жизни России в зеркале опросов общественного мнения. Очерки массового сознания россиян времен Хрущева, Брежнева, Горбачева и Ельцина в 4-х книгах. Жизнь 1-я. Эпоха Хрущева. М., 2001. 624 с.
16. М. А. Фельдман Рабочие России в начале XXI в.: на пороге социального государства. <http://ural-yeltsin.ru/usefiles/destiny/Feldman.doc>
17. Пушкарёва Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности. С. 12.
18. Оболенская С.В. «История повседневности» в современной историографии ФРГ // Одиссей: Человек в истории. М., 1990. С. 184.

Аннотация

Статья посвящена историографии истории повседневности, от возникновения нового течения науки в Европе к появлению ее в России. Особое внимание обращается на исследования школы «Анналов», новые взгляды германо-итальянской школы, исследования российских и советских ученых микро истории. На основе проведенного исследования автором предлагается два понимания истории повседневности в мировой науке.

Ключевые слова – историография, повседневность, микроистория, школа «Анналов», рабочий класс, «маленький человек».

Abstract

Article is devoted to a historiography of history of daily occurrence, from emergence of a new current of a science in Europe to emergence it in Russia. The special attention addresses on researches of school of the "Annals", new views of the germane-Italian school, research of the Russian and Soviet scientists of micro history. On the basis of the carried-out research by the author two understandings of history of daily occurrence in a world science are offered.

Keywords – historiography, daily occurrence, micro history, school of the “Annals”, working class, “little person”.

УДК 373.091.64:82

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАЙЫ

Бағыбаева Назгүл Меделханқызы -

Абай атындағы қазақ Ұлттық университеті Магистратура және PhD докторантура институты (Қазақстан Республикасы Алматы қаласы)
bagybaeva78@mail.ru

Аңдатпа

Мектеп оқулықтарындағы әдебиет терминдерінің қолданылу аясы бұрын-соңды айтылып келгенмен, зерттелмеген мәселе. Терминдердің сөздерден, сөз тіркестерінен келіп ғылым саласына тән белгілерге ие болатынын, сол сияқты кейбір терминдердің өзге тілдерден еніп, қазақша баламасы бола тұра сол тілде қолданылу жайы сөз болады. Оқулықтардағы термин мәселесі сөз болғанда белгілі ғалым А. Байтұрсынұлының салып кеткен терминдеріне сүйену қажеттігі, ал сол терминдердің әлі күнге қолға алынбау мәселесі айтылады.

Кілт сөздер: оқулық, термин, әдебиет, мектеп, бағдарлама, т.б.

Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданылатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым ретінде А. Байтұрсынұлы осы

ғылым саласындағы негізгі ғылыми ұғымдардың атауларын да алғаш жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою өте күрделі жұмыс. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы сияқты талаптар тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға яғни жасауға емес, қабылдауға мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің термин шығармашылығында терминдерді пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен ғалым [1, 34].

Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстанды деп ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан терминдердің елеулі бөлігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдерін оқытуға арналған көмекші құрал жазған Ш. Жалмаханов «Тіл-құрал» еңбегінде 310 терминнің қолданылғанын, солардың ішінде 118-і қазіргі тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі қолданылмайды деп көрсетеді [2.35].

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы ғұламалардың бірі. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М. Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды» деген болса, әдебиетші ғалым Р. Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп: «... қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» деп әділ көрсетеді. Сонымен, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

«Тілдің міндеті - ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адамы табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» - деп тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз [3.46].

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтама) берген. Ол дегеніміз - ғылыми ұғымның өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, 7-сынып оқушыларына арналған әдебиет оқулығында кездесетін *өлең, тармақ, бунақ*,

буын, ырғақ, шумақ деп аталатын өлең жолдарына қатысты атаулар А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында»: *Айшықтың* әрбір тақтасы *шумақ* деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні *шумақ* болады, әр *шумақта* бірнеше *тармақ* болады. Тармақ дегеніміз - өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше *бунақ* болады. Бунақ дегеніміз - өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде *буын* болады деп көрсетеді. Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-тұрпатын - А.Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған, үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (*айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын*) жасаған, төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (*модель*) сөздерді термин ретінде пайдаланған, бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, *айшықтың шумақтан, шумақтың тармақтан, тармақтың бунақтан, бунақтың буыннан* құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымның табиғатын танытқан. «*Айшық*» деген атаудың да «Өлең кестесі айшық деп аталады» деп берілуі әдебиет оқулығында (қазақ әдебиеті 9-сынып) «Айшықтау дегеніміз - сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру» деуінің өзі түп негізі А.Байтұрсынов еңбегінен алынғанын көрсетеді. 9-сынып оқулығындағы «Айшықтаудың бір түрі - *арнау*. Арнауың *жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау* деген түрлері бар. *Жарлай арнау* - ақынның жеке адамға емес, жалпы жұртқа жария кеңесуі» деп жарлай арнауға мысалды Абай өлеңінен береді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың...

Ал, А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «*Әсерлеу* деп сөздің әсерін күшейтіп сөйлеуді айтамыз. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты тыныш күйінде тұрғандығы адамның аузынан шыққан сөзбен көңіл көтеріңкі я бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды. Әсерлеудің асылы осыдан шығады. Әсерлеудің көбінесе айтылатын түрлері мынау: 1. *Арнау*. 2. *Қайталақтау*. 3. *Шендестіру*. 4. *Дамыту*. 5. *Түйдектеу*. 6. *Бүкпелеу*. 7. *Кекесіндеу*. Арнауың өзі үш түрлі болады: *Сұрай арнау, Зарлай арнау, Жарлай арнау*» - деп келіп осылардың әрқайсысына мысалдар келтіре отырып мазмұнын ашады. Жарлай арнауға жоғарыда оқулықтағы Абай өлеңінен мысалды келтірсек, Ахмет оқулығынан "Маса" өлеңін көруге болады:

Бұл сөзге құлағың сал ақын, інім,
Ой, пікір, рухымыз жақын, інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім!

Бұл салыстырулардан көретініміз, мектеп оқулығында кездесетін терминдердің (арнау: *сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау*) түп негізі, беретін мағынасы, келтірілген мысалы А.Байтұрсынов салып кеткен терминдер екені, тек бұл ғана емес бұдан басқа қанша терминдердің негізін қалағанын аңғаруға болады.

Әдебиет оқулығындағы терминдерді құрамына қарай алып қарасак, *дара терминдер, күрделі терминдер* деп екіге бөлуге болады. Оған мысалды келтірілген терминдерден алып қарайық. Дара терминдерге *әдебиет, би, шешен, идея, прототип, ирония, сатира, шендестіру, айшықтау, риторика, сюжет, образ, кейіпкер, т.б.* жатқызсақ, күрделі терминдерге *сәулет өнері (архитектура), мүсін өнері (скульптура), сурет өнері (живопись), сөз өнері (музыка және әдебиет), қайталаудың түрлері: жай қайталау, еспе қайталау, арнаудың түрлері: жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау, шешендік сөздер, оның түрлері: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау, т.б.* жатқызуға болады. Шешендік сөздің түрлері *кеңесу, билік* - дара терминдер, *салтанатты сөз* - күрделі термин.

Терминнің негізгі бір ерекшелігі - ол белгілі ғылым саласындағы қалыптасқан нақтылы ұғымды өзінің шегінен ары-бері асырмай, дәл танытады. Әдетте сөз әр орайда әрқилы мағына берер болса, терминде тұрақты бір мағыналық басым болады. Мұның өзі айтылған ойды дәлдеп жеткізу үшін және оны бұлтартпай сол қалпында түсіну үшін аса қажет.

Әдебиет оқулығындағы терминдер мағыналық ауқымы, сыйымдылығы жағынан әр алуан. Әдеби ұғым-термин бірде әдебиетте бейнеленетін өмірге байланысты өте ірі, күрделі құбылыстарды танытады. Мысалы, *көркем өнер, жазба әдебиет, көркемдік әдіс (романтизм, реализм), әдебиеттің идеялылығы, халықтығы, әдеби жанр (эпос, лирика, драма), әдеби процесс* сияқты күрделі, әрқайсысы сан салалы, әр қырлы, мыңдаған нақтылы әдеби фактілерге қатысы бар ұғымдар. Бұлар - әдебиет теориясы тұрғысынан қарағанда, категориялық мәні бар ұғымдар. *Мазмұн мен түр, көркемдік шындық, көркем бейне (образ)* секілді бірталай ұғымдар әдебиетке де, көркем өнердің басқа салаларына да ортақ. Мұндай терминдерді жеке ұғым ретінде алып отырмыз, ал бірақ олардың мағынасын ашу үшін ондаған, жүздеген әдеби шығармаларды талдап көрсету қажет болар еді. Бұдан біз терминге қысқаша анықтама бергенде осындай күрделі ұғымдардың басты өзгешелігін айқындау міндеті ғана қойылатынын аңғарамыз. Сонымен қатар, *өлең өлшемі, шумақ, тармақ, ұйқас немесе мақал, мәтел, жұмбақ, теңеу, кейіптеу, әсірелеу* сияқты терминдерді алсақ, бұлардың мағыналық сыйымдылығы басқаша екенін көреміз. Бұл ұғымдарда нақтылық басым. Қандай термин болсын, белгілі бір құбылысты, ерекшелікті танытатын атау түрінде алып қарағанда нақтылық сипат алады да, ал әдебиеттегі сол құбылыс-өзгешеліктерді тереңдеп зерттегенде күрделілік қасиеттері ашыла береді.

Мағыналық жағынан бірін-бірі толықтыратын, бір-бірімен тығыз байланысты екі ұғымды білдіретін жұптас терминдерді бөліп қарауға болады. Мысалы, *мазмұн мен түр, дәстүр мен жаңашылдық, тақырып пен идея,*

архаизмдер мен историзмдер, аллегория мен кейіптеу, ирония мен сатира, аллитерация мен ассонанс, сезім мен ұғым, сюжет пен композиция т.б. Бұл топтағы терминдер сырт қарағанда біріне-бірі қарама-қайшы ұғымды танытады, бірақ олардың ажырамас диалектикалық бірлігі, біртұтастығы да ешбір даусыз.

Бір нәрсенің бірнеше саласы, бұтақтары, жеке түрлері секілді ұғымдарды білдіретін салалас терминдерді де ажырата білу орынды. Мысалы, мектеп оқулығындағы *жыр, жыршы, жырау, толғау, терме* сияқты халық поэзиясындағы *жанрлық түрлер* немесе *романтизм, реализм* секілді көркемдік әдістер не болмаса *теңеу метафора (ауыстыру), эпитет, кейіптеу, тұспалдау, әсірелеу, гипербола (ұлғайту), мінездеме (тура мінездеу, жанама мінездеу), айшықтау, қайталау, шендестіру* сияқты бейнелеу тәсілдері. Кейде бүтіннің бөлшектерін көрсететін бір топ ұялы терминдер де кездеседі. *Пролог, сюжет, экспозиция (бастама), сюжеттік байланыс, шығарманың шарықтау шегі, шешім, эпилог (үстемелеу)* - бұлардың бәрі сюжеттің, уақиға желісінің кезеңдерін айқындап көрсететін терминдер. Бұл айтылған жайлардан белгілі болған нәрсе - терминдер біркелкі емес, алуан түрлі. Олардың ғылымның терминдік жүйесіндегі алатын орны әр түрлі. Тұтастай алып қарағанда, барлық терминдер қалайда әр түрлі жолдармен бір-бірімен жанасып, жалғасып, сабақтасып, байланысып жатады.

3. Ахметов, Т. Шаңбаевтың «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде ғылыми ұғымдарды толық жүйелеуге терминдердің жетімсіз болатынын көрсетеді. Айталық, *эпос, лирика, драманы жанр* деп атайтыны және эпосқа жататын *роман, повесть, әңгіме* де **жанр**, сондай-ақ лириканың түрлері - *толғау, терме, жырды* немесе *саяси лирика, табиғат лирикасы, көңіл-күй лирикасы, философиялық лирика* міне, бұларды да **жанр** деу кездеседі дегенді алға тартады. Сол сияқты романның түрлері - *тарихи роман, публицистикалық роман, өмірбаяндық роман* бұлар да **жанр** деп атала береді. Орыс тіліндегі *род, вид* деген ұғымның (қазақша *тегі, түрі*) алғашқысы ең үлкен сала да, екіншісі оның тарауы, бұтағы ретінде айтылады. Осындай ерекшелігін ескермей *жанр* деген ұғымның бәріне бірдей қолданыла беруі орынсыз екені, кейбір терминнің жеке тұрғандағы мағынасы мен нақтылы қолданыстағы мағынасы әр қилы бола беретінін ескеру тиістігі атап көрсетіледі [5,12]. Бұл ғалымдардың көрсетуінде романның *тарихи роман, публицистикалық роман, өмірбаяндық роман* секілді үш түрі ғана атап көрсетіледі. Ал, 8-сыныпқа арналған әдебиет оқулығында (Арман-ПВ, 2011) романның *авантюралық роман, ғажайып оқиғалы роман, детективті роман, психологиялық роман, тұрмыстық роман, педагогикалық роман* деген түрлері таныстырылады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында қанша термин қолдану қажеттігін анықтауды мақсат еткенде біз ғылымның бүгінгі таңдағы міндетінен туындайтын мұқтаждықты, әдебиет сүйер қауымның талап-тілегін алдымен ескереміз. Әдеби терминдердің бастау көзі, негізгі қоры - жалпыхалықтық сөйлеу тіліміз. Соның ішінде қазақ әдеби тілінің сөздік байлығы, жаңа сөздер

тудырудағы, жасаудағы мол мүмкіншілігі. Халық тілінде бұрыннан қалыптасқан *өлең, жыр, толғау, терме, тақпақ, жырау, жырышы, өлеңші, ақын, қара сөз, қара өлең, айтыс, жоқтау, жұмбақ, өтірік өлең, ертегі, аңыз, жар-жар, беташар, сыңсу, тойбастар, қоштасу, бесік жыры, жаңылтпаш, мақал, мәтел* секілді ұғымдар, атау сөздер қазақ әдебиеттану ғылымының ұғымдық, терминдік жүйесіне негізгі тірек болады.

«Әдебиеттану» терминінде кездесетін біраз сөздердің мектеп оқушыларына арналған мектеп оқулықтарында кездеспейтіні анықталды. Олар: *интернационалдық сипат, социалистік реализм, желдірме, той тарқар, классицизм, автология* (сөздің тура мағынасында айтылуы), т.б.

Бұған қоса араб-парсы тілдерінен келіп, қазақтың өзіндік төл сөзіне айналған *әдебиет, дастан, қисса, хикая, әпсана, бәйіт, хафиз, шайыр, қаламгер, мазмұн, мағына, шежіре, әріп, кітап, тәржіма, хат, алқа (коллегия), мақал, мақала, рубай, ғылым, пән*, т.б. сөздерді кездестіруге болатыны белгілі.

Арабтың «*әдебиет*» сөзі (*әдебиет-иәт*) туынды сөз. *Әдеби* сөзі *әдепті, сыпайы, тәрізді* деген ұғымды білдіреді. *Әдеби* сөзінен туындағанда «*әдебиет*» деген ұғым ғылыми, саяси, көпшілікке арналған жазба шығармалардың атауы.

7-сынып әдебиет оқулығында Қ.Бекхожиннің «Ақсақ Темір мен ақын» балладасы берілген. Баллада - лиро-эпостық сипаттағы шағын сюжетті өлең.

Осы өлеңде *шайыр, хафиз, ақын, сюжет, баллада, фантастикалық* сияқты терминдер көптеп кездеседі. *Хафиз* деп ақынды жазса (Ал, Хафиз, тарт Ширазға, сайра тағы...), енді бір үзіндіде ақынды *шайыр* деп береді. Мысалы,

Долы сөз көмейіне тақалды да,

Өр басып, шайыр келді тақ алдына...

Ендігі бір үзіндіде шайырды *жырышы* деп алады:

Жырышының сөзімен жұрт шырайланды,

Шайырға мадақ айтып, шулай қалды...

Ақын, шайыр сөздері шамамен, XV ғасырда парсылар арқылы түркі тілдерінде сөйлейтін Орта Азия халықтарына, көрші отырған қазақтарға тараған. Арабтың *шайыр (шагер)* сөзі де, парсының *ақын (ахун)* атауы да ертеде еніп, екеуі жарыса қолданылып келе жатқан терминдер қатарына жатады. «Ақын» мен «шайыр» екеуі де суырып салма, өлең шығарушы, халыққа танылған өнер иесі. Қазақ тілінде жазылған сөздіктер мен әдебиеттерде шайыр сөзіне қарағанда ақын сөзі жиі қолданылады.

«Ақын» термині - поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, сөз шебері. Орыс әдебиетіндегі «*импровизатор*», «*певец*», «*поэт*» терминдерінің баламасы.

Белгілі ғалым Ө.Айтбайұлы араб, парсы сөздеріне былайша баға береді: «Терминдік лексиканың құрамын толықтырған ең бай арнаның бірі ретінде араб-парсы сөздеріне иек артамыз. Қазақ тілінің сөздік құрамын байыта түскен бұларды біз ең көне қабат есебінде қарастырамыз. Қарап отырсақ, рухани өміріміздің қай саласында қажетімізді өтеп қатар тұра

калатын арабизмдердің мүлде кіріккені сонша, қазір оларды өзге тілдік элемент деп ойланып жатпаймыз. Бұлар қазақ тілінің заңдылығын түгел бойына сіңіріп, өзіміздің төл сөздер қатарына атам заманнан айналған байлығымыз» деп, олардың қазақ терминологиясын қалыптастырудағы айрықша көз болғанын баса айтады [6.240].

30 жылдардан бастап қазақ әдебиеттану ғылымына көптеген интернационалдық терминдер орыс тілінен сол тілдегі айту қалпын сақтап енгізілді. Осылар және орысша терминдердің қазақша баламасы ретінде кірген терминдер және бір үлкен бірнеше салалы арна болып қалыптасты. Бұлардың бірінші тобына *поэзия, тип, характер, идея, сюжет, композиция, драма, трагедия, комедия, классицизм, романтизм, реализм, жанр, стиль, роман, повесть, лирика, публицистика, символ* секілді терминдер кіреді десек, екінші тобына *әдеби ағым, бағыт, көркемдік шындық, кейіпкер, көркемдік түр (форма), лирикалық қаһарман, лирикалық шегініс, кейіпкер (персонаж), кейіптеу (олицетворение), қақтығыс (коллизия), талдау (анализ)*, т.б. жатады.

Әдебиет оқулығында сонымен қоса, грек, латын, француз тілдерінен енген терминдер көптеп кездеседі. Оған мысал: *автор (лат.), аллитерация (лат.), анафора (гр.), антоним (гр.), аңдату (пролог гр.), ассонанс (лат.), фольклор (фр.), әсірелеу (гр.), баллада (фр.), бүркенишкі ат (псевдоним гр.), градация (лат.), диалог (гр.), дидактикалық әдебиет (гр.), диалогия (гр.), драма (гр.), ескертпе (ремарка фр.), идиома (гр.), комедия (гр.), архаизм (гр.), публицистика (лат.), метафора (гр.), мемуар (еске алу фр.), новелла (итал.), параллелизм (гр.), пейзаж (фр.), портрет (фр.), поэма (гр.), прототип (гр.), реализм (лат.), риторика (гр.), роман (фр.), сценарий (итал.), сюжет (фр.), экспозиция (лат.), эпизод (грек.), эпопея (грек.), т.б. сөздер.*

Осы тұста академик З.Қабдоловтың А.Байтұрсыновқа, терминдерге қатысты мынадай пікірін келтіруді жөн санадық: «Сіресіп, тіресіп тұрған терминдер Ахаң аузынан шыққанда жібектей есіліп жүре береді. Әдебиетшілер *метафора, метонимия, антитеза, синекдоха, гротеск, градация* дегендерді түсіну не түсіндіру үшін шет сөздер сөздігін ақтарып, тілдері күрмеле тұтығып жүргенде Ахаң оларды өзінің «Әдебиет танытқышында» *айқындау, теңеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, меңзеу, шендестіру* деп сайратып та жіберді» [7.247].

В США была разработана целая политика аффирмации (с англ. – «утверждение») – федеральная политика подтягивания расово-этнических меньшинств – выделение их представителям различных квот, образовательных грантов, предоставление рабочих мест. Сейчас многое изменилось. Но, несмотря на это, разница и отставание все равно сохранились. Почти 60% заключенных в американских тюрьмах – это афроамериканцы и частично латиноамериканцы. Индейцы по-прежнему находятся на одном из последних мест по принятым в американской культуре параметрам успеха – доходам, уровню образования и профессиональному положению.

В тексте Равиль Айткалиев не только задает вопросы, но еще, конечно, и играет ассоциациями, аллюзиями, делая актуальной интертекстуальность, придумывает заголовки новостей в масс-медиа, создавая воображаемую игровую реальность.

Попробовать хотелось,
не скрываю – «Герой-иностранец
логически и ногами
находит пропавшую соотечественницу,
которую умыкнула этно-многообразная мафия (*New York Times*).
Встреча с президентом (*Washington Post*).

Некоторые фотомодели
сердечно приветствуют скромного исследователя
USA (*ABC*).

И под серой походной бейсболкой
может напряженно стучать благородный пытливый brain (*CNN*).
Ведущий ток-шоу «Сердце красавицы склонно» (*CBS*):

Задиг, Шерлок Холмс, патер Браун,
Эркюль Пуаро, Он, Индиана Джонс. Да, забыл – Дюпен еще.
Кто в списке лишний?

Ответ красавицы с сердцем:
Все кроме Него [1, с.201-202].

Очень интересны размышления автора, для него «Записки» - не просто дневник путешественника, но попытка понять, осмыслить бренный мир.

Выходя за границы, можно постичь что-то новое и неожиданное. Это один из видов постмодернистской игры автора, которая обнаруживается в использовании отдельных приемов – пародия, аллюзии, интертекстуальность, загадка, ирония. Нужно отметить, что в анализе постмодернистских текстов всегда подчеркивались нейтральность и самоустранение автора, однако мы вслед за У.К. Бутом полагаем, что «автор может менять маски, но никогда не может исчезнуть». Идея «имплицитного автора» была предложена в работе «Риторика художественной прозы» [2, с.133]. Автор и повествователь могут сливаться или четко разделяться. У. Бут предложил выделять персонифицированных и неперсонифицированных повествователей.

Существует тенденция различать реального, имплицитного и эксплицитного автора. Эксплицитный автор – вымышленный персонаж, сходный с героями, хотя и находящийся на несколько ином уровне, ему доверено повествование. По Р. Рикеру, отличие реального и эксплицитного автора в различии достоверности нарратива. Реальный автор разрушает иллюзию реальности, эксплицитный – усиливает [3]. Однако и эксплицитный автор может создавать и может разрушать или быть нейтральным по отношению к достоверности повествуемого.

Имплицитный автор – повествовательная инстанция, не воплощенная в художественном тексте в виде персонажа-рассказчика, воссоздаваемая читателем как подразумеваемый «образ автора». У Рауиля Айткалиева в его романе мы обнаруживаем смешение эксплицитного и имплицитного автора, поскольку в реальности, действительно, Айткалиев в течение месяца работал в Америке по программе USIS «Этнического многообразия США» (1998). Налицо и наличие имплицитного автора, иначе бы не было обращения к читателю. Причем, в игровой форме, что объясняется тем, что ученые называют ощущением угрозы коммуникативного провала. Это связано с развитием аудиовизуальной культуры и СМИ, изменением читательских вкусов, усилением различий между высокой и массовой культурой. Современный писатель или поэт теперь стремится разными способами заинтересовать читателя.

В романе «Там, где нас нет» есть главный герой – «Я», которое там постоянно присутствует. «Я» – художественный ракурс, способ построения текста. Автор утверждает, что книга не изоморфна событиям, имевшим место в реальности. Все детали взяты из реальности и перемонтированы в художественный текст. Книга, как мы писали выше, состоит из трех неравных частей. Если в первой части еще можно проследить какую-то хронологию, то вторая часть – художественная реконструкция. Не говоря уже о третьей части, которая полностью фиктивный нарратив.

Главный герой надевает маску беспечного путешественника, которого не печалят не очень радостные открытия. Он поет песни, дурачится, заигрывает с женщинами, вспоминает свою родную землю, рассуждает про себя и вслух. И возвращается, как Одиссей.

Заткни уши воском, иноземный матрос!

Поднять паруса!
Вперед к Пенелопе!
Назад на Итаку! [1, с.233]

И автор приводит финальную главу «Остров» второго тома, квинтэссенцию странствия. Это морская песня:

Я долго плыл.
Меня носило равнодушное море.
Иногда чайки кричали мне что-то.
Но я не понял.
Я видел разные страны и народы.
Я ел их пищу.
Я пил их воду.
Они говорили мне что-то.
Но я не понял.
Я возвращался домой,
сидел на своем пороге,
она рассказывала мне что-то.
Но я не понял.
И вот я наткнулся на остров,
на котором – никто не живет,
на котором – нет даже крабов.
И никто мне ничего не сказал.
Теперь понятно [1, с.233].

Роман «Там, где нас нет» композиционно представляет собой травелог (возможен вариант произношения как трэвелог) – от английского «travelogue» – о путешествии (журнал, диалог, дневник, в современном понимании еще и блог, посвященный описанию странствий). Жанр в настоящее время очень популярный, но потому и размытый.

В традиционном виде травелог – не только документальный рассказ о поездке, экспедиции, исследовании, но повествование, подкрепленное историческими свидетельствами (зарисовками, картами), не чуждое сопоставительного анализа (что было на территории в прошлом, что теперь) и рефлексии пишущего (ожидания и увиденная реальность). Помимо физического перемещения тела в пространстве, этот жанр предполагает и метафизическое путешествие, в финале которого происходит если не взросление, то как минимум умудрение (как повествователя, так и читателя).

Классический вариант травелога – «Дневники» Мериуэзера Льюиса и Уильяма Кларка, двух знаменитых капитанов, отправившихся в первую сухопутную экспедицию от атлантического к тихоокеанскому побережью через Америку (1803–1806). Если говорить о первых травелогах в Центральной Азии, мы предполагаем, что работы ученого, историка, путешественника Шокана Валиханова являются ярким примером данного жанра. Известно, что Валиханов совершил поездки в Семиречье, Кокандское ханство, Каркару, Кашгарию, Кульджу, и подробно описал каждую из них.

Есть мнение, что сегодня травелога в чистом виде быть не может [4]. Мир изменился до неузнаваемости. Сегодня почти каждый может позволить себе путешествие если не в Турцию, то в соседний город. Современный травелог более не стремится поведать своему читателю о неизведанном, скорее наоборот, предлагает взглянуть на знакомые вещи с другой стороны. Это и делает Равиль Айткалиев в «Там, где нас нет», пытаясь показать мечты американцев, их быт и стиль жизни не просто взглядом наивного человека, но проникая в самую суть, будь то права человека, вредные привычки или музыкальные предпочтения.

Семантика и функции языковой игры в романе Р. Айткалиева показывают, как автор, используя игровые стратегии, установку на игру добиваются не столько комического эффекта, а сколько результата создания новых смыслов, значений, введения новых мифов, возвращения жанра. Языковая игра вносит в повествование оттенок условности, ассоциативности, вторичности, псевдодокументальности. Приемы языковой игры перестали выполнять исключительно эстетическую функцию и стали выступать в качестве языкового воплощения комплекса коммуникативных стратегий и тактик.

Список использованной литературы:

1. Айткалиев Р. Там, где нас нет // *Amanat*, 2006, №5. с. 195-236.
2. Бут У.К. Риторика художественной прозы // *Вестник Моск.ун-та*, сер. Филология, 1996, №3, с. 133.
3. Рикер П. Время и рассказ. М.-СПб.: Унив.кн., 2000. – 217 с.
4. Бондарева А. Литература скитаний // Октябрь, 2012, №7 (режим доступа - <http://magazines.russ.ru/october/2012/7/bo18.html>).

Аңдатпа

Осы мақалада біз Равиль Айтқалиевтің романындағы тіл ойынының әдістерін қарастырдық, кім, біздің ойымызша, Қазақстан қарасөзіне травелог саласын қазіргі әдеби процессінде өзекті етіп қайтарады.

Жазушы ойынның призмасы арқылы жаңа мағыналы шынайылықты тудырады, істің мәнін ұғуға және жаңа, күтпеген жақтарын көруге мүмкіндік береді. Жазушы мен кейіпкерлердің араласуы қатысушылық пен шынайыдан метафизикалыққа айналатын саяхатта күйзелісу сезімін тудырады. Соңында бой жету болмаса да, ең кемі даналық пайда болады.

Сонымен қатар, Равиль Айтқалиевтің ерекше, ақиқатқа қалыпсыз көзқарасы бар, мінез құлық үлгісін көзге айқын түсіру талпынысы берілген. Ойын ақиқатты меңгеру тәсілі ретінде - маңызды жазушы мәтінінің жолдамасы болып табылады.

Кілт сөздер: тіл ойын, тіл, пародия, мәтін, коммуникация, семантика и т.б.

Abstract

In this article we have considered the language game approach in the novel of Ravil Aitkaliyev, who, in our opinion, returns back travelogue style to Kazakh prose, by making it more actual in modern literary process. The author via game's

prism creates new semantic reality, allows to come to the point and to see it from new, unexpected side. The mixing of author and hero positions makes sensation of participation and emotional experience of journey, that from real turns into metaphysical one. At the final of which in the case if maturation does not, but at least wisdom occurs.

Also attempt to mark out the behavioral model of nonstandard attitude to reality of Ravil Aitkaliyev was given. The game as the way of reality understanding is the important premise of author's text.

Key words: language game, language, burlesque, text, communication, semantic, etc.

УДК 349.2.331

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдыкалыкова Акмарал Ерлікқызы –

*Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультеті, Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының 2 курс магистранты.
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы).*

akmha88@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі даму мен еңбек қатынасының заманында еңбек құқығы – ең көкейкесті мәселелердің бірі екенін айқын айтуға болады. Еңбек қатынасының даму динамикасын ескере отырып, кейбір мәселелердің еңбек қатынастарының регламентімен пайда болуы, сонымен қатар еңбек заңнамасындағы ара қашықтық толығымен негізделген болып табылады. Және аталмыш сұрақтың шешіміне қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерге өзгеріс енуіне қызмет етуіне болады. Сонымен қатар, ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың бастамасымен «Әлеуметтік модернизация: Қоғам мен жалпы қоғамдық еңбекке жиырма қадам» сияқты еңбек қатынасының құқықтық тұрақталуының жақсаруына бағытталған мемлекеттік және халықаралық бағдарламалардың рөлін атап айту маңызды. Еңбек пен әлеуметтік қамтамасыз етудің шеңберінде тиімді құқықтық тұрақтылық пен адекваттық құқықтық қолданыстық тәжірибе аталмыш саяси бағдарламада стратегиялық мағынаға ие болады. Теориялық және практикалық яғни заң жағынан қарастырылатын барлық мәселе тек қана жағымды нәтиже беруі мүмкін және ол қазіргі жүйедегі арақашықтықты шығаруға көмектеседі. Қазіргі кезде еңбек құқығының қатысушылары – субъектілерінің арасында пайда болатын қатынастарды реттеу өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы

құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады.

Түйінді сөздер: *еңбек құқығы, еңбек құқығының субъектілері, еңбек қатынастары.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына үстіміздегі жылдың қаңтар айындағы кезекті дәстүрлі Жолдауында: «Қазақстан - 2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!» [1] екендігін тағы да баса көрсетті. Қазақстандықтардың басты жолы, басты бағыты - “Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ” [1,1] деп атай отырып, мемлекетімізді ХХІ ғасырда әлемдегі алдыңғы отыз мемлекеттің қатарына қосудың жолдарының бірі ретінде Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі болып табылатын шағын және орта бизнесті дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажеттігін, бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керектігін атап өтті [1, 5].

Қазіргі кезде еңбек құқығының аясында туындайтын қатынастар, яғни, олардың қатысушылары – субъектілерінің арасында пайда болатын қатынастарды реттеу өзекті мәселе болып отыр [2]. Бұл мәселені теориялық және заңнамалық тұрғыдан жан-жақты қарас тыру маңызды. Теориялық тұрғыдан алғанда, еңбек құқығының субъектілері - қолданыстағы заңнаманың негізінде еңбек үрдісін қолдану мен ұйымдастыруға еңбек заңнамасын сақтай отырып қатысатын еңбек қатынастарының қатысушылары танылады [3]. Ал, заңнамалық тұрғыдан қарастырсақ, еңбек құқығы қатынастарына субъектілер ретінде еңбекке қабілетті азаматтар (қызметкерлер), ұйымдар (жұмыс беруші, яғни, кез келген меншік нысанындағы жеке және заңды тұлғалар), еңбек ұжымдары, кәсіптік одақтар және мемлекеттік органдар қатысады. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша, еңбек қатынастарын реттеуші негізгі құжат 2007 жылдың 15 мамырында қабылданған Еңбек Кодексі болып табылады. Аталмыш құжаттың 3-ші бабында белгіленгендей, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады [4]. Яғни, еңбек қатынастарының субъектілерінің құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің қорғауында екендігіне көз жеткіземіз.

Алайда, кейбір жағдайларда Республикамыздың әртүрлі облыстарында еңбек заңнамасының бұзылуы орын алып отырады. Мысалы, 2012 жылғы көрсеткішке сәйкес, Ақтөбе облысында 1 жыл ішінде бақылау және

әлеуметтік қорғау департаменті аймақтағы 900-ден аса барлық меншік түрлерінің субъектілерін тексеріп, оларда 2,5 мыңнан аса еңбек заңнамасының бұзылу жағдайын анықтады, оның ішінде еңбекақыны уақытында төлемеу оқиғалары да кездеседі [5]. Қазіргі кезде осындай заңбұзушылықтарды алдын алу бойынша ұсыныстар жасалынып, шаралар қолдануда. Оның ішінде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының олқылықтарын толықтыру мақсатымен жекелеген нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының міндеттері еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгеріміне, экономикалық өсуге қол жеткізуге, өндіріс тиімділігі мен адамдардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау болып табылғандықтан, еңбек заңнамасын жетілдіру маңызды болып табылады. Қазақстан халқына Жолдауында Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Мемлекеттің басты құндылығы – адам, оның құқықтары, еңбек етуі, рухани және материалдық игіліктері» екендігіне назар аударды [6]. Бұл зайырлы мемлекетіміздің әрбір азаматын өзінің азаматтық жауаптылығын сезініп, сөзімен де, ісімен де Жолдауға үн қосуға, жаңа гүлденуші мемлекет құрылысына қатысуға міндеттейді.

Қазақстан Республикасының жергілікті бақылау және әлеуметтік қорғау департаменттерінің еңбек бойынша мемлекеттік органдарының өкілетті бөлімшелері өз құзыреттері шегінде Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасында айтылған тапсырмаларды орындауда [7]. Халықаралық еңбек ұйымының бағалауы елімізде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің негізі қаланған еңбек қатынастарының қолайлы жүйесі құрылғандығын көрсетіп отыр. Мемлекеттік бақылаудың тиімдігін арттыру үшін жұмыс берушілерге қатысты әкімшілік қысымдарды төмендетуге бағытталған жаңа қадамдар жасалуда.

Қазақстан Республикасының қалыптасу, елде экономикалық реформаларды жүзеге асыру және нарықтық қатынастарға өту кезеңінде құқықтың мән-маңызы айрықша күшейеді. Тауарлық-ақшалық және басқару қарым-қатынастарын құқықтық тұрғыдан реттеуде заңдар мен басқа да нормативтік актілердің маңызы одан әрі нығая түспек. Сондықтан да Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, оның жаңа қырлары мен ерекшеліктері және басқа да заңдардың жоғары принциптерін, олардың мағынасы мен мазмұнын қайтадан бағалау Еліміздің еңбек жүйесін күшейту мен жетілдіруге ынталандыруы тиіс.

Еңбек құқығының субъектілерінің теориялық және заңнамалық мәселелері олардың доктрина және заң бойынша белгілерін, түрлерін, құқықтық мәртебесін, жауапкершілікке тартылу жағдайларын және тағы басқаларды қамтиды. Мәселен, еңбек құқығының субъектісі болу үшін еңбек құқығының аталған барлық субъектілері заңға сәйкес арнайы қасиетке - құқықтық мәртебеге ие болуы тиіс. Бұл мәртебе оларға қоғамдық еңбекпен байланысты нақты құқықтық қатынастарға қатысу құқығын береді. Еңбек

құқығы субъектісінің құқықтық мәртебесі ретінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның еңбек саласындағы негізгі құқықтық жағдайы аталады. Теориялық тұрғыдан алсақ, еңбек құқығы субъектісінің құқықтық мәртебесінің мазмұны келесі негізгі элементтерден тұрады: еңбек құқық қабілеттігі (құқық реликт қабілеттігі), негізгі (статустық) еңбек құқықтары және міндеттері, осы құқықтар мен міндеттердің заңды жалпы және арнайы кепілдіктері [8].

Сонымен, қорыта айтқанда еңбек құқығының субъектілері арасындағы қарым-қатынастарды реттеу мәселелерінің мәселенің шешімін іздестіруде теориялық негіздерін айқындай келе, заңнамалық тұрғыдан да жан-жақты қарастырған жағдайда ғана артықшылығы мен кемшілігін, ерекшелігі мен олқылықтарын анықтауға болады. Мұндай тұжырымдар еңбек құқығы субъектілерінің арасындағы қарым-қатынастарын реттеудің негізгі құралдарын, әдістерін қарастыруға, анықтауға және шешімін іздестіруге жол ашатынын дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жолдау-2014. Н.Ә. Назарбаев. 17 Қаңтар 2014 - “Қазақстан жолы 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ”, Астана, Ақорда, 2014ж.
2. Орловский Ю.П., Нуртдинова А.Ф. - Трудовое право. 3-е изд. - М.: 2010. — 648 б.
3. Anne C. L. Davies - Perspectives on Labour Law, Cambridge University Press, 2004.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі . 2007 ж. 15 мамырда қабылданған. www.zakon.online.kz.
5. Электронды ресурс: <http://ortalyk-kaz.kz>.
6. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, Ақорда, 2012ж.- 130 б.
7. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасы, "Егемен Қазақстан", 2012 ж. 10 шілде.
8. Жампейісов Д. - Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Оқулық. 2-басылым, Алматы, 2011ж. - 664 б.

Аннотация:

Регулирование отношений, возникающие между субъектами трудового права, является самой актуальной проблемой в развитии современного общества. Цель трудового законодательства Республики Казахстан – защита прав и интересов сторон трудовых правоотношений, обеспечение минимальной гарантии на права и свободы в сфере трудового права. В эпоху развития и разветвления трудовых отношений можно с уверенностью утверждать, что трудовое право - одно из актуальнейших направлений. Учитывая динамику развития трудовых отношений, появление некоторых проблем связанных с регламентацией трудовых отношений, а также,

пробелов в законодательстве труда является вполне обоснованной. И решением данного вопроса может послужить внесение изменений в действующие нормативно-правовые акты. Вместе с тем, важно отметить роль государственных и международных программ, направленных на улучшение правового регулирования трудовых отношений таких как, инициатива Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Социальная модернизация: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда». В свете данной политической программы эффективное правовое регулирование и адекватная правоприменительная практика в сфере труда и социального обеспечения приобретают стратегическое значение. Только рассмотрение существующей проблемы с разных сторон: с теоретической и практической, то есть, с точки зрения применения законодательства могут дать положительный результат и помочь вывести пробелы в существующей системе.

Ключевые слова: трудовое право, субъекты трудового права, трудовые правоотношения.

Abstract:

In an era of labor relations and the ramifications can say with confidence that the labor law - one of the hottest destinations. Given the dynamics of labor relations, the emergence of some of the problems associated to the regulation of labor relations, as well as gaps in the law of labor is quite reasonable. And the solution of this issue can serve as amendments to the existing regulations. However, it is important to note the role of national and international programs aimed at improving the legal regulation of the employment relationship such as the initiative of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Social modernization: Twenty Steps to Universal Society of Labour». In light of this political program effective legal regulation and adequate law enforcement in the field of labor and social welfare gain strategic importance. Only consideration existing problem from different angles: from theoretical and practical, that is, from the point of view of the legislation may have positive results and help to bring the gaps in the existing system.

In present time regulation of the relations that arisen between subjects of the labor law is very actual problem. The purpose of the labor legislation of the Republic of Kazakhstan is protection of the rights and interests of the parties of labor legal relationship, providing the minimum guarantee to the rights and freedoms in the sphere of the labor law.

Keywords: labor law, subjects of the labor law, labor legal relationship.

ҰЛТТЫҚ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІН ЖАҢА БАҒЫТТА НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН СУРЕТШІ – Е.ТӨЛЕПБАЙ

*Алманбетов Қанат Нурланұлы –
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 1-
курс магистранты
(Алматы қаласы)*

Аңдатпа

Аталған мақалада автор ұлттық кескіндеме мектебін жаңаша бағытта қалыптастырған суретші Е.Төлепбаевтың еліне сіңіріп жүрген ерен еңбегі, шығармашылығы жеткен жетістіктері қарастырылған. Бізде осындай Е.Төлепбаев сияқты суретшілерді дәріптеп айтып жазып жүргендер жоқтың қасы деп айтсақта болады. Бұның өзі проблема деп айтуға келеді. Өнерде тайға таңба басқандай ерекше дара орны бар ағамыз, қазақ өнерінің оның ішінде кескіндеме өнеріне қосқан үлесі өте зор. Тек қазақстанда ғана емес әлем аренасында өз орнын белгілеп, қазақтың кескіндеме өнерін дамытып, таныстырып, жаңғыртып жүрген ағамыз. Яғни қазақтың біртуар азаматы, өнердегі беделдісі кескіндеме өнерінде жаңашыл сюрализм бағытында жұмыс істеп, елімізде ғана емес шетелдерде көрініп, өзінің ерекше бағаларын алып жүрген жөні бар. Осындай өнерге еңбегі сініп, дамытып жүрген ағамыздың шығармашылығы арқылы студенттердің дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру болып табылады.

Е. Төлепбаевтың рухани дүниесі – қазақ өнерінің қазіргі тынысының көрінісі. Жаңа ғасырдың күрделі суреткері. Көркемдік қабылдау түйсіктерін өнер игілігіне айналдыра білді. Өнер үрдістерінің барлығы көрініс тапқан реализмнің тізгінін ұстана отырып сюрреализм бағытының қыр - сырын ашуда абстракттық мәнерге барғандығы.

Кілтті сөздер: Сюрализм, евроюнион, масарик, абстракттық.

Халқымыздың өнегелі мәдениет үлгілерінің бірі - бейнелеу өнері қаншама дәуірдің тарихын және ағымын бірге жасап, дамып келеді. Қазақ халқының өмір тұрмысына тереңдей үңілсек, мәдениет дәстүрінің тізбегі үзілмей, бүгінгі заманға дейін жалғасын тауып жатыр. Болашаққа үмітпен қарайтын жастар өзінің ұлттық сезімін, мінез құлқын, тілін және дәстүрін жоғалтпау керек. Ұлттық менталитетті, анықтайтын тіл, екінші дәстүр. Қазақтың салт - дәстүр, әдет - ғұрыптарына қайта оралудың рөлі туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз еңбегінде былай деп жазған » . Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге - дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш дауыссыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта тілеудің қайнар көзі болып келеді. Өзінің тарихи - мәдени тамырларына қайта оралу - бұл, әрине оң процесс» [1- 292 б].

Қазіргі суретшінің дүниетану жөніндегі түсінігінің қазақтардың ұлттық этикасымен, эпикалық фольклорлық дүниетанымдық дәстүрлері мен

туыстығы көздің алдына анық байқалады, бұл жерде кейіпкер күшінің қайнар көзі - оның туған даласы мен жақындығында. Қазақ кескіндемесінің негізін салушылар, олар Ә. Қастеев, О.Таңсықбаев, Қ.Қожықов, А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова, С.Мәмбеев, Қ.Телжанов, М.Кенбаев, Н.Нұрмұханбетов, К.Наурызбаев, Қ.Шаяхметов. Міне осындай сретшілердің дүниелер арқылы жастарға ұлттық тәлім тәрбие беруде қандай ғасыр қай заманды алып карамайық, оқытушы (педагог, ұстаз, мастер, шеберші, үйретуші, кеңесші, жаттықтырушы т.б.) Өмірдің өркендеуі елдің еселі дамуы алдымен ұстазға байланысты. Анасыз бала болмайды дегендей өмірінде ғұлама ғалым, асқан шебер биік – биік деңгейлерге жеткен қайталанбас адамдарды (Леонардо да Винчи, Ньютон, Эйнштейн, Платон, Ал-Фараби т.б.)да ұстаздар оқытып дәріс берген [2-5 б].

Қазіргі таңдағы кескіндеме өнерінің майталманы жүзден жүйрік, мыңның арасынан суырылып шығып қазақ кескіндемесін дамытып жаңғыртып жүрген Е.Төлепбаев ағамыздың еңбек жолы мен шығармашылығын студенттерге таныстыру болып табылады. Өнерде тайға таңба басқандай ерекше дара орны бар ағамыз, қазақ өнерінің оның ішінде кескіндеме өнеріне қосқан үлесі өте зор. Тек қазақстанда ғана емес әлем аренасында өз орнын белгілеп, қазақтың кескіндеме өнерін дамытып, таныстырып, жаңғыртып жүрген ағамыз. Яғни қазақтың біртуар азаматы, өнердегі беделдісі кескіндеме өнерінде жаңашыл сюрреализм бағытында жұмыс істеп, елімізде ғана емес шетелдерде көрініп, өзінің ерекше бағаларын алып жүрген жөні бар. Осындай өнерге еңбегі сініп, дамытып жүрген ағамыздың шығармашылығы арқылы студенттердің дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру болып табылды. Бізде осындай Е.Төлепбаев сияқты суретшілерді дәрәптеп айтып жазып жүргендер жоқтың қасы деп айтсақта болады. Бұның өзі проблема деп айтуға келеді. Е. Төлепбаевтың рухани дүниесі – қазақ өнерінің қазіргі тынысының көрінісі. Жаңа ғасырдың күрделі суреткері. Көркемдік қабылдау түйсіктерін өнер игілігіне айналдыра білді. Өнер үрдістерінің барлығы көрініс тапқан реализмнің тізгінін ұстана отырып сюрреализм бағытының қыр - сырын ашуда абстракттық мәнерге барды. Оның туындыларында шартты кезеңдер анық көрінеді. Ерболат Төлепбаевтың шығармалары адамға айрықша әсер етеді. Оның суреттері бояу, кеңістік, ырғақтың ойнауы арқылы санаға тікелей ықпал етеді. [3-48 б]. Суретші туындыларынан уақыт тұтастығы қамтылған өткен шақ, бүгінгі күн мен болашақтың фантастикалық – символикалық әрекетін тануға болады. Талғам – бүкіл өмірдің дамуымен және сол өмірдегі жеке суретшінің дамуымен жарыса дамып, қатар қалыптасады. Ерболат Төлепбаев есімді дарынды суретшінің бірқатар көркем шығармалары туған жер табиғатына арналған. Әсіресе «Зымыраған балауса шақ», «Дала гүлдері», «Тал түс», «Әжем және мен» деген картиналары мамандар тарапынан лайықты бағасын алып, суретшінің өнер әлеміндегі қолтаңбасын айқын аңғартты. Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан суретші Ерболат Төлепбаевтың творчествосы өзінің сан қырлылығымен, қай тақырыпты болсын ауқымды да терең қамти білуімен ерекшеленеді [4 -128 б].

Ерболат Төлепбай – қазақты танымайтын шет жердің қатып қалған сере мұзына салатын мұзжарғыш іспетті. Мәдениетіміздің бейнелеу дейтін тұтас бір әлемін кейде жалғыз өзі көтеріп жүрген Толағайға келе ме?! Әйтеуір, қалай айтсаңыз да, үлкен бір миссияны дара атқарып жүрген адам. Қолда бар алтын. Фараби сияқты қазақтың көгіне шарықтап көтеріліп кеткен жан. Төмендегілер байқамайды. Төбесіндегі тұрмақ, төңірегін көрмейтіндер үшін беймағлұм. Біз сөйтті екен деп басқа жұрт қосыла көз жұмып отырмай, санасындағы мәңгіліктің тоңның көбесі сөгілген сәттен - ақ даңғайыр талантты басына көтеріпті. Оған дәлел—Франция, Германия, Италия, Индия, Қытай секілді отыз бес мемлекетке жасаған сурет көрмесі. Мәскеу, София қалаларында халықаралық конкурстардың жеңімпаздығынан тартып, кешегі дәуірдің Ленин комсомолы сыйлығы иегері, Қырғызстан, Ресей, Чех мемлекеттері сурет академиясының академигі. Оның үстіне 2002 жылғы, Брюссельде алған “Евроюнион” сыйлығы, Прага қаласында алған “Масарик” атындағы күміс медалі, “Сальвадор Дали” атындағы халықаралық альянс сыйлығын, “Франция өнері” орденінің иегері екенін қосыңыз. Бір басында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы мен меценаттар тағайындаған “Тарлан” және бар! Ол кісі Веласкесті, Тициан, Эль-Греконы, Әбілхан Қастеевті творчествосына тірек қылды, Марқұм Қисамединовты, Салихитдин Айтбаев, Евгений Сидоркинді біліп барып. Тоқболат Тоғысбаевтан сіңірген нәрін бойға дарытып, ол кісінің ғұмырын жалғап, айта алмай кеткенін кейінге жеткізіп. “Жұрт мақтап жатыр ғой, сол рас та” деп біз секілді әншейін мойындай салған жоқ, Дали мен Пикассоның несімен мықты екенін дендеп зерттеді, сезді. Әу бастан жаңалық ашқысы келіп тұрды. Онысын – өнер танушылар, көп оқыған білімпаз картина танығыштарға арнап салған жоқ. Тіпті, Мәскеудің Третьяков галереясында, Парижде Сальвадор Далимен қатар көрме жасаған жан алдымен өзі үшін емес, халқы үшін салды. Суретшінің жұмыстары әу бастан көптің жабыла көретін, сыншылардың іздеп жүріп қарайтын объектісіне айналды. Өзге әріптестеріне ұқсамайтын осы бір ерекшелік—шектен тыс жақсы көріп ұнату мен көмейі қарлыққанша жамандау, тоқтаусыз таңданыш пен шарт кеткен наразының төбелес алаңына ұқсады. Суретшінің “Көкпары” ұлттық ойын шеңберінен шығып, бүгін адамзат өлшемінің көкейіндегі проблемасын көтерген-ді. Сөйтіп, суретшінің аты ауызға ерте ілінген. Біз мектепте жүргенде - ақ республика, одақ көлеміндегі газет – журналдар суретшіні дүркін – дүркін дабыстап жататын. Ауызға ерте іліну де бір қонатын бақ десек, қолына қонған сол “құсын” ұшырып алмай, қадірін білумен келеді екен, әлі күн. Тіліміз тасқа, қазақтың маңдайына біткен, тумысы - болмысы бөлек ұл болды. Суретші болып, бір жаман аты қылаң бермепті. Әріптестері үшін көдедей көптің бірі емес. Шенеулік біткеннің творчество иесін Мырқымбай қылып көретін “қыли” көзінен де аулақ. Өзекті жарып шығар өнерді де, қоғамды арбап, жатқызып - өргізетін саясатты да зау биіктен, көкірек көзімен көре алатын нәті бөлек адам. Құттай ғана мұңы бар, қазақ деген. “Жеңілдігі көбіктей, ауырлығы табыттай.”

Ойымызды жинақтап қорыта келгенде Е.Төлепбаев Қазақстан бейнелеу өнеріндегі өзіндік орны ерекше дара суретші. Туындыларының көпшілігінің мазмұны терең, айтары мол. Әрине бұл туындылар келешек ұрпаққа қалған асыл мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздіктің бесжылдығы – Алматы: 1996. - 292 б
2. Мизанбаев Р.Б. Живипись: Оқулық / Р.Мизанбаев. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы. -2013. - 208 б.
3. Төлепбаев Е. Альбом. – Алматы: Өнер, 1988. – 48 б.
4. Төлепбай Е. Мен сенің жаныңдамын адам. - Алматы: Өнер, 2005. – 128 б.

Резюме

В статье автор раскрывает национальную школу живописи в новом направлении художника Е.Төлепбаева, рассматривается творческое достижение своей деятельности и народное влияние. О таком художнике как Е.Төлепбай почти нигде ничего не упоминается. Это тоже в своем роде проблема. Е.Төлепбаев имеет особое место в искусстве и не мало усилий приложил в развитие в этом направлении. Он ознакомил и дал путь расцветанию этому искусству не только в Казахстане, но и на международной арене. Благодаря Е.Төлепбаеву мировоззрение студентов в новое русло искусства.

Душевное состояние Е.Төлепбаева – это отражение нынешнего казахского искусства. Художник нового поколения. В развитии сюрреализма использовал реализм и показал это в абстрактной форме

Ключевые слова: Сюрреализм, евроюнион, масарик, абстракция.

Summary

The author reveals a national school of painting in a new direction artist E.Tolepbaeva, integrates the creative achievement of its activities and national influence. About this artist as E.Tolepbay almost nowhere does not mention anything. This is also a problem in its own way. E.Tolepbaev has a special place in art and not enough effort put into the development in this direction. He introduced and gave way to this blossoming of art not only in Kazakhstan but also in the international arena. Thanks E.Tolepbaevu worldview of students in a new direction of art.

E.Tolepbaevu mental state - a reflection of the current Kazakh Art. Artist of the new generation. In developed surrealism used realism and showed it in the abstract form.

Keywords: Syuralizm, evroyunion», masaryk, abstraction.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

ӘОЖ 37.022

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Жиренов Саян Аманжолұлы

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақ тілі
теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, филология
ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
Saken82@mail.ru*

Аңдатпа

Қазіргі кезде жаңа білім беру жүйесінің заманауи технологиялармен қатар интернет кеңістіктің жетістіктерін пайдалану арқылы білім алу мен білім берудің жаңа мүмкіндіктерінің қарқынды түрде даму үрдісі жүріп жатқандығы белгілі. Осыған байланысты көптеген әдіскерлер мультимедиялық, презентация, видеофильм, электрондық пошта, анимациялық суреттер және т.б. техникалық және ақпараттық технологиялардың көмегін пайдаланып жаңаша білім берудің сан алуан жолдарын қарастыру үстінде.

XXI ғасыр қоғамдық ақпараттандыру ғасырына айналып, ақпараттық технологиялардың үстемдік құрғандығы белгілі. Бүгінгі таңда компьютер адам әрекетінің барлық салаларында, соның ішінде білім беру жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Әлемдік кеңістіктегі білім сапасын күшейту жолдары жан-жақты қарастырылып жатыр. Жалпы білім беру үдерісінде компьютерлік технологияларды енгізу арқылы, білім беру үдерісінің өрісін кеңейтуге болады.

Кілтті сөздер: *Білім беру, интернет-ресурс, ақпараттандыру, білім сапасы, ақпараттық технология, гуманитарлық сала, т.б.*

Білім беру жүйесіндегі компьютерлік технологиялардың қарқынды түрде жүргізілгенімен, электронды және мультимедиялық оқулықтармен оларды пайдаланудың жолдары немесе интернет-ресурстарды пайдаланудың ақпараттық және әдістемелік мүмкіндіктерінің толыққанды бірізге түспегендігі, бұл саланы әлі де жетілдіре түсу қажет екендігін көрсетеді. Жалпы отандық білім беру жүйесінде интернет-ресурстарды пайдаланудың

ақпараттық және әдістемелік мүмкіндіктерінің ғылыми негіздері әр тарапта, кең көлемде қарастырылып жатқандығын байқауға болады. Мәселен, профессор С.С.Құнанбаева зерттеулерінде шет тілін оқытудың теориясы мен әдістемесін ақпараттандыру мәселелері, Ә.Т.Чакликовада мәдениетаралық-қатынасты жетілдіруге, Ж.А.Түселбаевада елтанымдық біліктілігін қалыптастыруға, Д.Е.Сағымбаевада студенттерді АҚТ-ды пайдалануға әдістемелік даярлауға, А.Б.Нұровада шет тілдерін оқытудағы телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, Ұ.Т.Нұрманалиевада ағылшын тілін электрондық оқулықтар арқылы оқыту әдістемесі секілді мәселелер қарастырылған. Сол секілді профессор Б.Б.Баймұхановтың зерттеулерінде оқу үдерісіне компьютерлік технологияларды енгізу мәселелері қарастырылса, Б.Д.Сыдықов, Р.С.Шуақбаева, І.Ж.Есенғабылов, Г.А.Мадьярова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әртүрлі бағдарламалық құралдарды қолданудың әдістемесін кеңінен қарастырылған.

Білім беру жүйесінде интернет технологияны кең көлемде пайдалану арқылы жоғары оқу орнындары гуманитарлық сала мамандарын оқыту барысында, педагогикалық іс-шаралар мен методикалық жұмыстарды ұйымдастыруда үдерісінде тиімділігі жоғары деп санауға болады. Бүгінгі таңдағы білім беруді ақпараттандыру процесінің кең көлемде жүргізілуіне байланысты осы бағытты жүзеге асырудағы басты мәселердің бірі – электронды оқулықтар мен мультимедиялық көмекші құралдар, видеокартотекалар мен онлайн режимдегі дәрістер қорын дайындау болып табылады. Ал оларды оқыту үдерісінде пайдалану – сапалы білім берудің бірден-бір тетігі болып табылады.

Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы студенттің білім алуға және ақпарат алуға деген мүмкіндігін арттыру арқылы, үздіксіз білім алуына жағдай жасалады. «Қоғам ақпараттық технология дәуіріне кіргендіктен түрлі ақпарат көздерін қолдану біліктілігін, оған сыни көзқараспен қарау дағдысы, қажет ақпаратты таңдау біліктілігін талап етеді. *Ақпараттық құзыреттілік* кіші мектеп жасындағы балалардың қажеттілігіне және мүмкіндік әлеуетіне байланысты қалыптастыру көзделеді. Қазіргі Е.В.Огородников, О.М.Чубаряның зерттеулерінде ақпараттық құзыреттілікті компьютерді, интернетті меңгеру деп қарастырады. Бұл үшін зерттеушілік әрекетпен ұштастырылып ақпаратты интернеттен ала алады. Компьютерде сызбалар және құрастырулар жасайды, дамытушы тапсырмалар орындайды. Кіші мектеп жасындағы балалардың ақпараттық құзыреттілігі еңбек іс-әрекетіндегі танымдық, білуге құштарлығын, оқуға деген қажеттілігін қанағаттандырады [1, 30-35 б.].

Компьютерлік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің негізгі функцияларына: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпаратты қабылдау және талдау арқылы өзбетімен ізденімпаздық (шығармашылық) қабілеттерін дамыту мәселелерін жатқызуға болады. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдалану арқылы оқытушы студенттің интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа тұлғалық болмысының қалыптасуына өзіндік әсерін тигізеді. Ақпараттық технология –студентті яки

жеке тұлғаны дербес ізденімпаздыққа жетелейді. Яғни, бүгінгі таңдағы технократтық қоғамдағы ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ғылымның қандайда болмасын саласынан дербес және жедел түрде хабардар болуға мүмкіндік алады.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде ақпараттық кеңістіктің даму үрдісіне ілесе отырып, кәсіби тұрғыдан жетілген тұлға қалыптастыру болып отыр. Мұнда, студент білімді тек оқытушының қатысуымен ғана емес, қашықтықтан яғни интернет арқылы да алуына болады. Осының нәтижесінде студенттің дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады.

Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы оқыту жүйесі дәстүрлі оқыту әдістерінен өзіндік ерекшелігі бар. Мұндағы негізгі ерекшелік студенттің оқытушының қатысуынсыз дербес білім алуы, белгілі бір мәселе туралы мәліметтерді жинақтауына, оларды сұрыптауына, талдай білуіне және күнделікті тұрмыстық қажетіне пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Яғни, интернет-ресурстарды пайдалану арқылы өзіне қажетті ақпаратты игеру барысында уақытты ұтымды пайдалануға, студенттердің танымдық іс-әрекетін жетілдіруге мүмкіндігі артады.

Компьютерлік технология арқылы оқыту әдістерін тиімді пайдалану арқылы, студенттің дербес жұмыс жасау ерекшелігін сырттай бақылай отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізе отырып, танымдық белсенділігі артады. Жалпы алғанда, компьютерлік технология арқылы оқытудың басты шарттары дербес жұмыс жасау яғни өз бетінше іздену арқылы білімін жетілдіру болып табылады. «Психолог-ғалымдардың айтуынша, студент білімді төрт түрлі жағдайда алады екен: дайын білімді қабылдап алу, зерттеу барысында жаңалық ашу, әр түрлі жағдайда әсерді сезіну және синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өзара әрекеттестіктің сапасын анықтамайды. «Өзара әрекеттестік» әдісінің өзекті ерекшелігі – ол АШУ ҰРДІСІН білдіреді, оның мәні – студенттердің оқыту дағдыларын өзара әрекеттестік арқылы меңгеруі.

Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында оқытушы мен студент арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «*интерактивті*» деп атаймыз. *Интерактивті* сөзі – ағылшын тілінен аударғанда, *inter* – аралық, бірнеше, *action* – әрекет дегенді білдіреді. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл *интерактивті әдістің* мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, студенттерге жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті оқыту әдістерін қолданатын студенттер, тек ақпарат беретін және өздерінің қатысуынсыз берілген тапсырмаларды студенттердің есте сақтауы нашар болады, студенттер қолдарындағы көтермелеуші қор – құрдастарының идеяларын пайдалана алмайды деп есептейді. Зерттеулердің

«біз қолымызбен істегеннің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, естігеніміздің 10 пайызын ғана есте сақтаймыз» деген қорытындысын жиі естиміз» [2, 196].

Үздіксіз білім беру және білім алудың бір жолы ретінде компьютерлік технологияны атап өтуге болады. Ол қазіргі білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі әрі жаңа заманға сәйкес білім жүйесін қалыптастырудың тікелей жолы ретінде қарастырылып отыр. ЖОО компьютерлік технологиялар оқушылардың шығармашылық белсенділігін жетілдіруге ықпал етеді. Онда негізінен интернет-ресурстарды оқушы оқу құралы ретінде пайдалануды игерсе, яғни компьютерлік технологияларды техникалық жағына ғана қарастырмай, оның танымдық-тағылымдық жағына көңіл бөлу керек. Мұндайда оны дұрыс пайдаланса, компьютер білімді жетілдіру құралы рөлін жақсы атқара алады. Компьютер мен оқушының өзара әрекеттесуі қызғылықты процесс, оны методикалық көмекші құрал қызметінде пайдалану қажет. Соңғы кездері заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану оңды нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы кең көлемде іске асырылуда.

Білімді ақпараттық технологиялар арқылы жетілдіру дегеніміз – бұл жеке тұлғаның білімін дербес әрі үздіксіз толықтырудың бір жолы. Ғаламтор арқылы білім жетілдірудің тиімділігі оқушы өзіне қажетті ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдай туғызу болып табылады. Білім беру мекемелерін компьютерлік техникалармен жабдықтау арқылы білім алушылардың жаңа көкжиегінің ашылуына қолайлы жағдай туғызуға болады. Ал ол дегеніміз – ақпарат және білім.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні компьютерлік технологияға негізделген инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттің ойлау қабілетін арттырып, шығармашылық жұмыстар жүргізу мүмкіндігін дамыту басты мақсат болып табылады. Ақпараттық және компьютерлік технологиялар арқылы оқытушының қызметін жаңаша сапаға көтеруге болады. Мұнда оқытушы білімді таратушы ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік дербес шығармашылық жұмысының жетекшісі және бақылаушысы да болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері гуманитарлық сала мамандарын оқыту барысында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Ал ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде кең көлемдегі ақпараттарды жедел түрде даярлап, оны білім алушыға қысқа әрі нақты түрде беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі тетігі интернет-ресурстар болып табылады. Компьютерлік

технологияларға – интерактивтік тақта, электронды оқулық, интернет көздері, мультимедиялық және он-лайн сабақтар жатады. Республикадағы білім беру мекемелерінде аталған техникалық жабдықтар немесе ақпараттық технологияларды қолдану пайдалану ісі кеңінен қарастырылған. Ақпараттық технологиялардың басты қызметі – білім алушыларға өз бетімен дербес немесе ұжымдық бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, өзбетімен ізденуге, өз жұмысының нәтижесін жедел түрде көруге және жеткен жетістігіне сын көзімен қарауға мүмкіндік алады.

Жоғары оқу орындары гуманитарлық сала мамандарына интернет-ресурстарды пайдалану арқылы білім беру жүйесінде пайдаланудың мүмкіндіктері өте жоғары. Мұнда негізінен студенттің білімін жетілдірудің ең бастысы мамандығына деген қызығушылығын күшейту. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы студент ақпараттық кеңістіктен өз бетінше білім алып, өзін-өзі дамыта алады. Компьютер жұмысының мүмкіндігін көрсететін басты көрсеткіш ретінде ғаламтор желісінің қызметін пайдалануды атап өтуге болады. Интернет кеңістікте оқытушы мен оқушыға қажетті сайттар бүгінгі таңда өте белсенді түрде жұмыс жасау үстінде. Компьютерлік технологияны пайдаланудың тиімділігі бұл күндері арта түсуде. Оған мынадай тиімділіктерін санамалап шығуға болады. Оларға:

- Интернет кеңістіктен студент өзіне қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай-ақ кең көлемдегі сан алуан материалдармен танысуына болады;
- Компьютерлік технология уақытты үнемдеуге және қажетті материалдарды тиімді пайдалануына мүмкіндік тудырады.
- Ақпараттық технологиялар арқылы оқу-тәрбиелеу үрдісінің ғылыми негіздерімен тереңірек танысуға, студенттердің танымдық көкжиегін кеңейтуге, сан алуан бағдарламаларды меңгеруіне, компьютерлік техниканы тиімді пайдалануына ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде күннен-күнге ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телекоммуникациялар қарқынды түрде даму үстінде. Әсіресе интернет-ресурстарды пайдалану арқылы білім беру жүйесі кешенді түрде дамып келеді. Жоғары оқу орындарында компьютерлік технологиялардың кең көлемде қолданылуы мен интернет желілерінің қарқынды түрде дамуы ақпараттық технологияның білім беру жүйесінде берік орныққандығын көрсетеді.

Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы оқытушыға қашықтан дәріс жүргізуіне мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, оқушының дәріс алу мерзімі мен мекенін өзінің ыңғайына қарай таңдауына мүмкіншілік жасаса, үздіксіз білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интернет-ресурстарды пайдалану арқылы білім алу дербес жұмыс жасауына жағдай тудырады. Интернет-ресурстарды пайдаланудың тиімділігі танымдық ақпараттың мобильдігі, компьютерлік желілердің дамуына байланысты танымдық ақпараттарды кез-келген жерде қолдану мүмкіндігінің болуы. Компьютерлік технологиядағы электронды оқулықтар жасау арқылы танымдық ақпараттарды үнемі жаңартып тұруға мүмкіндік

туындайды. Интернет-ресурстарды пайдаланудың нәтижесінде – білім берудің кешенді түрі, республикалық және халықаралық деңгейдегі материалдармен ақпараттық жүйе арқылы (спутникті теледидар, радио, компьютер байланысы және т. б.) танысуға болады. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы оқытудың ақпаратты білім жүйесі студентті ақпараттық ресурстармен, компьютерлік бағдарламалық, ұйымдастыру-әдістемелік материалдармен жан-жақты қамтамасыз етеді. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы оқыту білім алу формасының кең тараған түрі, оқушының білім және ақпарат алуға деген мүмкіндігін арттырады. Яғни, интернет-ресурстарды пайдалану арқылы оқыту нәтижесінде оқушы мен оқытушының уақыты мен орны бір уақытқа сәйкес келмесе де, білім алу мүмкіндігі жалғаса беретіндігімен ерекшеленеді. Компьютерлік технологияға негізделген білім беру жүйесі күнделікті білім алу мүмкіндігі артады. Ал мұндай жоғары мүмкіндікті былайша санамалап өтуге болады:

- Кез келген уақытта білім алуға ыңғайлы;
- Жедел әрі нақты ақпаратты алуға қолайлы;
- Дербес шығармашылық және ізденіс жұмыстарын жүргізуге тиімді әрі өз ізденісінің компьютерлік желілер арқылы дұрыс-бұрыстығын анықтауға болады;
- Қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі, ал кәдімгі оқулықта бұл қиын;
- Уақытты үнемдейді;
- Қажетті ақпарат берілген қысқа мәтінмен қатар көрсетеді, баяндайды, форумда талқыланады, моделдейді және т. б. (осы жерде мультимедия-технологиясының мүмкіндіктері мен артықшылығы байқалады) білім алушының алған білімін компьютерлік технология негізінде тексеруге мүмкіндік жасайды.

Соңғы уақыттардағы білім беру жүйесіндегі интернет технологияларды кеңінен пайдалану әдістеме ғылымында жиі сөз болып жүр. Бұл технология арқылы оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқыту процесіне жаңаша қарауға мүмкіндік туады. Мұнда негізінен гуманитарлық ғылым салалары мен техникалық ғылым салаларының өзара бірлестігін көруге болады. Ал бұл дегеніміз оқушының жан-жақты тұрғыдан интеллектуалдық мүмкіндігінің артуына ықпал етеді. Қазіргі кездегі педагогикалық технологиялардың ішіндегі интернет ресурстарын пайдалана отырып оқытудың тиімділігі күн өткен сайын артатүсуде. Компьютерлік технологиямен жұмыс формасын пайдаланудың мүмкіндіктері өте үлкен. Онда студенттер интернет желісі арқылы дербес және ұжымдық тұрғыда жұмыс жасауына өте қолайлы болып табылады. Оны негізінен интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерді былайша атап өтуге болады. Оларға: интернет тораптарында берілетін танымдық-тағылымдық ақпарат көздерімен танысуға, оларды ой елегінен өткізуге, әртүрлі чаттар мен электронды пошта арқылы хат алысып, онлайн режим арқылы виртуалды қатынас клубтарына – телеконференцияларға қатыса алады және нақты уақыт тәртібінде мәтіндік хабарламалармен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни

ақпараттың қандай да түрлерін қолдануға мүмкіндіктері бар. Мұндағы білім қайнарына бағытталған ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыс қашықтықтағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі, интерактивтілік (жылдам кері байланыс пен сұхбат мүмкіндігі), іздеу жүйелері арқылы және өз бетімен іздеу, алынған материалдарды түрлі тасымалдаушыларға ауыстырып салу және т.с.с. интернеттің артықшылықтары ретінде тануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жиенбаева С.Н. Кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруда құзыреттілік тұғырдың мәні // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 4(6), 2011. -30-35 бб.
2. Есекеева А.А. Оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. №1 (61). 2012.

Аннотация

В настоящее время, как известно, бурно развиваются новые возможности обучения и образования посредством использования достижений интернет-пространства наряду с инновационными технологиями современной системы образования. В этой связи сегодня многие методисты рассматривают различные способы обучения, используя мультимедийные средства, презентации, видеофильмы, электронную почту, анимационные рисунки и другие виды технических и информационных технологий.

Как известно, XXI век – это век информатизации, в котором большое значение имеют информационные технологии. В настоящее время компьютер широко используется во всех сферах жизнедеятельности людей, в том числе и в системе образования. Всесторонне изучаются способы улучшения качества образования в мировом пространстве. В целом, посредством внедрения в учебный процесс компьютерных технологий, можно расширить возможности процесса образования.

Ключевые слова: *Образование, интернет-ресурсы, информатизация, качество образования, информационные технологии, гуманитарная сфера и т.д.*

Abstract

Now, as we know, new opportunities of training and education by means of use of achievements of Internet space along with innovative technologies of a modern education system roughly develop. In this regard today many methodologists consider various ways of training, using multimedia means, presentations, video movies, e-mail, animation drawings and other types of technical and information technologies.

It is known that HH_ of eyelids is a century of informatization in which information technologies are of great importance. Now the computer is widely used in all spheres of activity of people, including in an education system. Ways of improvement of quality of education in world space are comprehensively studied.

In general, by means of introduction in educational process of computer technologies, it is possible to expand possibilities of process of education.

Keywords: Education, Internet resources, informatization, quality of education, information technologies, humanitarian sphere, etc.

ӘОЖ: 373.313:159.922.72

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Нұрманова Гүлнұр Қайыржанқызы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

Магистратура және PhD докторантура институты 6M010200-

«Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының

I курс магистранты:

(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

Nurmanovag@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың сыни ойлауын дамытуға арналған әдістемелік жұмыстардың түрлері қарастырылған. Оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруға арналған қағидалар, сыни тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы айтылған. «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша, өткізілетін сабақ барысындағы мұғаліммен оқушының әрекеттері қандай болмақ. Осы жөнінде мағлұматтар берілген. Оқушылардың сыни ойлауын дамытуға байланысты түрлі әдістемелік жұмыстар мен әдіс тәсілдер жинақталған. Сыни ойлау нақты жағдайда бірнеше міндеттермен қатар, саралау, талдау тұжырымдарын шешеді.

Кілтті сөздер: *сыни ойлау, технология, зияткерлік, талдау;*

Тәрбие процесі оқушының жеке қызметі және тәрбиешінің оған бағыт беріп, жүйелеу шеберлігі негізінде қолдануы тиіс.

Л.С.Выготский

Қазіргі таңда азат еліміздің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру бағытына байланысты мұғалімдерге талаптар қойылуда. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында» (2007 ж., 28 ақпан): «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Оқы-тудың, әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау қажет»

деп көрсетілген. Оған сапалы білім, оқушының өміріндегі оқуға және өз білімін көтеруге дайындығы негізгі алғы шарт болып табылады.

Ғылым саласында білімді дамытуға арналған жаңа технологияларды пайдалануға ерекше мән беріледі. Аталмыш технологиялардың ішіндегі сөзіме арқау болар түрі: оқушылардың сыни ойлауын дамыту болып отыр. Қазірде сыни ойлау мектептерге енгізілуде. Менің ойымша қандай технология түрін қолдансақ та, ол оқушының білім, білік, дағдыларын дамытуы қажет емес пе?! Ол үшін, әр оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі бағыттағы жұмыстар жүргізілуі қажет секілді.


Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жүзеге асырады. Сабақ қызықты болса, оқушының сол пәнге қызығушылығы артып, мұғалімнің еңбегінің еленгені байқалады. Сол үшін оқушыларды әр сабақта ынталандырып отырған жөн. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту жолдары: олардың өзара бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру нәтижесінде, өзара көмек көрсету, өз ойларын көпшілік ортада еркін айту, өзін басқалармен салыстырып, кеткен қателіктерін түзеу, қандай жағдай болмасын, оларға сыни көзқараспен қарау, айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасау, өзін-өзі дамытып, әрі қарай жетілдіру міндеттері орындалмақ.

Аталған технологияны қолдануда: оқушыларды шағын топқа бөлу арқылы оқытқанда, олардың арасында өзара қарым-қатынастары бекиді. Оқушылар өздерінің қатарластарымен бірлесе жұмыс жасау үшін өз білімін басқалардың білімімен салыстыру, ойлау тәсілдерінің қалыптасуына және де дүниетанымын кеңейтуге жол ашады. Тағы да бір ерекшелігі - тұлғааралық қатынастарды байланыстырып, оқушылардың өз пікірлерімен бөлісуі, басқалардың ойын сыни тұрғыда ойлау, жалпы қарым-қатынас мәдениетіне үйрету болмақ. Сондықтан да, олардың бірігіп жұмыс істеуі кезінде өз күштеріне деген сенім пайда болады. Олар өзінің жеке пікірін басқа бір пікірмен салыстыра отырып, соның нәтижесінде дұрыс шешім қабылдауға үйренеді. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту-әрбір оқушының тәрбиеленуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтенуіне, педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға, өз ойын ашық жеткізуіне септігін тигізеді [1].

Оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру мақсатында мына қағидаларды негізге алу қажет:

- Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға байланысты тірек ұғымдарды ғылыми педагогикалық тұрғыда негіздеу;
- Оқушылардың өз ойларын ашық және еркін жеткізе білуге үйрету;
- Өз ойын топ алдында қысылмай, айтып, қорғау білуге дағдыландыру;
- Шығармашыл, белсенді, жауапкершілігі мол, денсаулығы мықты, рухы бай, мәдениетті, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.
- Оқушылардың сабаққа деген қызушылығын арттырып, олардың белсенділігін жоғарылату.

«Сын тұрғысынан ойлау» жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастыру арқылы: оқушылардың қызығушылығын ояту, тақырып мазмұнын ашу, ұжымдық тұрғыда бірлесіп жұмыс жасау, оқушылардың деңгейіне қарай саралап топ-топқа бөліп оқыту орындалады.



Сын тұрғысынан ойлау оқушының бұрынғы білетінін жаңа білім арқылы ұштастыру, оны есте қайта жаңғырту арқылы қағаз бетіне түсіру, оны топта талқылау арқылы ойының шыңдалуына жеткізеді. Ол үшін мұғалім оқушылардың ойлануына уақыт беріп, ойын ашық айтуына жағдай жасай отырып, әр түрлі пікірлерді соңына дейін тыңдай білу, айтқан ойын нақты деректермен дәлелдеу шарттары ұсынылады[2].

Шығармашыл, ойлы, құзыретті, зияткерлігі мол, жан-жақты тұлғаны қалыптастыру, білімді тұлғаны дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану бүгінгі қоғам басты талабы. Сол себептен де оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, сабақтың әдіснамалық негіздерін толық меңгере отырып, тиімді пайдалану арқылы, дұрыс бағытын нақты анықтау және жүзеге асыру-мұғалімдер алдында тұрған басты мақсаттың бірі болып саналмақ. Қай заманда болмасын білім беру үрдісі, ең алдымен, мұғалімнің қызметі мен іс-әрекеті және тынымсыз ізденісі арқылы жүзеге асады.

Меніңше, қазіргі таңда, педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми - әдістемелік тың ізденістерге сүйене отырып, жаңашылдыққа талпыну қажет-, деп ойлаймын.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы шын мәніндегі басты жаңалық пен жақсылықтың нышаны емес пе?! Жолдаудың басты бөлімдерінің бірінде: «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман» деп Елбасымыз айтқандай, дарынды, білімді ұрпақ-еліміздің ертеңі екені даусыз.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы, дамыта оқыту, модульдік оқыту жолдары-білім берудің, оқытудың жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін жүргізілген жұмыстардың жаңа ізденістері мен жетістіктері болып табылмақ. Бұлар-педагог пен ғалымдар мен мұғалімдер тарапынан үлкен қолдау тапқан педагогикалық технологиялар болып есептеледі.

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту үшін, оларға көркем шығармаларды ұсыну арқылы, сол тақырыпқа сай, тақырып төңірегінде бұрынғы білетіндерін ортаға салып, баланы қызықтыру, олардың топ ішіндегі, сынып ішіндегі белсенділіктерін оятудың қажеттілігі зор[3].

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша, өткізілетін сабақ барысындағы мұғаліммен оқушының әрекеттері қандай болмақ:

Мұғалім:

- оқушыларды топқа бөледі;
- Сабаққа қатысты қызық тақырыпты таңдайды;
- Шығарманың ең құнды мәселелерін анықтауға кеңес береді;
- Оқушылардың кейіпкер бейнесіне енуін қадағалайды;
- Оқушыларға өз ойларын қағаз бетіне түсірулерін талап етеді;
- Сабақ соңында қорытынды жасауға бағыттайды

Оқушылар:

- ❖ Әр топта жұмыс жасайды;
- ❖ Берілген мәтінмен өздері танысады;
- ❖ Шығарманы әр түрлі әдістері арқылы саралап, талдайды;
- ❖ Кейіпкерлердің рөлдерін өздері шамалары келгенше сомдайды;
- ❖ Сабақ соңында ой қорытып, тұжырым жасайды; [4]

Оқушыларды сыни тұрғыда ойлауын дамыту оқушылар бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болады. Атап өтер болсам;

Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен ойлау қабілетімен ерекшеленеді

Өзі қатарлас оқушылардың сөзін бөлмей тыңдауға үйренеді

Өз ойларын жаңа тың ақпараттармен қосымша мәліметтермен жеткізеді

Өздеріне жүктелген барлық тапсырмаларды дер кезінде орындауға тырысады

Міне, сондықтан да оқушылардың сыни ойлауын дамыту жұмыстарын тиімді жүргізу арқылы олардың шығармашылық қабілетімен қатар, өз ойын

ортаға салуға, кез-келген тақырыпты өз бетімен талдауға, өзіндік ізденіске алып келері сөзсіз.

Бүгінгі күннің басты талабы- ойы ұшқыр, талабы теңіздей тасқындап тұрған, рухы биік, әлемдік деңгейге қабілетті тұлғаны тәрбилеу. Елдігіміздің ертеңіне айналған балғындарымыздың сапалы білім алуы бүгінгі күннің басты мәселесі.

Ал мәселенің шешімінің табуы сіздер мен біздердің алға қойған міндетіміз орындалуынан көрініс табары хақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 28 ақпан, 2007 ж.
2. Чарльз Т, Л. Д. Жинни, С. Мередит // Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту жобасы үшін дайындалған әдістемелік құрал. №I, II, III кітапшалары
3. Махамбетиярова К. // Сыни ойлауды дамыту // Қазақстан мектебі. – 2002. 43-бет
4. Ысқақова Г. // Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологияларды енгізу – оқушылардың білім сапасын арттырудың негізгі кепілі // Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Алматы. 2003. 67-бет.

Аннотация

Статья посвящена формам методических задач, развивающих критическое мышление о зрелости и проектах и принципах критического мышления. В статье определяется роль учителя и зрелости в уроках критической мышления. Критическое мышление-система суждений, которая используется для анализа вещей и событий с формулированием обоснованных выводов и позволяет выносить обоснованные оценки, интерпретации, а также корректно применять полученные результаты к ситуациям и проблемам. Эти методы используются при решении задач, формулировании выводов, вероятностной оценке и принятии решений и требуют навыков, которые обоснованы и эффективны для конкретной ситуации и типа решаемой задачи.

Ключевые слова: критического мышление, технология, интеллектуальный

Abstract

The article is devoted to the forms of methodical tasks developing critical thinking of pupil and projects and principles of critical thinking. Role of teacher and pupil in the lessons of critical thinking technology is defined in the article. Critical system of judgements, that is used for the analysis of things and events with formulation of reasonable conclusions and allows to take away reasonable estimations, interpretations, and also it is correct to apply the got results to the situations and problems. These methods are used for the decision of tasks, formulation of conclusions probabilistic estimation and making decision and require skills that is reasonable and effective for a concrete situation and type of the decided task.

Keywords: critical thinking, technology, intellectual, analyze.

ӘОЖ 373.091.26

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Саймасева О.У. –

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 1 курс магистранты

Аңдатпа

Мақалада бастауыш білім беру ісіндегі білім сапасын анықтау мен бағалау мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар бастауыш сыныптағы білім сапасын бағалаудың тарихынан қысқаша мағлұмат беріліп, баға қоюдың субъективті қателіктері туралы баяндалады.

Кез келген дамыған елде білім сапасы мемлекет пен қоғамның қатаң бақылауында тұрады. Қазақстанда білім сапасын бағалаудың бірыңғай ұлттық жүйесі құрылды. Білім беру мониторингі білім сапасын сырттай және ішкі бағалау әдістері арқылы өткізіледі. Тәуелсіз сыртқы бағалау лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, ұлттық бірыңғай тестілеу, мемлекеттік аралық бақылау, талапкерлерді кешенді тестілеу және т.б. элементтерін қамтиды.

Кілтті сөздер: білім беру, сынып, сапа, баға, т.б.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты мақаласындағы жиырма тапсырманың үштен бірі білім беру жүйесіне қатысты, бұл кездейсоқтық емес - адами капиталдың сапасы әр адамның білімділігі және кәсіби шеберлігі деңгейімен тікелей байланысты [1].

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт.

Оқушының білім сапасы білім саласындағы мемлекеттік саясат негізінде нормативті – құқықтық актілерде негізделген. Әсіресе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Жалпы орта білім мазмұны және жүйесі Тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білімді дамыту Тұжырымдамасында нақтыланған.

Қазақстан Республикасы азаматтарының халықаралық білім кеңістігіндегі және еңбек нарығындағы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білімнің сапасына «білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына,

жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институцио-налдық құрылымдары, нысандары мен әдістерінің жиынтығы», -деп сипаттама берген.

Білім беру сапасы – Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, Т.И.Шамова, В.К.Кальней, Б.Әбдікаримов, т.б. ғалымдардың еңбектерінің өзегі. Оқыту сапасының өлшемдері Ж.А.Қараев, М.Ж.Жадрина, Т.Т.Галиев, Г.О.Искакова сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан талданған.

Педагогикалық әдебиеттерде білім сапасы (білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде жалпы білім беретін оқу орындарының жетістігі), оқыту сапасы (мұғалім білім берудің әртүрлі оқыту технологиясын, әдістемесін, құралдарын қолдану арқылы жетеді), оқушының білім сапасы және т.б. ұғымдар кездеседі. Біздің қарастыратынымыз оқушының білім сапасы, яғни орта, негізгі, бастауыш білім беру мазмұнының міндетті минимумын игерген жетістігін бағалаумен анықталатын (күнделікті, тақырыптық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық, қорытынды) нәтижесі. Бұл анықтама ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы білім беру сапасы күтілетін нәтижеге қол жетуімен анықталады деген көзқарасқа сай келеді.

Ел үкіметі 2011 жылы шілдеде ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің аумақтық органдарын құру жөнінде қаулы қабылдады. Сөйтіп, барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларында білім саласындағы бақылау департаменті дүниеге келді. Көптеген міндеттерінің ішінен білім сапасын арттыруға әсер ететіндерін атап өтейік – білім беру мониторингін жасау, ұлттық тестілеу барысын және оқу жетістіктерін сырттай бағалау рәсімдерінің жүргізілуін қадағалау. Тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен бері барлық балалардың жастайынан білім алуын қамтамасыздандыру, елімізді дамыған 50 елдің қатарына қосу тәрізді бірқатар үлкен міндеттер күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Әсіресе, мектеп табалдырығын алғаш аттайтын бүлдіршіндердің білімінің сапалы болуын білім беру ісін қадағалайтын мекемелер әрдайым бақылауда ұстайды. Себебі бастауыш білім беру сатысы үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді. Бүгінгі бастауыш мектеп үлесінде жан-жақты әрі үйлесімді дамыған, қажетті біліктер мен дағдыларды меңгерген, мәдениетті азамат тәрбиелеу болып отыр. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларына берілетін білімнің сапалылығы мен оны бағалау ісі өте көкейтесті проблемалардың бірі. Себебі оқушылардың оқу-танымдық жұмыстарын қадағалау нәтижесі сол жұмыстарды бағалаудан көрінеді. Мәселені өзі дәрежесінде дұрыс шешу үшін бағалау мәселесіне қатысты бірқатар ұғымдарға тереңірек тоқталуды жөн деп санаймыз.

"Бастауыш- білім негізі" деген пікір орынды айтылған, сондықтан білім берудің басты міндеті сапаға зейін аудару, ұғымдар, ережелер, амалдар-педагогикалық іс-әрекеттер арқылы қалыптастырылып, жүзеге асырылуы тиісті. Бастауыш мектеп-баланың дамуының іргетасы қаланатын ерекше

кезеңі болғандықтан, олардың алғашқы ұғымдары да осы уақытта қалыптасады.

Бастауыш мектептің жас ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған негізгі мақсаттарының бірі-қоғамға өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, мемлекетіміздің болашақтары-жан-жақты жетілген, дамыған, табанды жеке тұлғаны қалыптастырды.

Бастауыш сатыға білім мазмұнын жаңарту және оқу үрдісінің жаңаша ұйымдастыру-сапалы білім беру, оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіруді қамтамасыз ету, анық философиялық, педагогикалық, психологиялық негіздердің терең, жүйелі зерделеу, салыстыруды қажет етеді.

Жалпы білім беру ісіндегі бағалау ұғымы – бұл оқушының білім жетістігінің деңгейіне баға берумен аяқталатын кез келген формалданған немесе эксперттік процесс [2, 27 б]. Ал, бағалау балы (баға) – білім алушылардың білімін, іскерліктері мен дағдыларын мектептік (ЖОО-да) бағалаудың шарты сандық көрінісі. Сандық немесе сөздік формада болуы мүмкін. Отандық білім беру жүйесінде келесідей критерийлер бойынша бесбалдық жүйе қабылданған:

5 (өте жақсы) – толық, жан-жақты жауап немесе сипатталатын құбылыс пен оның практикалық мағынасын толық және терең түсінетінін көрсетіп, сауатты әдеби тілмен баяндалған білімдері болғанда;

4 (жақсы) – осындай жауапта, бірақ, кейбір дәл емес немесе жеңіл қателер болғанда;

3 (қанағаттанарлық) – оқу материалы негізінен меңгерілген, бірақ елеулі қателіктер жіберілген, әйтсе де білім алушылардың білім деңгейі одан арғыны меңгеруге қабілетті жағдайда;

2 (нашар) – тексерілетін білімнің елеулі бөлігін меңгермегенде;

1 (өте нашар) – берілген оқу материалын толығымен білмегенде. Сандық балл мұғалім пікірімен бекітіліп, нәтижесінде білім сипаттамасының толықтығы мен дәлдігіне қол жеткізіледі. Қазіргі уақытта бағалар жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде, себебі бесбалдық жүйе шын мәнінде төртбалдыққа айналды.

Оқу нәтижесі тек баға емес, басқа да жолдармен анықталуы мүмкін. Мысалы, ол ауызекі қолдау не қолдамау, алғыс жариялау, мақтау парағы және т. б.

Білім бағалауда шынайылық, білім сапасын анықтаудағы бірыңғай талап үлкен маңызға ие. Себебі, білімдік бағаоқушыға ықпал жасаудың өте нәзік құралы. Көтеріңкі баға шәкіртті қуантады, қанаттандырады, сонымен бірге оның жұмысқа болған немқұрайлылығын да пайда етеді. Әсіресе, болымсыз бағаның әсері күшті: ол баланың оқуға деген ықыласын арттыруы да не тіпті оқудан бас тартуға ықпал жасауы мүмкін. Сондықтан да, кейінгі жылдары бағалау, баға қою мәселесі үлкен пікір талас туғызып отыр. Педагогтардың бір тобы сыныптан сыныпқа оқушыны білім сапасына қарамастан өткізуді ұсынуда. Осыған байланысты еліміздегі бағалау проблемасының әркезеңдегі жайы өз алдына қызықты.

1917 жылға дейін оқушылар білімі балдық жүйеде бағаланды. Баға нөлден беске дейінгі алты балдық жүйеде қойылды. Кейін нөлдік баға жойылып, бес балдық жүйе қабылданды.

Оқу нәтижесін балл бойынша бағалау әр қилы көз қарастар туындатты. 1917 жылдан соң тіпті оқу жүйесінде бағалау, баға қоюға қарсылықтар да болды. Кеңестік еңбек мектебінің тұжырымдамасына орай оқу іс-әрекеттері шәкірттің қызығушылығына, дербестігіне, ынталылығына, шығармашылық сипатына негізделуі тиіс болды [3, 1196].

Дәстүрлі келе жатқан оқушыларды баға жәрдемімен тәртіпке шақыру әдістері тиімсіз деп танылды. Осыдан 1918ж. Кеңестік өкімет жарлығымен оқушы білімі мен тәртібін балдық жүйемен бағалау мектеп тәжірибесінен мүлде шығарылды, сыныптан сыныпқа өткізу, куәліктер беру оқушылар білімі жөніндегі педагогикалық кеңес шешімі негізінде орындалатын болды.

Емтихан түрлерінің: қабылдау, ауыстыру, бітірту – қай-қайсы да жүргізілмейтін болды. Сабақ барысындағы оқушыны жеке-дара тексеру де орынсыз деп табылды. Өте қажетті жағдайлар да жалпылама сынақтау сипатындағы ауызша сұрақтар мен жазба жұмыстарды ғана өткізуге рұқсат берілетін болды. Оқушылар мен өтілген тақырыптар бойынша мерзімді әңгіме-сұхбаттар жүргізу, оқыған кітаптары мен мақалалары бойынша баяндарын тыңдау ұсынылды. Оқушылардың жеке таңдауымен өз бетінше орындаған жұмыстары дәріптелді. Дәстүрлі қадағалау жүйесі өзіндік бақылаумен ауыстырылды, жеке оқушы табыстары еленбей, ұжымдық жетістіктер негізге алынды. Өзіндік бағалауда тестік қадағалау формасы жаппай қолданылды.

Бағасыз оқу бір жағынан тиімді де болды, себебі оқушылардың бір шамасында дербес, өзбетінше оқу қабілеттерін дамытты. Дегенмен, мұндай оқу көпшілік жағдайлар да оқушылар білімінің, тәртібінің құлдырауына алып келді. Оқушылар мектепте, үйде тиянақты білім игеру жұмыстарын тоқтатты, сабақтарға қатыспайтын болды. Сондықтан да, алғашқыда қадағалаудың әр қилы формалары біртіндеп енгізіліп, ал 1932 жылдан жеке оқушының білімі оның даралықты ерекшеліктерін ескерумен жүйелі бағалау принципі негізінде орындалатын болды.

1935 жылдың қыркүйек айынан бастап, бес сөздік (вербалды) баға: “өтежақсы”, “жақсы”, “қанағаттанарлық”, “жаман”, “өтежаман” – енгізілді. Бұл жүйе 1943 жылға дейін сақталды. 1944 жылдың қаңтарынан оқушы білімі мен тәртібін бағалаудың сөздік бағамен сандық баға жүйесімен ауыстыру жөнінде шешім қабылданды [4].

Реттелген тәртіпте білім есебін жүйелі жүргізу өзі нақтады, оқушылардың оқу дайындығы мен .

Оқу іс-әрекеттерінің нәтижесін балл жүйесінде бағалау көптеген кемшіліктеріне қарамастан өз баламасын таппай отыр. Дегенмен, педагог ғалымдардың көбі сауаттылық дәрежесін бағалаудың мұндай жүйесіне қарсы. Олардың дәйегі:

– білімділік іс-жүзінде үш балдық жүйеде бағаланады (“1”, “2” бағалары білімсіздік көрсеткіштері).

– білімділікті бағалаудың шынайылығы кем (“5”, “4”, “3” бағалары гимназиялық сыныптарға да, дарынды оқушылар топтарында да, ақыл-есі кем балалар оқуында да бірдей тең қойылады. Ал аталған оқу түрлеріндегі білім игеру нәтижесіне қойылған талаптар әр қилы болатындықтан бағалардың мәні біркелкілігін жояды).

– оқушылар білімін бағалауда үш балдық өлшем жеткіліксіз (сондықтан да оқытушылар қосымша өлшемдер қолданып жүр: балл жанына “плюс” не “минус” белгілерін қояды).

Ғалымдар әртүрлі балдық та бағалау жүйелерін ұсынуда. Бірақ, мектеп пен

жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъектив қателіктері төмендегідей:

– кеңпейілділік, орынсыз жомарттық. Баға ретсіз көтеріңкі қойылады. Оқушыларды бағалаудағы “жомарттықтың” шектен асқан, бүгінгі күнде мектеп тәжірибесінен арылуы қиындық тудырып отырған формасы – “проценттікке” жүгіну (процентомания).

– оқушыға болған ұнамды не кері қарым-қатынас күйін бағалауға, бағаға өткізу;

– көңіл-күйге орай баға қоя салу;

– тұрақты да қатаң өлшем-шектердің болмауы (деңгейі төмен жауап үшін мұғалім жоғары не ұнамсыз баға қоя салуы);

– орташа бағалау ұстанымында болу (“екілік” не “бестік” бағаларды қоймау);

– жүйе тұрақсыздығы (оқытушы көп уақытқа дейін сұрақ жүргізбей, баға қоймай не бір сабақты түгелдей сұрақ қоюмен оқушылар бағасын тізіп салу);

– өткендегі бағаға жақындау бағаны қоя салу (мысалы, оқушының өткендегі “екілігінен” кейін оған бірден “бестік” баға беру мұғалім үшін қиын сияқты);

– әсіре (ореол) қателігі (оқытушы өзі ұнатқан оқушысына жаман, жек көрген шәкіртіне ұнамды баға қоюда тартыншақтыққа түседі);

– баланың тәртібіне қойылатын баға пән үлгеріміне ауыстырылады;

– бағаны әсіре көтеру не себепсіз төмендету және т. б. [5, 576]

Дегенмен, әрқандай бағаны көтере түсу немесе төмендей бағалау негізінде неше түрлі мән болуы мүмкін. Мысалы, үлгерімі төмен оқушыға көтеріңкі баға қою оған психологиялық қолдау көрсетіп, алдағы оқуда ілгерілеуіне көмектесу ниетінен болуы мүмкін. Сондықтан бағалаудағы субъективтіліктің бәрін бірдей деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // Егемен Қазақстан. 10 шілде 2012.
2. «Білім және Ғылым» энциклопедиялық сөздік. Астана, 2009.
3. Сейталиев Қ.Б. Педагогика. Атырау, 2005. – 344 с.
4. Педагогика курсының лекциялары. Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университеті. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003. – 368 б.
5. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. «Серия учебник нового века», Санкт-Петербург, 2000.

6. Вульф В.З., Иванов В.Д. Основы педагогики в лекциях, в ситуациях, в первоисточниках. Уч.пособие. - М., 1997. – 288 с.

Аннотация

В статье рассматривается проблема оценки и определения качества в начальной образовательном деле. Также дана краткая информация об истории и ошибки субъективной оценки в качестве начальной образований.

Ключевые слова: образование, класс, качество, цена, т.б.

Abstract

In this article showed the problems of determining and valuation of quality in elementary educational system. Also, giver short information about the history of primary schools and subjective mistakes made in valuating the quality of elementary educanion.

Keywords: education, class, quality, price.

УДК 372.834

АТА-АНАЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Шалкеева Ж. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының
Ікурс магистранты

Аңдатпа

Қазіргі таңда елімізде, әсіресе қалалық жерлерде ата-аналарды өз балаларының сапалы білім мен жақсы тәрбие алуы және жан- жақты болуы толғандырмай қоймайды. Оған мысал ретінде біз ата-аналардың өз балаларын әр түрлі тіл курстарына (әсіресе ағылшын тілі) , спорт мектептеріне , өнер мектептеріне тағы да басқа көптеген курстарға белсенді қатыстырып жатқандығын айта аламыз. Бұл әрине қуантарлық жайт. Ал кей жағдайда ауылдық аймақтарда ата-аналар өз балаларына сапалы білім мен тәрбие бере алмауда. Оның ең басты себебі ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің жеткіліксіздігінде. Осыған орай мақалада ата-аналардың педагогикалық мәдениеті және оны арттырудың жолдары қысқаша қарастырылды.

Түйін сөздер: педагогикалық мәдениет, бала тәрбиесі, ата-ана, білім, ата-аналар клубы.

А.С. Макаренко: «Жақсы отбасы да, жаман отбасы да болады. Отбасы дұрыс тәрбиелейді деп кепілдік беруге де болмайды. Отбасы қалай болса, солай тәрбиелейді деп те айта алмаймыз. Біз отбасылық тәрбиені ұйымдастыруымыз керек және ұйымдастыратын бастау – мемлекеттік тәрбиелеудің өкілі ретіндегі мектеп болу керек».

Дүниежүзінде және өз елімізде білім мен отбасы тәрбиесі жайлы заңнамалар да жетерлік. 68 баптан тұратын 2007жылы шыққан Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» заңының 30-шы бабында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жайында және Бір жастан бес жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында және (немесе) мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылатындығы жайында жазылған. [1]

Қазақстан Республикасының Конституциясының Адам және Азамат бөлімінің 27 бабында былай деп жазылған: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауына болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті».[2]

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңының (2002 ж.) 15-бабында «Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негіздетегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі», делінген. [3]

Біріккен Ұлттар Ұйымының балаларды қорғау конвенциясында балалардың мәдени , саяси, азаматтық , экономикалық және денсаулық құқықтары қарастырылған. [4] Елімізде және халықаралық дәрежеде шыққан бұл заңнамалар бала тәрбиесі мен білімінің қоғамдағы атқаратын орнының қаншалықты жоғары екендігін айқындайтын бір фактор.

Осындай маңызды мәселеде ата-ананың орны ерекше екендігі сөзсіз. Білімді ұрпақ жетілдіру үшін ата-аналарымыздың өздерінің педагогикалық мәдениеті жоғары болу керек. Ата-аналарымыздың педагогикалық мәдениеті жоғары болғанда ғана баланың үлгерімі жоғары болады. В.Ю. Иващенконың «Пути повышения педагогической культуры современных родителей» деген мақаласында ата-аналардың педагогикалық мәдениеті жайында жазылған. Яғни В.Ю. Иващенконың жазуы бойынша Педагогикалық мәдениет дегеніміз бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті сезіне және түсіне білу, баланы оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда білікті болу, басқа мекемелердегі тәрбиешілермен, мұғалімдермен үнемі қарым-қатынаста болу. [5] С.Б. Сәдуақасованың «педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала социально неблагополучной семьи» деген мақаласында баланы өмірге келгеннен, кәмелеттік жасқа толғанға дейін жақсы тәрбиелеу оңай нәрсе емес. Ата-ананың балаға дұрыс тәрбие бере алмауы әрине балаға кері әсерін тигізбей қоймайды. Ата-ананың балаға дұрыс тәрбие бере алмауына көптеген факторлар әсер етеді : жанұялық қарым-қатынастар, ата-аналардың адагершілік қасиеттері мен дүниетанымы, жанұядағы қалыптасқан дәстүрлер мен қоғамы қарым-қатынастары. С.Б. Сәдуақасованың ойынша қазіргі таңда , қоғамның дамыған кезінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға деген көзқарас та өзгерді. Яғни қазіргі қоғам ата-аналардың кәсіби деңгейдегі педагогикалық мәдениетінің артуын талап етеді. [6]

И.В. Гребенников ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруда бірнеше жолдар көрсеткен:

-Техникум және училищенің жоғарғы сыныбынан бастап ер балалар мен қыз балаларға отбасылық тәрбие беру;

-Университеттер,ұлттық университеттердің кейбір факультеттері және мәдениет Сарайымен ұйымдастырылған жас отбасы клубтарында жастар мен жас отбасыларына бала тәрбиесін үйрету;

-Балабақшалар мен ұлттық университеттерде ата-аналарды мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуге дайындау;

-Арнайы курстар мен семинарларда қоғамдық жұмысшыларды ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға дайындау;

-Семинарларда, арнайы курстарда , лекциялар мен университеттерде мұғалімдерді ата-аналармен бірге тәрбие жұмысына дайындау; [7]

Меніңше бүгінгі таңда ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру үшін бұл жолдардан басқа көптеген әдістер бар.

Мысалы:

- Ата-аналар бала психологиясы мен педагогикасына байланысты интернеттен алуан түрлі материалдар ала алады,егер ата-ана ағылшын тілін жетік меңгерген болса, бала тәрбиесіне байланысты Еуропа елдерінің әдістерін үйрене алады.

- Педагогика жайында ,мектепке дейінгі жастағы баланы мектепке қалай дайындау керектігіне байланысты көптеген журналдар бар.

- Бұқаралық ақпараттар құралдарының да ата-аналарға арналған арнайы бағдарламалары бар.

-Менің ойымша ең жақсы әдіс - ата-аналардың өздерінің арасында бала тәрбиесіне байланысты клуб құру. Бұл клубта ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өздерін толғандырып жүрген мәселелермен басқа адамдармен бөлісу мүмкіндігіне ие бола алады,солайша ата-аналар бір-бірімен тәжірибе алмастыра алар еді. Бұл клубтардың қызық өтуі үшін ата-аналар бала тәрбиесіне байланысты әртүрлі ойындар ойнайды, жарыстар ұйымдастырады, пикникке шығады.

- Ата-аналардың клубқа келуге мүмкіншіліктері болмаған жағдайда, өзара сайт ашып сол сайттарда бала тәрбиесі мәселелерін қарастыра алады.

Осы мәселелерге және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының жағдайын көтеруге , ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында «Әлеуметтік жетімдердің санын азайту және тұрақты отбасын қамтамасыз ету» жобасы аясында Астана қаласында іс-шаралар өтті. Ата-аналар клубының қызметі жүзеге асу үшін керекті жағдайлар қарастырылды.

1. Методологиялық жағдай

Педагогикалық процестегі теорияның орны,әлеуметтену теориясы, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы

2. Нормативті-Құқықтық жағдай

ҚР-ның «Неке және отбасы» Кодексі , Қазақстанның «Қазақстандағы бала құқығы» туралы заңы.

3. Ғылыми-ұйымдастырушылық жағдай

Арнайы мамандардың қатысуымен тренингтер ұйымдастыру арқылы, сұхбат жүргізу арқылы , лекциялар өткізу арқылы ата-аналар клубын

ұйымдастыру.[8] Аталған іс-шараларда ата-аналардың балаларымен қарым-қатынасы зерттелді.

Менің ойымша осындай іс-шаралар жиі болып тұруы керек. Қазақ халқында мынандай мақал бар :«Ұянда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» , яғни ұяда бала тәртіп пен жақсы тәрбиені көрсе, болашақта елімізге пайдасын тигізері сөзсіз. Қазақ елінің жарқын болашағы – оның білімді жастары. Ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың айтқанындай «Бәсекегеқабілетті қоғам құру негізі- сапалы білім беру» Ал сапалы білім беру ата-ананың міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі :

1. Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» , 2007ж.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы,
3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңы, 2002 ж.
4. «Балалар құқығы туралы Конвенция» , БҰҰ (1989ж.)
5. «Пути повышения педагогической культуры современных родителей»,В.Ю. Иващенко, Я.А. Шевцев.
6. «Педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала социально неблагополучной семьи»,С.Б. Сәдуақасова
7. Гребенников И.В. Школа и Семья.-М., 1985
8. «Педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала социально неблагополучной семьи»,С.Б. Сәдуақасова

Аннотация

Данная статья рассматривает роль родителей в воспитании ребенка, также методы и пути повышения педагогической культуры родителей.

Abstract

The article is devoted to the role of the parents in education of their children, as well as the methods of improving pedagogical culture of the parents.

УДК 377

APPLICATION OF ELECTRONIC BOOKS IN EDUCATION

A. B. Shotanbayev - 2 year master degree student of KazNPU named after Abay

Abstract

This article is about advantages of using electronic books (eBooks) in education. At the beginning there is given a general information about eBooks. Then eBooks are compared with traditional paper books and analyzed by giving advantages of them, which is supported by some statistical examples. In the main part of the article there is a description of different functions of eBooks which help to improve education. For example, digital or electronic text offers options such as Text-to-Speech that provide users additional modalities for receiving

the information. New tools now allow readers to interact with the text to the extent of taking notes, marking, highlighting, drawings, bookmarks, searching, and even interacting with associated dictionaries. In conclusion, inevitability of application of eBooks in future is described. Therefore there is a necessity of developing eBook usage in nowadays educational system.

Key words: *electronic book, hardware, software, text-to-speech, PDF, HTML, Microsoft Reader*

EBooks are text documents that have been converted and published in a digital format that display on specialized reading devices or computers. EBooks have two basic components, hardware and software. The hardware, known as a reader, is a special computer style device or program that displays the book on a screen, and the software contains all of the content: text, pictures, and other information. Today there are many online libraries of electronic text and online sellers of electronic books. EBooks can be purchased and downloaded to an eBook reading device. While competing formats exist, the capabilities of eBook readers and creation programs have expanded and improved. Initially an eBook was a single web page read by scrolling. Today's eBooks, some of which are still published in classic pure text or html formats, have exceeded that single page design. Today's eBook formats and their readers present text in a more user-friendly style. EBooks and readers display book content page by page in a portrait orientation, allow users to adjust text size, remember where reading stopped to enable continuation from that point, allow readers to take notes within the book, highlight portions of the text, add drawings, look up definitions, and read the book aloud. The books are no longer limited to computers connected to the internet, but can also be stored and read on laptops, pocket computers using Windows CE and Palm operating systems, and other different eBook reading devices. The variety of reading devices allows people to access eBooks anywhere. It is possible for a person to carry his or her own personal or professional library in a pocket for anytime access, storing the books on a computer chip.

The ability of some eBooks to use Text-to-Speech programs offers users an additional modality for receiving the information. According to CAST (Center for Applied Special Technology), in order to reach learners with disparate backgrounds, interests, styles, abilities, disabilities, and levels of expertise educational materials should be flexible and adaptable for all learning styles. Studies have found advantages of using electronic text technology applications with struggling readers because of the nature of electronic text over paper-based [1]. Anderson-Inman and Horney indicated that students benefit from the scaffolding advantages of voice output, online dictionaries, and note taking offered by electronic text to achieve success in learning. Standard print text can create a barrier for dyslexic and visually impaired students. EBooks make information more accessible to students with disabilities. Material in digital form offers many advantages for students with or without disabilities [2].

EBooks have features that traditional paper books do not. Users can control the look and feel of the eBook, and also save notes, highlights, and drawings

within the eBook. Another advantage is size; the amount of text in a book takes no additional space in an eBook, and the only limit on the number of books that can be stored is the memory available. A study conducted by Simmons College researchers found that the average weight of a backpack in middle school was nine kilograms, and that more than half of the participating students carried loads that were heavier than 15 percent of their body weight [3]. Doctors suggest that to avoid injuring the body, never carry more than ten percent of bodyweight. The ability to carry many books, references, and resources electronically allows users to make better use of the information, with just-in-time educational advantages. According to the one eBook company, using the PDF format a gigabyte of storage could contain over 200 illustrated college reference books, or 350 legal volumes, or about 2 500 600 page novels [4]. The eBook system allows users to have volumes of information either at their desktop or within their pocket. Distributing paper documents among colleagues or students traditionally requires expense in both time and money. eBook files can easily be sent through e-mail or made available on the web.

Using an eBook in the educational setting is no different than using a printed material. Electronic text can be books, documents, articles, reading lists, reference material, anything that is usually printed on paper. eBook files can be distributed to students through a variety of methods including internet and discs. Instructors could compile student reading material from a variety of sources such for students' access on either handheld devices or computers. The use of handheld devices adds a level of mobility and access to reference that was heretofore impossible, which makes this format ideal for distance education students, or students who cannot otherwise use paper based materials. The eBooks and reader can act as a personal reference library for students, allowing constant access to resources. Currently numerous online libraries and bookstores distribute freely or sell eBooks which range from copyright free texts that include much of classic literature, science and philosophy to current best sellers, reference books, and instruction manuals. Instructors can add notes, advance organizers, comments and questions to the texts before converting them to eBook format. As the material is in electronic format, students can copy and paste information to use in reports, to take notes, or for analysis. Some readers allow annotations, enabling a student to take notes within the book, allow bookmarking of locations within the text and have interactive dictionaries for just-in-time learning. Instructors could distribute annotation files for texts that make adaptations for special needs students, such as highlighting and providing graphic organizers, or the annotation file could contain specific questions for students to answer and return.

EBooks allow instructors to carry with them and have at their desktop or handheld computers a professional library, with texts, sites, articles, and writings. Instructors could carry all their course syllabi, along with course packets, and possibly textbooks and reference materials, available at an instant's notice anywhere. Educators can easily create and carry with them their own professional portfolio or could convert a student's work into an eBook for portability, then evaluate or edit it by making comments using the annotation features and send it

back to the students with the annotation file for review. An instructor can read a book, highlighting important sections, adding comments, book marking important locations and then have the student read that book, with the instructor's annotation file providing the student with an advance organizer including comments and directions.

EBooks come in a variety of formats, some of which are platform or device specific, while others are cross platform. HTML or text based eBooks are ready to use in standard browsers and users can adjust text styles, size and colors. With HTML or text it is possible to search within the book and copy and paste selected text to other programs. Adobe PDF eBooks are accessible to most operating systems, including Macintosh and Windows, for viewing and printing. The PDF format allows for page navigation, multiple viewing options, adding bookmarks and searching. Many consider the Adobe Portable Document Format (PDF) a standard for electronic distribution worldwide, as PDF files are compact and can be easily shared, viewed, navigated, and printed using a PDF reader such as Adobe Acrobat [5]. Palm eBooks can be read on Palm handheld devices and their format allows for various fonts and font sizes, controlling the amount of text on the screen. Microsoft Reader eBooks are compatible with Windows (95+) operating systems for desktop and laptop computers as well as handheld devices. Microsoft Reader uses a technology called "ClearType" to make words on screen appear more like print. The MS Reader's navigation system allows for multiple methods of page navigation and will remember where readers have stopped. The MS Reader allows creation of annotation files for the text that allows various colored bookmarks and highlights, searching, and dictionary lookup features. MS Reader's current desktop and laptop versions can also read text aloud [6].

The electronic book is by no means finished in its development. Hopefully in the future there will come a time when one content format is finally agreed upon. Currently companies are working on adding audio, video, and text-to-speech components for eBook software. Online bookstores are expanding their holdings of eBooks, with some of the college bookstore organizations including eBook forms of texts. As handheld computing devices continue to improve in their abilities and continue expand their market, it is expected that eBooks will expand with them.

List of sources:

1. McKenna, M. (1998). Electronic texts and the transformation of beginning reading. In D. Reinking, M. McKenna, L. D. Labbo,& R. Kieffer (Eds.). Handbook of literacy and technology: Transformations in a post-typographic world. Mahwah, NJ: Erlbaum.
2. Anderson-Inman, L. & Horney, M. A.. (1998). Transforming text for at-risk readers. In D. Reinking, et al. (Eds.), Handbook of Literacy and Technology: Transformations in a Post-Typographic World. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates
3. ICPA - International Chiropractic Pediatric Association (2001) Backpacks' Your Child's Spine Is At Risk.
4. Munyan, J. (1998). Proceedings from first international etext conference

5. Adobe Systems Incorporated (2001) Adobe eBook Reader.
6. Microsoft (2001) Microsoft eBooks and Microsoft Reader.

Аңдатпа

Бұл мақала білім беру жүйесіндегі электрондық оқулықтардың қолданылуы туралы жазылған. Мақалада алдымен электрондық кітап жайлы жалпы ақпарат беріледі. Кейін бұл кітаптардың дәстүрлі кітаптармен салыстырғандағы артықшылықтары және кейбір статистикалық мысалдар келтіріледі. Мақаланың негізгі бөлімінде электрондық кітаптардың білім беру деңгейін көтеруде зор үлесі бар қосымша функциялары сипатталған. Мысалы, сандық немесе электрондық тексттердің мәтінді дыбыстық түрде ойнату, мәтінге тиісті белгілер енгізу, іздеу және сөздік қолдану сияқты оқушыларға ақпарат алудағы қосымша мүмкіндік беретін әр түрлі функциялары қарастырылған. Мақала қорытындысында, келешектегі электрондық оқулықтардың ролі және заманауи білім жүйесіне осы оқулықтарды енгізу қажеттілігі туралы айтылады.

Түйін сөздер: электрондық оқулық, мәтін-дыбыс, құрал-жабдықтық қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз ету, PDF, HTML, Microsoft Reader.

Аннотация

Эта статья посвящается использованию электронных книг в образовании. В начале статьи дается общая информация об электронных книгах. Далее приводится сравнение электронных книг с традиционными бумажными книгами, анализируя их преимущества, которая поддерживается некоторыми статистическими примерами. В основной части статьи дается описание различных функций электронной книги, которые помогают повысить уровень образования. Например, цифровой или электронный текст предлагает возможности, такие как воспроизведение текста в звуковом формате, которое предоставит пользователям дополнительные условия для получения информации. Новые технологии позволяют читателям делать заметки, выделения, добавлять рисунки, закладки, выполнять поиск и даже пользоваться с соответствующими словарями. В заключении говорится о неизбежности применения электронных книг в будущем, поэтому существует необходимость разработки использования электронных книг в современной системе образования.

Ключевые слова: электронная книга, аппаратное обеспечение, программное обеспечение, текст-речь, PDF, HTML, Microsoft Reader.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мадешова Гульзия Ботабаевна - Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
gulzia_87_82@mail.ru

Аңдатпа

Шығармашылық – бұл адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінетін әрекеттің жоғары деңгейі. Сонымен қатар, шығармашылық – адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі және бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Ал шығармашылық жоба – студенттің мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша орындалатын жеке немесе ұжымдық өзіндік жұмысы. Сонда шығармашылық жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, студентті ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеу.

Кілт сөздер: шығармашылық жұмыс, шығармашылық жоба, оқыту, т.б.

Қазіргі таңда елімізде білім беру үрдісінің өзіндік ұлттық үлгісі орнығып, жаңа мазмұндағы білім беру, оқыту жүйесі қалыптасуда. Дүниежүзілік білім беру әлеміне кіру мақсаты көзделіп, әрбір білім-ғылым саласында нақты жаңа өзгерістер енгізілуде. Мұндай түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесінің даму бағыттарын нақтылап, оны тың арнаға, жаңа сапаға қарай дамыту қажеттілігін міндеттеп отыр. Ұстаздарға оқыту әдістемелерін саралау, ғылым нәтижелерін сын көзбен бағалау, оқушыларды болашақта жан-жақты дамыған, рухани жетілген жеке тұлға ретінде қалыптастыру және өз іс-әрекетін, кәсіби шеберлігін жаңаша қалыптастырып, жаңаша ұйымдастыру сияқты міндеттер жүктеліп отыр. Сондықтан еліміздің алдыңғы қатарлы дамыған елдермен терезесі тең, өркениетті ел болуына, олармен білім мен ғылымы, мәдениеті мен технологиясы теңесуі үшін маңызды істер атқару – ел мүддесі алдындағы абыройлы міндет. Әсіресе, қазақ тілін оқыту барысында шығармашылық іс-әрекет, жоба жасауды саналы деңгейге көтеру – күрделі іс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына

жолдауында «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін не істеуіміз керек?»[1,8] - дей келе, оны іске асыруда «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда балаларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды»[1,8] және сонымен қатар «Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс»[1,8] деп атап өтті. Елбасымыз еліміздегі білім беру жүйесін жақсартуға өз үлесімізді қосуды міндеттейді және соған талпыныс жасауда. Сондықтан қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес студенттің ой-өрісін дамытып, алған білімдерін болашақта өз тәжірибесінде қолдану біліктілігін арттыруда ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқыту үдерісіне еніп жатқан жаңа бағыттарды ұстану, оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысу.

Жалпы алғанда, шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуірінде ойшылдардың назарында болғандығын «Шығармашылық теориясын» жасауға талаптанған көптеген ізденістерден байқауға болады. Әлемдің озық мәдениеттің шоқ жұлдыздары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлының даналық ой-пікірлерінің қазіргі заман талабымен үндесетін тұстары көп. Мәселен, Абайдың 19-қарасөзінде «Өнердің кез келгені адамның белсенді шығармашылық қызметінің барысында қоршаған орта шындығынан нәр алып, мазмұндық жағынан байи бермек»[2,234] деп есептейді.

Қазақ тілін оқыту барысында білім беруде алынған мәтіндер, мысалдар, сөйлемдер тікелей өмірмен, болып жатқан жаңалықтармен, ел экономикасы, өнеркәсіп саласындағы қол жеткен табыстар мен өнегелі адамдардың өмірімен таныстыра түсіндіру бағытында жинақталды. Студенттердің түрлі мәтіндердің көмегімен еліміздің егемендік алуы, тіл мәртебесінің жоғарылауы, тарихи тұлғалар туралы танымы артады, сонымен бірге мәтіндер тілді меңгерту барысында теориялық біліммен қабат ірі тарихи мәліметтермен ақпараттандырылады. Еліміздің ізгі мұрасын, ізгілік қасиеттерді сіңіру, салт-дәстүр үлгілерін көрсетіп, бойына сіңіру жолдары басты назарда болады.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, студент шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. «Шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі, екі құрамдас бөліктен тұрады. «Шығармашылықты біріншіден, студенттер дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады; екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады»[3,116].

Жалпы, «шығармашылық дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, шығармашылық – бұл адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен

көрінетін әрекеттің жоғары деңгейі. «Шығармашылық – ол таң қалу және танымдық қабілет, белгісіз жағдайда шешім таба алу іскерлігі, жаңалық аша білу және өзі ашқан тәжірибені ұғына білу қабілеті»[4,238]. Шығармашылық жұмыспен айналысу, оны ұйымдастыру – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Сонымен қатар, шығармашылық – адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі және бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Білім алу, оқу – алдағы үлкен өмірде өз орнында дұрыс таба білу үшін қажет дүние. Сондықтан оқу барысында студентке өз бетімен іздендіре отырып, өзіне деген сенімділік күшін тудырып, өз ойын анық жеткізе біліп, дұрыс шешім қабылдауға, яғни жеке тұлға болып қалыптасуына бейімдеу және зерттеу жұмысын ұйымдастыруға, жоба жұмыстарын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау қажет деп есептеймін.

Ал, енді «шығармашылық жоба» дегеніміз не? Шығармашылық жоба – бұл әр студенттің немесе топтаса отырып, белгілі бір тақырып бойынша өз ізденісімен жасайтын жаңа шығармашылық жұмысы. Мұндағы басты мақсат – студенттердің қызығушылығын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы болашақта кездесетін әр түрлі жағдайларда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу болып табылады. Сонда шығармашылық жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, студентті ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеу болып отыр.

Шығармашылық жоба - мұғалімнің қажетті нұсқаулар бойынша студенттің оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Шығармашылық жұмыстың негізгі ерекшелігі – студенттің берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінен орындауы болып есептеледі. «Мұндағы басты мақсат:

Біріншіден, студенттердің танымдық қызметіндегі дербестікті дамыту және одан әрі өрістету, оларды білімді өздігінен игеруге, дүниеге көзқарасын қалыптастыруға, ой белсенділігін арттыруға үйрету.

Екіншіден, оқшылардың алған білімін өздігінен іс жүзінде қолдана білуге баулу. Студенттерді шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын оятып арттыра түсу үшін, сабақта және сабақтан тыс уақытта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады»[5,58]. Сондай-ақ шығармашылық жұмыстың міндеттеріне мыналар жатады:

1. Жаңа материалды оқып-үйрену және оқып игеруге деген қызығушылықтарын ояту.

2. Жаңа білімнің мазмұнын жоспарлағанда студентке берілетін тапсырманы оның қабілетін ұштайтындай, ойын, қиялын дамытатындай етіп дайындау.

3. Студенттерге тапсырмаларды әртүрлі күрделірек дәрежеде орындату арқылы олардың білімін саралауды ұйымдастыру.

4. Студенттердің ізденімпаздық, шығармашылық мүмкіндіктерін тудыратын, қабілеттерін жан-жақты дамытатын әртүрлі белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану.

5. Студенттердің білім алу нәтижелерін жүйелі талдап, бағалап отыру. Ғылым мен білім дамып жатқан уақытта бұрынғы белгілі материалдарды көшіру немесе қайталауды шығармашылық деп айтуға келмейді, дегенмен, белгілі дүниелерді дамытып, жаңашаландыру, ерекше қасиеттерін табу – шығармашылыққа тән құбылыс.

Сонымен, қазақ тілі сабақтарында шығармашылық жобаны қолданудың маңызы:

1. Өмір шындығын, өзін-өзі тануына ұмтылады, ізденеді;
2. Прогрессивті алдыңғы қатарлы ойларды уағыздап, сыни ойлау деңгейі жоғарылайды;
3. Өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі түрде айналысады, өз жұмысына талдау жасауға қабілеті артады;
4. Эстетикалық талғамы және көркемдік мәдениеті жинақталады;
5. Барлық жаңалық пен озық ойларға қызығушылық танытады;
6. Белгілі бір мәселе шешуде тапқыр, өзіндік жеке пікірі қалыптасады;
7. Өмірлік позициясы, ұстанымы болады;

Қазақ тілді оқыту барысында шығармашылық жобамен жұмыс істеуде тірек ететін ұстанымдарымызды анықтау білім мазмұнын, дамыта оқыту мен сын тұрғысынан ойлау технологияларының әдістері мен стратегияларын мақсатқа сай ұйымдастырудың тиімді жолдарын ашуға мүмкіндік берді. Студенттің шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, олардың бойына адами қасиеттерді дамыту; дүниетанымын кеңейту; өмірде болып жатқан құбылыстарды пайымдай білу; алған білімін өмір шындығымен байланыстыра алу секілді қасиеттерді сіңіру әрекеттері сабақтастырыла жүргізілді.

Шығармашылық жоба арқылы қазақ тілін оқытудың зор тәрбиелік мәні бар. Адам болмысын тәрбиелеу үдерісінің маңыздылығы – оның жанын дамыту. Адамның өсіп-жетілуіне орай дамытылып отыратын әдіс-тәсілдерді қолдану, оны түрлендіріп, жаңғыртып пайдалану әрекеттерімен санасады. «Шығармашыл жеке тұлға тәрбиелеудің бірден-бір жолы – оның дүние сырын тануға деген құлшынысын қалыптастыру, өз бетімен дүние сырын танып-білуге құштарлығын ояту, дамытушылық іс-әрекеттер мен әдіс-тәсілдер таба білуге үйрету секілді тәрбиелік үдерістер негізі[6,160].

Қорыта келгенде, шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігімен, қиял ұшқырлығымен, әдемілікті сезіне білуімен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді. «Өз ойын жаза білу зиялылықтың бірінші белгісі. Шығармашылық адамның бақылағыштық қабілетін, қиялын, фантазиясын дамытады» - деген А. Рыбаковтың пікірі осыған дәлел. Шығармашылық жобаның негізгі сипаты жаңа, тың дүние жасауға, жаңа амал-тәсілдер табуға ұмтылыс жасау деп айтуға болады. Қазақ тілін оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесі студенттердің туған елін, Отанын сүйге, халықтық

мұраларды, салт-сананы қастерлеуге тәрбиелейді және әр студенттің жеке пікір, көзқарасын қалыптастырып, тұлғалық сипат алуына әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Алматы: ЮРИСТ, 2014-8б
2. Құнанбаев А.. Шығармалар жинағы. -Алматы: Жазушы. 1998.-234б.
3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.,1995.-116б
4. Андреев В.И.. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. К.Издательство Казанского Университета.-М.,1988. -238 с
5. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары.-А., Мектеп, 1978.-58б
6. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері(Көмекші оқу құралы). – Алматы, 1993.-160б
7. Ерхожина Ш. Л. Шығармашылықтың мәні, психологиялық негіздері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. -Алматы. 2007. -№8. -19б.

Аннотация

Творчество - это высший уровень действия на пути достижения целенаправленного дела, образующийся из желания и стремления, энергии и терпения, спроса и поиска, которое можно увидеть из интеллекта и чувства, особого устройства воображения. Вместе с тем, творчество – стремление, поиск к самопознанию истины человеческой жизни и источник всей жизни. Достижения людей начиная с момента, когда он начал разговаривать и до сегодняшних дней – это результат творчества. А творческий проект – индивидуальная и групповая самостоятельная работа студента, выполняемая по необходимому инструкции учителя. И тогда эффективность творческого проекта – видя, слыша и запоминая, вести студентов к поиску, к деловой и познавательной инициативе, к умению решать различные проблемы путем совершенствования творческих способностей, к находчивости, к новым научным поискам. В этой статье разносторонне рассматриваются вопросы как при обучении казахскому языку, используя проект можно приучить студентов к любознательности, пробудить творческие возможности, всесторонне развить мысли, воображение, способности, сформировать как личность, приучить к научному поиску.

Ключевые слова: творческая работа, творческий проект, обучать и т.д.

Abstract

Creation – it is the top action on the way of achievement some deal generated from desire and intention, energy and patience, request and search which is described from intellect and feelings, special form of imagination. However, creation is intention and search to self-knowledge of verity human life

and it is a source of life. The people progress starting with the talking moment till nowadays – it is the result of creation. The creative project is a student's individual and self-sustained group work doing with needed teacher's instructions. Then, the effect of the creative project -by listening, watching and remembering to lead the students to search, business and cognitive initiatives, ability of solving different problems through developing creative talents, gumption and scientific research. In this article the ways of learning the Kazak language are comprehensively studied. Using the project method, we can teach the students curiosity, awaken the creative talents, comprehensively developing of thinking, imagination and personality forming , teaching to search.

Keywords: creative job, creative project, to teach ets.

ӘОЖ 373.016: 73/76

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАБИҒИ, ТАРИХИ ДАМУ ЖОЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Назарымбетов Еркебұлан -

Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Магистратура және PhD докторантура институтының 6M010700- бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранты. (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

nazarymbetov1990@mail.ru

Аңдатпа

Автор мақалада XX ғасырдағы қазақ дәстүрлі бейнелеу өнерінің табиғи, тарихи даму жолдарын, ерекшеліктерін, тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттап, Қазақстан бейнелеу өнерінің кәсіби дамуына үлес қосқан сол кезеңдегі суретшілердің көркем шығармаларының символдық рәміздік және семиотикалық мәні мен мағынасын тоғыстыратын құралдарды ашып көрсете алды. Сонымен қатар бейнелеу өнерінің тарихи даму үрдісін, түрлері мен жанрларын, оның көркемдік тіл құралдарын талдап, Қазақстан бейнелеу өнері туындыларындағы халықтық өзіндік дүниетанымды, оның мәдениеті мен дәстүрлік ерекшеліктерін ерекше атап кеткен.

Кілтті сөздер: дәстүр, көркем, дүниетаным, бейнелеу өнері, символ, семиотика, рәміз, көркем образ, кәсіби, өнер, көркем туынды, образдық тіл.

Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі кезеңде қалыптасқан бейнелеу өнері - бай әлемдік көркем мәдениетінің аса бір арналы саласы. Көне дәуірден Еуроазия мәдениетінің дәстүрін сақтап қалған Қазақстанның бейнелеу өнерінің әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар. Қазақстанның бейнелеу өнерінің өзіндік қалыптасуы, даму үрдісі оның геосаяси жағдайына, қазақ халқының көшпелілік мәдениеті мен тарихи кезеңдердегі көркемдік гүлдену дәуірлерімен тікелей байланысты. Қазақстанның көне

өнері бастауын палеолит және энеолит дәуірінен алады. Алғашқы қауымдық мәдениетке саздан жасалған ыдыстардағы суреттер, т.б. жатады. Қазақстандағы бейнелеу өнерінің келесі даму кезеңі - қола дәуірі. Өзінің мифологиялық мазмұны мен сюжеті, пластикалық өрнегі жағынан ерекше қуатымен көрінген кешенді таңбалы тастар - Тамғалы, Бұғы тас, жоғары Ертіс алқабы, Орталық Қазақстан ескерткіштері осыны айғақтайды. Сақ дәуірінен жеткен бейнелеу өнерінің бай мұрасы да аса бай. Есік қорғанынан табылған сақ өнерінің кешеніндегі (б. з. б. V -IV, III - IV ғасырлар) бүгінге дейін сақталып жеткен “Алтын адам” соның ең бір көрнекті үлгісі.

Қазақстанның орта ғасырлардағы өнері өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Бұл кезеңдегі өнер тәңіршілдікпен, түркілердің қуатты саясатымен, қалалардың салынып, сауда мен қолөнердің дамуымен үндесті. Балбал тастар мен құлыптастар да осы кезеңнің туындылары. Зергерлік өнер, тері илеу, қыш құю, тоқыма өнері дамыды. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесі мен бейнелеу тілінің байлығы ою-өрнек өнерінде, белгі, таңба жүйесінде айқын ізін қалдырған. Адам мен табиғатты тұтас бірлікте қарастыратын қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен өнері киіз үйдің құрылысынан өз көрінісін тапқан. XVIII - XIX ғасырлар мен XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын Еуропа және орыс ориенталистері өз туындыларында (Т. Аткинсон, Б. Залесский, А. Горонович, В. Штернберг, Т. Шевченко, П. Кузнецов, Г. Хлудов) қызығушылықпен бейнеледі. Қазақтың дарынды ұлдарының бірі Ш. Уәлихановтың суреттері 19 ғасырдың екінші жартысындағы графикалық туындылардың Қазақстандағы алғашқы құнды үлгілері болып саналады. XX ғасырдың басында Қазақстанда кәсіби кескіндеме, мүсін, графика жанрлары қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылар - Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, Х.Наурызбаев, т.б. ұлттық кәсіби бейнелеу өнері алғаш еуропалық көркемдік дәстүр арнасында дамығанмен, кейіннен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүр негізінде өзіндік стильмен даралана бастады. Айқын ұлттық қолтаңбасымен көрінген С.Мәмбеев, М.Кенбаев, Қ.Телжанов, С.Айтбаев, Т.Тоғысбаев, Ш.Сариев сияқты дарынды көркем өнер шеберлерінің үлкен шоғыры қалыптасты. Халық өмірінің барлық қырын қамтыған қазақ бейнелеу өнері - қазіргі таңда ірі өнер саласына айналған. XX ғасырдың соңы ұлттық таным, төл тарих пен мәдениет тарапындағы ізденістер қарқынды дамып, қазақ өнерінің жетіліп, ұлттық көркем бағыттар, түрлі ағымдар, даралық стильдер туған кезең болды. Бұл бағытта Е.Мергенов, Е. Төлепбай, А. Ақанаев, А. Сыдыхан, Т.Маданов, А. Есенбаев, А. Есдулетов, т.б. жемісті еңбек етті. Қазіргі кезеңде қазақ бейнелеу өнерінің мәдени ескерткіштер, халық тарихының бастаулары, ұлттық ерекшелік, т.б. құндылықтарға ден қою, тың ізденістерге жетелеудің басты құралы болды.[1]

XX ғасырдағы қазақ бейнелеу өнері - көркем кескіндеме, мүсіндеме, графика, сән және қолданбалы өнер салаларын қамтитын, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер. Қазақ бейнелеу өнерінің бұқаралық ең ежелгі түрі – халықтың қолөнері болып табылады. Әдебиет пен музыкаға қарағанда, кәсіби қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және даму жолы өте

күрделі болды. Оның бастауында этнограф-ғалым Ш.Уәлиханов тұрды. Кейінгі зерттеулер Шоқан туындыларынан (әсіресе, графикалық суреттері), “Потанин”, “Тезек төре”, т.б. портреттік жұмыстарынан оның кәсіби суретшілерге тән шеберлігі байқалатынын анықтады. Шоқанның қас-қағым сәтте салған графикалық долбар суреттері қайта өрлеу дәуірі өкілдері (Леонардо Да Винчи, Рафаэль Санти) шығармаларымен сабақтасып жатыр (“Аға сұлтан портреті”, “Бақсы”, “Қазақ музыканттары”, “Шығыс ұйғырларының киімі”, т.б.). Шоқан Қазақ Бейнелеу Өнерінің графикалық саласында ғана емес, сонымен қоса, кескіндеме саласында да жоғары шеберлікке жеткен (“Алатау көрінісі”, “Жатақ”). Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін даярлайтын студия 1920 жылы ұйымдастырылып, онда Н.Г.Хлудов, Н.Антонов және мүсінші А.С. Пономарев сабақ берді.

XX ғасырдың 20 - 30 жылдары қазақ бейнелеу өнері шеберлері алғашқы қадамдарын жасады. Жас суретшілер кескіндеме мен графиканың кәсіптік шеберлігін меңгерді. Олар (Н.И. Крутильников, Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, И.И. Савельев, Б.Сәрсенбаев, Қ.Қожықов, т.б.) өздерінің қарапайым мазмұнға құрылған алғашқы еңбектерінде елімізде болып жатқан өзекті өзгерістерді бейнелеуге ұмтылды.

1928 жылы Семейде бейнелеу өнері шығармаларының алғашқы көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстан суретшілерінің кәсіптік шеберлікті тез игеруіне сол кездегі одақтас республикалардың, Мәскеу мен Санкт-Петербург шеберлерінің (Б.В. Иогансон, А.А. Дейнека, С.В. Герасимов, А.А. Пластов) тәжірибесі көп көмектесті.

1933 жылы республика Суретшілер одағының ұйымдастыру комитеті құрылды. 1934 жылы Мәскеудегі Шығыс мәдениетінің мемлекеттік мұражайында қазақ суретшілерінің тұңғыш көрмесі ұйымдастырылып, бір жыл өткен соң Алматыда Қазақ мемл. көркемсурет галереясы ашылды. Әлеум.-экон. және мәдени өмірдің жаңа жағдайлары, түбегейлі уақыт талаптары шығармаларға тың тақырып болды. Ә.Қастеев шығармаларының өзіндік ұлттық бояуы осы кезде жарқырап көрінді. Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және өркендеу жолы осы суреткер шығармаларымен тығыз байланысты болды. Көркем шығармаларды бүкіл Отан келбетімен бейнелейтін суретші Ә.Ысмайылов та қазақ кескіндемешілерінің аға буынына жататын. Өздерінің шығармашылық жолын республика өмірімен тікелей байланыстырған көптеген орыс шеберлері: кескіндемешілер - А.А. Риттих, Н.В. Соловьев, А.И. Бортников, Н.И. Крутильников, Л.П. Леонтьев, графиктер Г.А. Брылов, Б.А. Чекалин, Л.В.Гербановский, т.б. 30 жылдардағы қазақ бейнелеу өнерінің дамуына белсене ат салысты. 1940 жылы маусымда ашылған Қазақстан суретшілерінің I-съезі шығармашылық ұжымның біраз жылғы жұмыстарын қорытындылап, ұлттық өнерді одан әрі дамытудың жолдарын белгілеп берді. 40-жылдардың басында қазақ кескіндемесі мен графикасы едәуір табыстарға жетті. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында республика қыл қалам шеберлері өз өнерлерін фашист-басқыншыларына қарсы үгіт-насихат құралына айналдырып, бүкіл халықтық ерлікті,

қаһармандық пен қайсарлықты көрсетуге күш салды. Бұл жылдары Леонтьев, К.Я. Баранов, Риттих, А.И. Черкасский, И.Я. Иткинд, М.С. Лизогуб, т.б. табысты еңбек етті. [2]

Ал енді екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан бейнелеу өнерінің барлық түрі: кескіндеме, мүсіндеме, графика ілгері дамыды. Қазақ және өзбек халықтарына ортақ суреткер - қазақ табиғатын тамсана жазған, алғашқы академик-суретші О.Н. Таңсықбаев Қазақ Бейнелеу Өнерінде ерекше орын алады. Ол елден жырақ жүрсе де (Өзбекстанда тұрған) бар болмысымен, жүрегімен өзін әрқашанда елімен, жерімен бірге сезінген, қазақ табиғатын ерекше бір сүйіспеншілікпен жазған суретшінің бірі болды (“Қазақстан жолдары”, “Көш”, т.б.). 50-жылдардың соңы (Қ.Телжанов, М.Кенбаев) Қазақ бейнелеу өнері жанрлық және ізденіс бағыттарының санылығымен ерекшеленеді. Қазақ бейнелеу өнерінде графика саласы елеулі орын алады. 60-жылдары акварельдің, офорттың, линогравюраның, автолитографияның өзіндік бағыттары бар дарынды шеберлері (А.А. Дячкин, Е.Г. Сидоркин, Н.С. Гаев, Ш.Б. Кенжебаев, И.Г. Квачко, т.б.) өсіп жетілді. Қазақстан бейнелеу өнерінің байырғы шебері В.И. Антощенко-Оленев гравюра мүмкіндіктерін барынша табысты пайдалана білді. Қазақ бейнелеу өнерінің шығармалары бұл кезеңде шет елдерде де таныла бастады. Олар Мәскеудегі Третьяков галереясына, Қазақстан мемлекеттік бейнелеу өнері мұражайына қойылды, шет ел мұражайлары сатып алатын болды. Қазақстан суретшілерінің ең үздік еңбектері ұлт өнерінің қазынасына асыл мұра болып қосылды. Республиканың көптеген облыс орталықтарында (Шымкентте, Қарағандыда, Астанада, Павлодарда, т.б.) шығармашылық ұжымдар құрыла бастады. Қазақстан бейнелеу өнерінде халықтың өзіндік дүниетанымын, оның мәдениеті мен дәстүрлік ерекшеліктерін танытатын белгілер барған сайын айқын қалыптасты. Бұл кезеңдегі Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуына А.Ғалымбаева, Г.Ысмайылова, Қ.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Ә.Жүсіпов, С.Романов, А.М. Степанов, К.Шаяхметов, Ү.Әжиев, т.б. суретшілердің тақырыптық картиналары үлкен үлес қосты. Ауыл тақырыбы көптеген Қазақстан суретшілерінің назарында болып, әсіресе, шығармашылық жолын 60 - 70-жылдары бастаған шеберлердің ең басты тақырыбына айналды. С.Айтбаев, Ш.Сариев, Т.Тоғызбаев, Ә.Садыханов, О.Нұржұмаев, А.Ақанаев шығармаларына өзіндік қазақи дүниетаным, өмірді кең көлемде тани білу, символикаға құштарлық тән болды.

Жалпы М.Аманжолов, К.Муллашев, Е.Төлепбаев, т.б. көркем шығармаларынан романтикалық-символдық және сезімдік бастаулар көрініс тапты. Бұл суретшілердің шығармалары айқын да күрделі түсімен, шиыршық атқан бояуымен, белсенді кеңістік ортасымен, бейнелердің әсемдігімен және сырлылығымен ерекше көзге түседі. М.Қисамединов еңбектері жұртшылықтың қызығушылығын туғызды. Оның Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріне салған суреттерінде (1973) өз халқының азаттығы жолында күрескен батырдың тарихи бейнесін жасады. И.Исабаев қазақ әдебиеті классиктерінің, Қазақстан жазушыларының шығармалары, балалар әдебиеті

бойынша суреттер салумен қатар көптеген қондырғылы графика шығармаларын берді. XX ғасырдың 70 - 80-жылдар шығармаларында өзіндік қолтаңбасы айқын графиктер қатары көбейді. 80 - 90-жылдары Қазақстан бейнелеу өнері тың ізденістермен, еуропалық жаңа сипаттағы ағымдардың әдіснамасын меңгеруімен ерекшеленеді (А.А. Ақанаев, Е.Мергенов, Д.Әлиев, Е.Төлепбаев, Б.Түлкиев, Ж.Аралбаев, т.б.). Одан беріде күнделікті карапайым қазақ өмірін, белгілі тарихи кезеңдерді жаңаша сипат беріп, ерекше тәсілмен бейнелей білген суретшілер бой көтерді (М.Аманжолов, А.Нақысбеков, К.Каметов, Е.Сергебаев, А.Қорғанбаев, Т.Ордабеков, А.Дүзелханов, т.б.). Елімізге қасірет әкелген, көп жылдар бойы жабық тақырып болып келген Семей атом полигонының, Аралдың қасіретті ащы шындығы бейнеленді (Ақанаев, М.Аманжолов, А.Губашев, Ә.Төлебиев, т.б.). [3]

Ал енді бейнелеу өнерінің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көнеден бері толғандырып келеді. Бейнелеу өнері - дүниені көзбен көріп түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы.

Бейнелеу өнерінің негізіне кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері сәулет өнері, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы тиіс. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызамыз. Сондай-ақ, театр, кино, теледидарға безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болды. Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму үдерісі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркем тіл құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке композициясы, ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түсті бояуды, графика түрі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемдікті пайдаланады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументті-сәндік және қондырмалы шығармалар негізінен мұражайлар, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументті мүсін сәулеттік кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Бейнелеу өнерінің тарихи даму үрдісі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
3. Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998

Аннотация

В статье автором рассматриваются воспитательные возможности, особенности и исторические и природные пути развитие традиционного изобразительного искусства Казахстана XX веках. А также автор смог раскрыть и переплестать символические и семиотические сути и сущности, художественных произведениях художников, которые внесли весомый вклад в развитие профессионального изобразительного искусства Казахстана. Тем самым автор статьи глубоко анализирует художественный образный язык, виды и жанры, процесс исторического развитие профессионального изобразительного искусства Казахстана. В связи с этим автор в статье особенно обращает внимание на традиционные особенности, к художественной культуре и на своеобразные мировоззрение народному казахскому искусству. В статье автором рассматриваются воспитательные возможности, особенности и исторические и природные пути развитие традиционного изобразительного искусства Казахстана XX веках. А также автор смог раскрыть и переплестать символические и семиотические сути и сущности, художественных произведениях художников, которые внесли весомый вклад в развитие профессионального изобразительного искусства Казахстана.

Ключевые слова: *традиция, художественный, мировоззрение, изобразительное искусства, символ, семиотика, семантика, художественный образ, профессиональный, искусства, художественное произведение, образный язык.*

Abstract

In this article the author discusses educational opportunities, features and historical and natural ways of development of the traditional fine arts of Kazakhstan of the 20TH centuries. As well as the author was able to uncover and twisting the symbolic and semiotic nature and essence, the artistic work of illustrators, who have made a significant contribution to the development of professional fine art of Kazakhstan. The author of the article deeply analyzes art figurative language, and genre, the historical development of professional fine art of Kazakhstan. In this connection, the author in the article particularly drew attention to the traditional features of the culture and art of the Kazakh people's worldview unique. In this article the author discusses educational opportunities, features and historical and natural ways of development of the traditional fine arts of Kazakhstan of the 20TH centuries. As well as the author was able to uncover

and twisting the symbolic and semiotic nature and essence, the artistic work of illustrators, who have made a significant contribution to the development of professional fine art of Kazakhstan.

Keywords: tradition, art, philosophy, fine arts, symbol, semiotics, semantics, artistic image, professional, art, artwork, figurative language.

УДК:373.017:4

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ертуғанұлы Жанұзақ -

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
6М010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі*

*мамандығының 1-курс магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)*

E_zhanuzak.kz@mail.ru

Аңдатпа

Патриотизм адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, елге, тілге, салт-дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған. Қазақстандық патриотизм – республиканы мекендейтін халықтардың рухани құндылықтарын ортақ игілікке айналдырудың құралы болып табылады деп санаймыз. Біз зерттеу барысында алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасай келе, олардың мектеп жасына дейінгі балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуді әр қырынан қарастырғанына көз жеткіздік. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі компоненттері туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдағы ғалымдардың көзқарастары мен ой-пікірлерінің бірін-бірі толықтыратындығы анықталды.

Кілт сөздер: патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақ патриотизмі, Қазақстандық патриотизм, отансүйгіштік, жалпы- адамзаттық.

«Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында» қамтылған мәселелер Республикада патриоттық тәрбие беруде, отансүйгіштікке тәрбиелеуде негізгі орын алады. Бағдарламада бүгінгі ұрпаққа тәрбие беруді отбасы, балабақша, мектеп, әлеуметтік қоғамның өзара бірлігінде, сабақтастықта қарастырады. Аталған бағдарламада: «Қазақстандық патриотизм – әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну. Барлық отандастарды ұлты мен конфессиясына қарамастан жете құрметтеу, олардың салтын, дәстүрін, тарихы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекеттік тілге

күрметпен қарау, –деп көрсетілген. Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеуде жалпы білім беретін мектеп негізгі роль атқарады. Осы тұрғыдан алғанда «Жаңа әлеуметтік даму» жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасында: мектепте тәрбие жұмысын жандандыруға оның ішінде патриоттық тәрбие беруге баса назар аударады [1].

Патриотизм ұғымы Қазақ Совет Энциклопедиясында: «Патриотизм (грек сөзі *Patriotes* – отандас, *Patris* – отан, туған жер) – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жер, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды» деп көрсетілген өзінің ізгілікті мәнін сақтайды [2]. Философиялық сөздікте: *патриотизмге* (гр. *Patris-отан*) – адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс» – деген анықтама берілген. Патриотизм адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, елге, тілге, салт-дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған [3]. *Отансүйгіштікке тәрбиелеу дегеніміз* – халқымыздың ерлік батырлық дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, намысын оятып, елі, жері, Отанына деген сүйіспеншілік, мақтаныш, ана тіліне деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Философиялық тұрғыда «патриотизм – адамгершілік және саяси принцип, сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі».

Педагогикалық тұрғыда «патриотизм – әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында көрініс беретін балаларының Отан анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип».

Психологиялық тұрғыда «патриотизм тұлғаның бойында – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды», - деп көрсетілген.

В.А.Макаров: «Патриотизм – кез-келген саяси, әлеуметтік, этникалық топтардың ғасырлар бойғы тұтастығын қамтитын құбылыс», - деп тұжырымдайды [4]. Ал, Н.И.Губановтың пайымдауынша, шын мәніндегі патриотизм кім-кімнің болса да өз Отанына шексіз берілгендігі, сонымен бірге өзге халық мақтанышына құрметпен қарау болмақ. Ал мұндай қасиет іс-әрекет пен идеяның, ықыластың бірлігінің айғағы іспетті, – деп тұжырым жасаған [5].

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да, атап айтсақ, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари т.б. айтқан болатын. Өз ұлтына деген отансүйгіштік сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев; Алашорда қайраткерлері М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және т.б. нақтылы іс-әрекеттері мен шығармаларынан да байқауға болады. Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімінің қалыптасуы туралы: «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін» деген тұжырым жасаған [6].

Данышпан ақын Абай отыз тоғызыншы қара сөзінде: «Рас бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десек - әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерге ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», - деп жазды. Абайдың бұл қара сөзінде: «Арлылық, намыстылық, табандылық – тәрбиенің жемісі», - дейді. Адамның ең ұлы сезімін азаматтық парызын орындау үшін жоғарыда аталған мінезді игеру керек екенін ақын атап көрсетеді.

Ұлы Отан соғысында аты аңызға айналған Т.Тоқтаров, Б.Бұлқышев, Р.Қошқарбаев, Қ.Қайсенов, Б.Момышұлы және батыр қыздар Әлия мен Мәншүктің кескілескен жаумен айқастағы ерен ерліктері мен батырлықтары да ұлттық дәстүрлердің, ерлік тәрбиесінің жемісі. Халықтың біртуар ұлы Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекеттік нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді» - деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын [7]. Б.Момышұлының ұлттық патриотизм ұғымына берген анықтамаларына сүйене отырып, ұлттық патриотизм ұғымының өлшемдерін анықтадық. Олар: адамның ұлттық ерекшеліктерін сақтауға бейімділігі, өз халқына сүйіспеншілігі, тарихи дәстүрі, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, ана тілі, тұрып жатқан территориясы, шыққан тегін сезіну, өз халқымен қан жағынан байланысын сезіну. Бауыржан Момышұлы «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжесінің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке

жоқ» - деп өсиет қалдырған еді. Бұдан әрбір адамның өз халқына, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі өзінің шыққан тегін сезіну мен өз халқына қан жағынан байланысын жүрегімен сезіну тұрғысынан түсіну қажет деп санаған, – деген қорытынды жасауымызға негіз болды.

1991 жылдан бастап Қазақстанның тәуелсіздік алуына орай ұлттық патриотизмнің, қазақстандық патриотизмнің жаңа жылнамасы басталып кетті. Бұған мемлекеттік дәрежеде айрықша мән беріліп отыр.

Педагог компрагивист А.Құсайынов: «Патриотизмді қазақ елін шексіз сүю деп түсінемін», - дей келе, «Отан сүю сезімі – халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен қабысып жатқан сезім. Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шама-шарқы келгенше аянбай еңбек ету мен Қазақстандық патриотизмнің бүгінгі шынайы көрінісі дер едім», - деген тұжырым жасаған [8].

Психолог М.Мұқанов педагогикалық психология тұрғысынан бастауыш мектеп оқушыларының мінезіне: қиыншылыққа төзімділігі аз, берген уәдесінде тұра алуы, өзгелерге сүйкімді келуі, бір нәрсеге әуесқойлық, т.б. жатқызады. Осы жағынан алып қарағанда қыздар мен ұлдардың мінезінің осы түрлері бірдей болып келе бермейді. Мысалы: қиыншылыққа төзімді келіп, одан бас тартпау, табандылық т.б. ұлдарға көбірек кездесетін болса, өзгелерге сүйкімді, сыпайы, біреуге қамқорлық жасағысы келуі қыздарда басымырақ келеді.

Бұдан қыздарға тиісті қасиеттер ұлдарда кездеспейді деген ой тұмау керек. Бұл тек әрбір баланың түрлі мінездерге ие болуға мүмкіндігінің бар екенін көрсетеді. Осындай мүмкіндікті ескеріп, ересектер тобынан бастап тіл дамыту мен көркем әдебиет сабақтарында берілген мазмұны патриоттық тәрбиеге арналған көркем шығармаларды оқып беруде өзінің елін, туған жерін сүйетін, оны қорғауға деген намысын оятатын, «Мен – Қазақстан азаматымын» т.б. мақтаныш сезімін оятуға болады, – деп есептейміз.

Философ Д.Раев: Патриотизмді өшіретін келеңсіз бір ғана себепті айта келіп, Д.Раев бұдан құтылудың жолын этномәдени тәрбие жүйесін қалыптастырудан іздестіреді. Ал, этномәдени тәрбие ұлттың өзіндік салт-санасы мен әдет-ғұрпынан, дәстүр-рәсімдерінен бастау алары сөзсіз.

Сонымен, қазақстандық патриотизм – республиканы мекендейтін халықтардың рухани құндылықтарын ортақ игілікке айналдырудың құралы болып табылады деп санаймыз. Жоғарыда берілген «Отансүйгіштік», «Патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» анықтамаларын талдау негізінде «қазақстандық патриотизмнің» белгілері айқындалды: Олар: өз Отанына сүйіспеншілік, өз ұлтына сенімі, дүниетанымдық және саяси көзқарастары, еліне, жеріне құрмет, мемлекет рәміздерін құрметтеу. Біз зерттеу барысында алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасай келе, олардың мектеп жасына дейінгі балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуді әр қырынан қарастырғанына көз жеткіздік.

Қорыта келгенде, тақырыпты зерттеу бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық талдау нәтижелері төмендегідей қысқаша тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі

компоненттері туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдағы ғалымдардың көзқарастары мен ой-пікірлерінің бірін-бірі толықтыратындығы анықталды. Психологтардың теориясын қорытындылайтын болсақ, сана мен сезімді бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын біртұтас дүние тұрғысынан қарастырады, себебі сана-психика дамуының ең жоғары дәрежедегі сатысы, солай болғандықтан адам көңіл-күйінің көрінісі сезім мен эмоцияны сана билейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы 2005.-5б
2. Қазақ Совет Энциклопедиясы Алматы 1977. 9 том. 451 б7
3. Философиялық сөздік. Алматы 1996.- 335 б.
4. Макаров В.А. Родина и я. - М., 1985. - 78 с.
5. Губанов Н.И. Человек и его мировоззрение. - М., 1991. - 56 с.
6. Уәлиханов Ш. Еңбектері. - Алматы, 1979. - 69 б.
7. Момышұлы Б. Халық танымы. - Алматы, 1980. - 52 б. Балалар әдебиетін пайдалану. канд. дисс. ... - Алматы, 2005, 15- 63б.
8. Құсайынова Д.С. Әлия мен Мәншүк ерлігінде жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу. Пед. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1999.

Аннотация:

Патриотизм тысячи лет тому назад глубоко укрепленное чувства человека. Исторические элементы патриотизма Родине, стране, обычаям и традициям был искренне сплочен и был сформирован в древней эпохе. Казахстанский патриотизм – является общим средством на благо духовной ценности народа располагающиеся по республике. По исследованию данной работы анализируя были рассмотрены труды далеких и ближних зарубежных ученых с разной точки зрения на патриотическое воспитание дошкольного возраста детей. Определены основные компоненты патриотического воспитания мысли, мнений, взгляды ученых философические, психологические, педагогические подходы. Данная статья ориентирована на тех, кто интересуется вопросами воспитания патриотизма младших школьников. Задача автора – показать психологические и педагогические основы воспитания патриотизма младших школьников.

Ключевые слова: патриотизм, национальный патриотизм, казахский патриотизм, Казахстанский патриотизм, патриот, общечеловечность

Abstract

Patriotism thousands years ago deeply strengthened feelings of the person. Historical elements of patriotism to the Motherland, country, customs and traditions it was sincerely solid and it created in an ancient era. The Kazakhstan patriotism – is the common means for the benefit of spiritual value of the people settling down on the republic. Analyzing works on this research work of far and near foreign scientists from the different point of view on patriotic education of

preschool age children considered. Principal components of patriotic education of thought, opinions, views of scientists philosophic, psychological, pedagogical approaches were defined. This article it is focused and on those who is interested in questions of education of patriotism of younger school students. Task of the author to show psychological and pedagogical bases of education of patriotism of younger school.

Key words: *patriotizm, national patriotizm, kazakh patriotizm, Kazakhstan's patriotizm, patriotic, all-humanity.*

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ӨСКІН **МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ**

ӘОЖ 801.81

МІНӘЖАТ ЖАНРЫНЫҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Содиықова Жанат Маратқызы –

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология
институтының 3-курс студенті*

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы С.А.Жиренов

Аңдатпа

Дүние жүзілік әдебиет тарихының қазына қорын молайтқан таңдаулы туындылардың елеулі бөлігі сопылық әдебиет өкілдерінің қаламына тиесілі. Осы бағытта жазылған шығармалардың мазмұны мен бағытын филологиялық кеңістікте мінәжат жанры деген атпен кең таралған. Сопылық таным белгілері адамзат қоғамының алғашқы дәуірінен бастап байқалып, бірқатар өркениеттер тарихында өзіндік із қалдырған. Сопылық әу баста араб, Иран жерлерінде дүниеге келіп, кейін біздің ата топырағымызда да тамыр жайған. Қай халықтың мәдениеті мен әдебиеті болсын, өз алдына томаға тұйық бөлек жатпай, басқа да халықтардың мәдениетімен тығыз қарым-қатынаста болады. Демек сандаған ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиетінің өн бойынан әлем әдебиетімен сан қабатты мінәжат жанрымен байланысты байқаймыз.

Кілт сөздер: мінәжат, жанр, таным, әдебиет, мадақ, жалбарыну, тілек, бата, поэзия, т.б.

Дін исламның қасиетті қағидаларын насихаттау, уағыздау қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы ғұлама ақындары Қожа Ахмет Йасауидың мұраларымен, ұлттық тарихтағы жыраулық мұраттармен, біртін келе ақындардың мұң-мінәжат өлеңдерімен ұштасып жатты.

Біздің елімізде ислам дінінің тарауы VII-VIII ғасырлардан басталса, оның нағыз өркен жайған кезеңі Қожа Ахмет Йасауи ғұмыр кешкен XII ғасыр екені хақ. Ал, бұл кезде халқымыз мұсылманшылыққа бір жола бет бұрып, өнерге, ғылым-білімге, қол жеткені арабша хат танып, арабша оқығаны көне құжаттардан белгілі. Қазақ паэзиясында исламдық мазмұнға құрылған мінәжат өлеңдерде осы тұста, түркі, араб, парсы әдебиеттерінің ежелгі дәуірлерден келе жатқан үлгісі ретінде көрініс тапты. Орта ғасырлық сопылық паэзиядағы сөз, әуез, кимыл әрекеттер тұтаса орындалатын зікір рәсімімен қатар мінәжат өлеңдер де исламдық ортада қолданылды. Адам баласының өзін жаратушы Құдіретке, тылсым күш иелеріне жалынып жалбарынуы, жәрдем тілеуі оның болмысында бар қасиет. Сондықтан мінәжат сөздері мен жырларының адамзат

қоғамының алғашқы дәуірінде ақ пайда болғаны күмән тудырмайды. Қазақ фольклорының ең көне үлгілерінде кездесетін Тәңіріге жалбарыну, рухтардың желеп жебеуін, тылсым күш иелерінің жарылқауын тілеу мәніндегі шумақтарды мінәжат жырларының ауыз әдебиетіндегі алғашқы нұсқалары ретінде қабылдауға болады. Ислам дінінің енуімен қатар төл әдебиетіміздегі сиыну мәнді жырлар да ислами реңкке ие болып, «Аллаға мінәжат» ұғымының аясына топтасты. Ал жазба әдебиеттің біртұтас, тұлғаланған жанры ретіндегі мінәжаттың шығу төркіні исламдық араб паэзиясынан бастау алады. Басқа да бірқатар исламдық жанрлар секілді исламдық мазмұндағы мінәжат түркі жазба әдебиетіне парсы паэзиясы арқылы сатылай енген. Мінәжат түп төркіні араб тілінен болса да, исламдық ұғымы «Алланың дәрғаһына дұға қылып, жалбарына тілек тілеу» оның басты міндеті деп көрсеткен еді шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей [1, 17 б]. Сонымен қоса адам баласы тек Алладан тілек тілеуі, адам адамның құлы емес, Алланың құлы екенін есте сақтауы тиіс.

Мінәжаттың шығу төркінін әдебиеттанушы ғалым Ислам Жеменей мінәжат–арабтың «мұнажат» деген сөзінен шыққан. Парсы әдебиетінде бес мағынасы бар: 1. Біреумен сырласу, сыбырласу; 2. Алламен сырласу; 3. Біреудің ішкі ойын ұғыну; 4. Сырласу; 5. Алладан тілеу [2, 66 б] деп көрсетеді.

Мінәжат түркінің кітаби әдебиетінен қазақтың ауыз әдебиетіндегі тілек, бата атауларымен жырланып келеді. Бата алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі табиғаттан тыс күштерге табыну негізінде қалыптасқан. Бата қазақ халқының ғұрпында адал ниет, жақсы тілек білдірудің бір түрі. Өте ерте заманнан салтқа енген бата беру кейде өлеңмен, кейде тақпақ, көркем қара сөзбен ауыз әдебиетінің бір жанры болып қалыптасты. Бата беруде күнделікті өмірдің жақсы жағын салыстыру сипатымен қатар анимистік мағиялық наным сенімдердің элементі кездеседі. Белгілі бір істі бастарда, жауға, жолға шығарда ақ тілек, әзіз ақсақалдан бата алу әдетке айналған. Сонымен қоса осы бата тілек ізгі ниетті мінәжат арқылы Алланың құлағына шалынсын деп тілеген болар. Қазақтың діни ғұрпында батаға үлкен мән берілген, оны өлген адам мен «Құдай алдындағы парыз» деп есептеген. Мінәжат ертеден ақ қазақ арасында кеңінен қолданылған, яғни «бата» және «тілек» балама сөздерімен өмір сүріп келген.

Осы орайда «Мінәжат қазақ әдебиетінде өзімен мазмұндас тілек салтымен біте қайнасқан бата сөзімен өмір сүріп келе жатыр. «Бата» қазақ арасында кеңінен тараған даналардың ұрпағына тілейтін ақ тілегі. Бата мінәжат «Алладан тілеу» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан мінәжаттың исламдық мазмұны мен қазақтың «бата» салты әдемі үйлесім тапқанын көреміз»- деген, И.Жеменей пікірі орынды пайымдаудан туғанын атап өткен жөн [3, 8-9 б].

Тарих аясында түркілерден қазақ халқы дербес шаңыраққа ие болған соң мінәжат түрленіп, басқа да ұғымдарына сай көрініс

тапқан. Яғни бата қазақ арасында кеңінен тараған қария даналардың ұрпағына тілейтін ақ тілегі, ізгі ниеті ретінде қабылданған. Осы бата, мінәжат «Алладан тілеу» деген мағынамен тең келеді. Тілек кең мағынада алып қарастырсақ көксеген ой, мүдде, мұрат, мақсат, ақ тілек, адал, ізгі ниет. Халық арасында «тілегіңе жет», «тілегің қабыл болсын», «арман мақсатың орындалсын», «жақсылық көр» деген тілегі бір ниеттес баталар үлкендер тарапынан айтылып жатады. Қазақ батаны киелі тілек деп қабылдаған ғой. Батаны үлкеннің кішіге айтқан тілегі ғана деп қабылдауға болмайтынын, батаның тәлім тәрбиелік мәнінің тереңде жатқанын бағамдай білуіміз керек. Соған орай әр жас қиян үй болар алдында дана данагөйлердің батасынсыз қия баспаған. Яғни қазақтың танымында батаның түпкі мағынасы Алладан адамның тілеуін, ізгі істерінің ақиреттегі ізгі нәтижесін тілеу болып көрініс тапқан. Батаны халқымыз киелі тілеу деп бағалайды. Бұған дәлел «Бата сөздің анасы», «Атаңнан бота қалмаса да, бата қалсын», «Ботаның құны бір ақ жұт, бата балаға мәңгі құт», «Баталы ер арымас батасыз ер жарымас», «Баталы құл батар, Батасыз ұл қатар», «Ғайыптан тапқан алтыннан, Ақсақалдың батасы артық», «Тіріге сәлем, Өліге бата», «Ақ қойдың қаны, Ақ сақалдың батасы», «Атасын құрметтеп тұрған баланың, Тілеген тілегі қабыл болады», «Адамнан тілеген қариды, Құдайдан тілеген жариды», «Жауынмен жер көгереді, Батамен ел көгереді» [4, 12-136] деген секілді аталы сөздің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқандығы.

Төл әдебиетіміздегі мінәжат жанрының дамуы – әдебиет тарихының өн бойына созылып жатқан құбылыс. Алғашқы ауызекі әдебиет үлгілерінен бастап, бүгінгі жаңа ғасыр жырларына дейін жалғасып жатқан мінәжат өлеңдерінің қалыптасқан болмыс-бітімі, мәнер-машығы, көркемдік әдістері бар. Қоғамдық өзгерістерге, әлеуметтік көзқарастарға сәйкес аталмыш жанрға деген сұраныс артып, мінәжаттың дербес жанр ретінде тұлғалана көрінген кезеңдері де, нақты өмірлік тақырыптардың көбірек жырланып, мінәжат жанрының байсал тартқан тұстары да болды. Дегенмен адамның жан дүниесіндегі алғаусыз сезімдермен астасып жататын аса сыршыл мінәжат жырлары ешқашан әдебиет әлемінен ысырылып қалған емес. Қандай қилы кезеңдерде болмасын мінәжат мәнді өлеңдер өміршең қалпын сақтап, тұтастай буын өкілдерін өнегесіне ұйыта білді. Қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан рухани қазынамыздың бірі – мінәжат жырлары ескірмейтін, жоғалмайтын, әдебиет барда бірге жасайтын мәңгілік тақырыптардың бірі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жеменей И. «Хикмет» шығармасының тілдік және әдеби табиғаты // Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Алматы: 2010. – 171 б.
2. Жеменей И. Мінәжат // Ақиқат. 2007, №4 -66-67 б.

3. Әбдірәсілқызы А. Қазақ әдебиетіндегі мініжат жанры: ежелгі поэзия мен қазіргі әдебиеттегі көрінісі // Үркер 2010, №1. - 8-9 б.
4. Қазақтың 7777 мақал-мәтелі. Алматы: Өлке 2010. - 123 б.

Аннотация

Большая часть избранных произведений, обогативших фонд истории мировой литературы, принадлежит перу представителей суфийской литературы. Содержание и направленность данных произведений широко распространились в философском пространстве как жанр молитвы-обращения. Признаки суфийского течения стали проявляться в период раннего развития человечества и оставили неизгладимый след в истории нескольких цивилизаций. Суфизм зародился в арабских странах, Иране, распространился и на нашей земле. Культура и литература любого народа не замыкается в своих рамках, всегда развивается в тесной взаимосвязи с культурой других народов. Иными словами обнаруживается связь между казахской литературой, имеющей многовековую историю, с многослойным жанром молитвы-обращения мировой литературы.

Ключевые слова: молитва-обращение, жанр, познание, литература, восхваление, мольба, пожелание, благословение, поэзия и т.д.

Abstract

Most of the selected works that have enriched the fund history of world literature, written by representatives of Sufi literature. Content and focus of these works are widely spread in the philosophical space as a genre of prayer-treatment. Signs of the Sufi became apparent during early human development and left an indelible mark on the history of several civilizations. Sufism originated in the Arab countries, Iran, and spread on our land. Culture and literature of any people is not confined in their framework, has always developed in close relationship with the culture of other nations. In other words, found a link between the Kazakh literature, which has a long history, with a multilayered genre prayer-treatment of world literature.

Keywords: prayer-appeal, genre, knowledge, literature, praise, prayer, wish, blessings, poetry, etc.

ӘОЖ 82-94

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Сапарбек Балым –

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология институтының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы С.А.Жиренов

Аңдатпа

Шешендік өнер – қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры, қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани құнды мұрасы,

асыл қазынасы. Шешендік – қыдырлы өнер. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ бекер айтпаған. Қоғам тарихына да көз салсақ, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, мәмлелерлері, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болған.

Кілт сөздер: риторика, өнер, поэтика, фольклор, қоғам, әдебиет, ақындық, жыраулық, шешендік, т.б.

Қазақ ауыз әдебиетінің айрықша жанрының бірі – шешендік сөздер. Шешендік өнер – ақындық, жыраулық, жыршылық айтыс секілді қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанрларының бірі. Шебер сөйлеу, айтқан сөзің нысанаға дәл тиюді үйрену үшін ежелгі шешендік сөздерді жаттау, оның қыры мен сырын жете меңгерудің мәні зор. Өйткені халық даналығы: мақал, мәтелдерде сөз мәйегі, ойды ұшқыр айтудың үлгілері молынан кездеседі[1, 3].

Белгілі бір мәселені талқылағанда, тапқыр оймен, шебер тілмен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз дейді. Белгілі бір мәселені талқылау кезінде ауызекі сөзімен тыңдаушыларды аузына қаратып, сөзіне тарта білетін терең ойлы, шебер тілді адамды шешен дейді.

Жалпы шешендік өнердің шығуы белгілі бір қоғамның шығуымен, дамуымен байланысты екенін қазақ шешендік өнерінің тарихы да растайды. Қазақ рулары мен ұлыстары пайда болғаннан бері-ақ өз замандастарынан озат ойлы, шебер тілді адамдар болғаны күдік туғызбайды. Алайда, шешендік өнердің шығып қалыптасуы қоғамның белгілі бір даму сатысымен, шешендердің шығуымен, олардың сөздерімен межеленеді. Осы тұрғыдан алғанда біз қазақтың шешендік өнерін тарихта, тарихи аңыздарда есімдері, сөздері сақталған Майқы би мен Аяз биден бастаймыз.

Асылы, қазақ ауыз әдебиетінде шешен деген атау Жиреншеден басталады, сірә, бұл ұғымды оған дейін «би» деген атау атқарып келсе керек. «Би» мен «Шешен» деген атаулар тіпті революцияға дейін қатар қолданылып, кейде бірін-бірі ауыстырып келгені кездейсоқ емес.

Бұрынғы қазақ шешендерінің бір ерекшелігі – олар сөздерін жазып дайындамаған, сөздері қағазда емес, халық жадында сақталған, ауызша тарап әлденеше кісінің, ұрпақтың өңдеуінен өтіп қысқарған, ұстарған, бейнеліңкіреп айтқанда «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - дәні қалған, сөйтіп бүкілхалықтық мұраға айналған[2, 13].

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз-әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғры бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласың»- деп

көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған[3, 31].

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – Мұхтар Әуезов. Ол өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде (1927) шешендік сөздерге «билер айтысы» деген терминдік атау беріп, оның билер сөзі екенін айтқан еді. Әйтсе де, әдебиет зерттеушілері күні бүгінге дейін шешендік сөздерді фольклор қатарына қосып келеді. Ал, атақты В.Г. Белинский фольклорда даңқты есімдер болмайтынын, ондағы көркемсөз авторы халық екенін ескерткен. Шешендік сөздерді зерттеуші ғалым Б.Адамбаев: «Шешендік сөздерді алғаш айтушы жеке адамдар болғанмен, оны кейін өңдеп-жөндеуші, сақтаушы – халық; сондықтан оның шын иесі – авторы да халық дейміз» - дейді. Шындығында, М.Әуезов есте қалмаған ескі заманда шыққан Алдар Көсе, Жиренше шешен әңгімелерін, халықтық аңыздарды ғана бұқара туындысы деп бағалаған. Бірақ та қазіргі таңда шешендік сөздердің авторлы шығарма екенін танытатын еңбектер де аз емес. Белгілі зерттеуші С.Негимов «Шешендік өнер» атты еңбегінде қазақ би-шешендерінің өнер туындысының көркем шығарма екендігіне көз жеткізеді. Белгілі ғалым Ж.Дәлдебаев «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» атты оқу құралында Бөлтіріктің, Төленің шешендік сөздерін олардың төл туындысы ретінде қарастырады.

Қазақтың салт-дәстүрлерінде еңбекқорлық, Отанды, елді сүйгіштік, адамдардың бір-біріне деген ізгілік қатынастары, ата-анаға, қартқа, үлкендерге құрметпен қарау, адамгершілік, батырлық, балаларға қамқорлық, мейірбандық, туған жерді, табиғатты аялау айрықша орын алады. Халқымыздың шешендік сөздерінде халықтың ой-арманы мен ар-намысын қастерлеген аталық ақыл-өсиет, елдің өмір тіршілігі, бүкіл әдет-ғұрып пен салт-дәстүрі қамтылған. Міне, осы дәстүрлердің шешендік сөздердегі көрінісіне төменде мысалдар келтірдік.

Шешендік сөздер – халық оқулығы, оның ғұмыры өлшенбейді, жастар тәрбиесінде де алатын орны орасан мол. Бұл сөздер алдымен адам баласын білімділікке, сөз қадірін білуге, ерлікке, қайырымдылыққа, адалдыққа баулыса, жағымсыз жат қылықтардан сақтандырып, аулақ болуға шақырады.

Халықтың құрметті шешен биі атанып, сенімінен шығу үшін адамдық асыл қасиеттермен қатар өте тапқыр, адал, қара қылды қақ жарған әділ, өжет, тереңнен ойлап, орнықты сөз айтатын саясаткер болу керек. Ойымыз дәлелді болу үшін шешен билердің толғауынан мысал келтірейік.

Байсерке Түгелұлының «Бәйгеге ат қоссаңыз» деп басталатын толғауында философиялық ойлармен қатар, қазақтың салт-дәстүріне тән әке-шешені қадірлеу, балаға үлгілі тәрбие беру сияқты ойлар айтылады. Мысалы:

Әдепті қыз, ақылды ұл-
Өкпе-бауыр жүрегін.
Өз балаңнан кем емес,
Жақсы болса күйеуің.

Сонымен қатар Ақтайлақ пен Қанай шешеннің айтысын алып қарауымызға

болады:

Әкең – асқар тау,
Шешен – қайнар бұлақ,
Балаң жақсы болса
Екі көздің шамшырағы,-

дей келіп, әке-шешені қадірлеу керектігін айтады.

Қазақтың халық дәстүрінде көпшіл болу керектігі де айтылады. Соны мына бір шешендік сөздің үзіндісінен көреміз:

Қанша жуан болса да,
Жалғыз ағаш үй болмас.
Қанша жақсы болса да,
Жалғыз адам би болмас.

Бұл мысалда көріп тұрғанымызда й, жалғыз жүрсең ешқандай ісің өнбейді. Қазақта «Жалғыздың үні шықпас» деген мақал бар. Бұл мысалдың идеясы негізінен осы мақалмен сарындас.

Кез келген халықтың би-шешендері өздерінен кейінгі өскелең ұрпақтың білімді, ақылды, Отансүйгіш болғанын қалайды. Біздің де халық шешендеріміз жастарды білімділікке, Отанын сүюге, әр істі ақылмен шешіп, дұрыс шешім қабылдай білуге шақырады. Атақты би-шешендеріміз сонау кезеңде қазіргі заманның мәселесін айтып кеткендей. Мұны біз Бөлтірік шешен мен Ақтайлақ бидің мына бір шешендік сөздерінен байқай аламыз:

Дүниеде азбайтын байлық біреу,
Ол – ақыл.
Дүниеде тозбайтын байлық біреу,
Ол – ақыл.
Дүниеде қайтпайтын адал қолдаушың біреу,
Ол – ақыл.

Бөлтірік шешен

Білімді адам ашпай көріп, айтпай сезеді,
Білімсіз надан нені көріп, нені сезеді?

Ақтайлақ би

Бұл үндестік тек қана шешендік сөздерде ғана емес, кейінгі ақын-жазушылар еғбегінде де өз жалғасын тапты.

Халық дәстүрінде көршімен жақсы қарым-қатынаста болу дәстүрі бар. Адамның өмірінде айрықша орын алатын биік үрдіс. Біздің түркі тілдес халықтарында көршіні сыйлау, оған құрметпен қарау, жалпы, көршіге қатсты жол-жоралғылар, салт-дәстүр, әдептер белгілі бір жүйемен дамып, қалыпқа түскен. Көршіге жақсылық жасап, көмек беріп, қуанышты бөлісіп отыруымыз керек. Пайғамбар хадистеріндегі міндеттеріміздің бірі болып, жақын мен алыс адамдарға тіл тигізбеу, балағаттамау, зиян келтірмеу насихатталады. Қазақтың даналық сөз өнерінде «адамдардың бәрі бірдей өзінің көршілік парызына адал бола бермейтіндігі – әлеуметтік шындық екені дәлелденген. Мысалы, шешендікте «Атың жаман болса, сатып құтыласың; көршің жаман болса қайтіп құтыларсың?», «отты үрлей берсең – өшіресің, көршіңді күндей берсең – көшіресің», «алыстағы ағайыннан жаныңдағы

көршің артық», «қоңсы болсаң, қорған бол» деген тағылымдық мәні бар шешендік нақылдар кездеседі. Мұнда көршіні құрметтеп, оған қиянат жасамай, жылт еткенін қызғанбай, күндемей, қорламай әдеп сақтап жүру керектігін уағыздайды. Сонымен қатар қуанышынды да, қайғыңды ды алыстағы туысың келгенше жақсы сыйласқан көршің ортақтасып, көршің бөлісетінін айтады. Ақтайлақ шешеннің «Жақсы көршің бар болса, жағдайыңа жанасар», «Итің жақсы болса – ырысың, көршің жақсы болса – тынысың», «Ұлың өссе – ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе – қызы жақсымен ауылдас бол» деген нақыл сөздерінде өмірдің терең шындығы датыр. Адамгершілікпен қарым-қатынас жасауды, тәрбиелі отбасымен араласу қажеттігін, соған қарап ұл-қызыңның да әдепті болатынын дәлелдейді[4, 12].

Қазақ шешендік өнерінде халықты жақсылыққа жетелейтін тағы бір асыл іс ағайынмен тату болу керектігі де айтылады. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші, қазақтың қай шешендік сөзін алып қарасақ та ағайынмен тату болу керектігі насихатталады. Сөзіміз дәлелді болу үшін шешендік сөздерден үзінді келтірейік. Мысалы, Айтқожа шешеннің сөзі:

Жар басына үй тікпе,
Жар құласа – үй кетер.
Ала болса ағайын,
Рулы елден күй кетер.
Ағайын ала болғанда,
Ауыздағы ас кетер,
Аңдыған дұшпан күшейіп,
Жау қолында бас кетер...

Қазақ шешендік өнерінде осы уақытқа дейін халық жадында сақталып, халықты бірлікке, алауыз болмауға, елдікке, ерлікке, бейбітшілікке шақырып айтылған шешендік сөздер де бар. Мысалы:

«Бірлік түбі – береке,
Береке түбі – мереке.
Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен,
Ел болуды ойландар».
«Би екеу болса, дау төртеу болады»
«Аспан ашық болса,
Күн шуақты болады.
Хан әділ болса,
Хан ынтымақты болады...»

Майқы бидің бұл сөздері халық жадында нақылға айналып жатталып қалған.

Ұлтымыздың ұлылық сипат белгілерін, мемлекеттік мән-мағынасы өзгеше келелі, кесек істерін отты, сыршыл сезіммен жырлаған қазақтың атақты биі – Қазыбек. Ол жоңғар ханының алдына барып-тұрып, қазақ халқының қандай екенін түйдекті, жалынды сөздерімен, кесек ойларымен,

өрлете қаңқылдатқан даусымен жырлады. – Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз... –дей келе, қазақ халқының достықты қадірлей білетінін, намысшыл келетінін және де атадан туған ұл мен қазан абақтыда қаматып отыра алмайтындығын айтады.

Жалпы, шешендік өнер ұлттық рухты адам бойына сіңіре отырып, ана тілін меңгеріп, елін, жерін, халқын сүйуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, шешендік өнер жас ұрпақты адалдық, әділдік, шыншылдық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерге баулиды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бұлдыбай А.С. Шешендік өнер. - Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 146 б.
2. Адамбаев Б. Қазақ шешендері. - Алматы, 2001. – 287 б.
3. Ақшолоақов Е. Шешендік өнердің халықтық сипаты // Мәдениет №12(39) , 2009ю
4. Байғожаева Т. Шешендік сөздердегі салт-дәстүр көрінісі // Ұлағат №4, 2005.

Аннотация

Ораторское искусство – особый жанр казахского фольклора, богатое наследство передающиеся из поколения в поколения, бесценное сокровище казахского народа. Ораторство - святое искусство. Не зря у казахов есть пословица «Высшее искусство – это красноречие». Если оглянуться в историю социума, то можно увидеть что, социальные, государственные деятели, предводители, дипломаты и ученые каждого народа были мастера художественных слов и ораторского искусства.

Ключевые слова: риторика, искусство, поэтика, фольклор, общество, литература, поэтический, жрец, ораторство, и.т.д.

Abstract

Oratory - a special genre of Kazakh folklore, a rich legacy handed down from generation to generation, the priceless treasure of the Kazakh people. Oratory - sacred art. No wonder the Kazakhs have a saying, "The highest art - is eloquence." If you look back into the history of the society, we can see that the social, political leaders, leaders, diplomats and scholars of every nation were masters of artistic expression and oratory.

Keywords: rhetoric, art, poetics, folklore, society, literature, poetry, priest, oratory, etc.

М.ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дюсебекова Г. -

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология
институтының 3-курс студенті*

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к Е.С.Қасенов

Аңдатпа

Мақалада М.Жұмабаевтың поэзиясындағы эпитеттердің қолданысы мен стильдік бояулары қарастырылған. Ақынның авторлық эпитеттерінің қолданылуы мен олардың тілдік табиғаты да сөз болған. Сондай-ақ ақын шығармаларындағы қолданылған эпитеттердің стилдік ерекшеліктері де көрініс тапқан.

Кілтті сөздер: образ, стиль, эпитет, автор мақсаты, поэзия, т.б.

Көркем шығарманың тілі – күрделі, қыр-сыры мол құбылыс. Тіл – стильдің жаны. Әр қаламгердің өзіндік қалыптасқан стильдік мақамы болады. Кез келген құрылысқа материал қажет десек, көркем туындының материалы сөз болып табылады. М.Жұмабаевтың поэзиясында оның өзіндік сөз қолданысы, сөз өрнегі, сөз қасиеттері, сөздердің толып жатқан бояулары ерекше көзге түседі. Әрбір қимыл, әрбір көрініс, әрбір құбылыс жалаң берілмей, үнемі тапқыр теңеу, ұтымды эпитеттер арқылы беріліп отырады.

«Көркем әдебиет тілі – жазушының айтар ойы мен мақсатын танытар терең мазмұнды бейнелі сөздердің жиынтығы. Сондықтан көркем әдебиет тілінің эстетикалық функциясымен тікелей тығыз байланыстығы бар тағы бір ерекшелігі – оның образдылық қасиеті. Көркем әдебиет тіліндегі образдылық мәселесі суреткердің ой-танымына және тіл материалының бейнелегіштік сипатына бірдей қатысты» – деген тілші ғалым Ф.Оразбаева пікірін ескерсек, [1, 94-96 б.]. шынында да суреткердің стилдік ерекшелігін көрсететін сөз саптау ерекшелігі болса керек. Мағжан Жұмабаев өз поэзиясында тек дәстүрлі көркемдік тәсілдерді қолданып қана қойған жоқ, ол тың сөз өрнектерін ой елегінен өткізіп қолданды. Белгілі ғалым Рымғали Нұрғалиев: «Қазақ поэзиясының аспанына көтерілген жаңа жұлдыз – Мағжан салған әсерден ақындықтың көз жасы, жүрек қанынан сорғалайтын - асыл сөз, дарынды сөз, қасиетті өнер, шарапатты өнер» - деп біледі [2, 256 б.].

Көркем сөз арқылы әдемілік, сұлулық, әсемдік сәулеленіп көрінеді. Ол әр түрлі көркемдік тәсілдер арқылы көрініс табады. Осы орайда ғалым М.Балақаев: «Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздері «мағыналық топқа кіру» яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты», - деп жазады [3, 87 б.].

Біз қарастырып отырған ақын М.Жұмабаев поэзиясында әрбір сөз бен сөздің өзіндік ішкі байланысы түрлі көркемдік тәсілдерінің үйлесімі арқылы сәтті шыққан. Әлбетте, сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап үйлесімге келтірудің бірнеше түрлері, тәсілдері бар. Оған ең алдымен көркем шығармада қолданатын көркемдегіш құралдар – эпитет. Ғалым Зейнолла Қабдолов: «айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарынды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау қиын», – дейді [4, 214 б.].

Мағжан Жұмабаев көптеген көркемдегіш құралдармен қатар эпитеттерді жиі қолданған. Ақын дәстүрлі эпитеттермен таза авторлық эпитеттерді шебер қолданып, жаңа өрнектер тудырған. М.Жұмабаев поэзияда бұрын соңды қолданыста кездеспеген эпитеттерді тауып пайдаланады да, даралық айқындығымен ерекшеленеді.

Эпитет М.Жұмабаев өлеңдерінде бірнеше жолмен жасалады:

1. Зат есім мен зат есім қабыса тіркеседі: қорлық уы, құлдық уы, тасжүрек, бақыт құсы, су жүрек, шыбын жан, қастық уы, тас бауыр, алма бет, ерке бала, алма жүз.

2. Сын есім мен зат есім: сұм боран, тәтті бал, сұлу сағым, асау жүрек, мәңгі мұнар, жүйрік қиял, қалың ой, ақ найза, айдын көл, жылы жүз, қалың дерт, сұм қиял, зеңгір тау, алтын күн, сорлы бұлт, жүйрік жүрек, сұм өмір, ашық бақыт, таза жүрек, жібек түн, алтын ой, сұм тағдыр, ауыр ой, алтын сәуле, сұм сұлу, ыстық лебіз, долы дауыл, қалың қауым, тәтті қылық, қажыр қайрат, тәтті қиял, жалқау жел, ақ отау, қалың ел, қара жылан, алтын күз, алтын шаш, күміс көбік, зеңгір тау, ақ бата, жылы жел, жүйрік жел, қалың ну, жарқын ай, ыстық қан, жынды жүрек, ұшқыр жан, ақ қол, батыр жүрек, алтын ерік, ауыр аманат, ауыр иіс, қара қайғы, ізгі ой, алтын үміт, ақ періште, қызыл жел, қу өмір, жылы үн, жауыз тағдыр, ерке бұлақ, кең ақыл, асыл қан, ұлы ой, ұшқыр жар;

3. Екі- үш сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы тіркеседі: үнсіз меңіреу, ұзын түн, кіршіксіз жас жүрек, тұңғыық терең бір ой, таза, терең, өткір, күшті, кең тілім, жібектей жасыл шөп, кілегей қара бұлт, тәтті ұлы бал, айдын шалқар көл, асау жас жүрек;

4. Сын есім мен екі зат есім тізбектеліп келеді: ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, кәусар жібек сөз, тұңғыық бір терең ой.

М.Жұмабаев дәстүрлі эпитеттерді көркемдік талғаммен сай іріктеп алады. Оларды бұрын тіркеспеген сөздермен байланыстырып, мағынасын жаңартады. Ақын эпитеттерді жаңғыртып өзгеше қырынан берген. Бұдан ақынның өзіндік стилдік ерекшелігі айқын танылады.

М.Жұмабаевтың «Сүйгеніме» өлеңінің:

Сөзім, көзім айтып тұр сүйгенімді,

Қуарған, сарғайған, жүз күйгенімді.

Талған жүрек, жүдеген, салған дене

Сүюдің қолына енген тигенімді – деген жолдарында берілген «талған жүрек, жүдеген, солған дене» сүйген жан сезімін суреттеуде жаңа мазмұнға орайлас түрленген эпитеттер.

«Қазақ қызына әзіл» өлеңінде ауыл қызының бейнесін жасауда *«шолақ айдар, шөп желке», «бауырсақ мұрын, бұйра бет»* деген эпитеттерді сәтті қолданылады.

*Шолақ айдар, шөп желке,
Бауырсақ мұрын, бұйра бет.
Былқ-сылқ етіп жүргенде
Ойламайсың ба үйрек деп.*

Ақын «Батқан күн, атқан таңның жыры» шығармасында «сорлы бұлт-сорлы жар» деген эпитет қолданған. Мысалы:

*Алтын күн батып барады,
Алтын күн ақырын өледі,
Сорлы бұлттар - сорлы жар
Қан жылап күнді көмеді.*

Мұндай эпитет Мағжаннан бұрынғы ақындардың туындыларында көрініс таппаған. Ақын: «Бір күні» өлеңінде:

*Деп ойлап қалың ойда жатыр едім,
Көп ойлап, ой дәмінен татып едім.
Естілді үй сыртынан апам даусы:*

Ноқта апар, нағып жұрмай жатып едің? Мұндағы «Ой дәмі» эпитеті де Мағжанның өз олжасы. Осы мысалдардан Мағжан бұрыннан айтылып келе жатқан эпитеттерді қайталамай өзінше ізденіп жаңаша мазмұнда айқындаудың әр түрін жырларында шеберлікпен орынды жерінде қолданып отырғандығы анық аңғарылады.

Ақынның «Төбет» атты өлеңінің:

*Жарықтық Сәрсен ақсақал,
Жуан қарын тап-тапал
Асырады бір төбет.
Тырбиган түрін көрсе де,
Шамасы кемін білсе де,*

Ойы болды: «Кім білед!...» - деген шумағында *«жуан қарын», «тырбиган түр»* - эпитеттері Сәрсен ақсақалдың образын ашуға көмектесіп тұр.

*Қушық шеке, қайқы бел
Жуан қарын сырып жер,
Тып-тып төбет жүреді.
«Қарны толған өнер!»- деп,
«Қолынан бір не келер!»- деп,*

Мұртынан Сәрсен күледі - деген жолдардағы *«қушық шеке», «қайқы бел»* эпитеттері ақынның өзіндік қолтаңбасын танытса керек:

Мағжан ақынның «Жаралы жан» өлеңінің:

*Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жақта жүргендей-ай жандар билеп.
Ың-жың дауыс келеді құлағыма,
Перілер ән салысып, тұрма күйлеп?
Жаралы бір жан жатыр құба жонда*

*Бір қисық жалғыз аяқ сұрлеу жолда.
Пернесі нұры кеткен көзіменен,
Қарайды бейшара жан оң мен солға.
Қысылған сорлы адамның шыбын жаны
Шапшып тұр, жүрегінен ыстық қаны».
Соқпа, сорлы жүрегім,*

Шірі енді, ақ білегім! – деген жолдарындағы дәстүрлі эпитеттер қараңғы қазақ халқының ішіндегі өз мүддесінен, жерінен, билігінен айырылып, оқыған азаматты қажет етеді. Халықтың халін мынадай эпитеттер арқылы бейнелейді: «жалқау жел», «ың-жың дауыс», «жаралы жан», «құба жон», «қисық жалғыз аяқ сұрлеу жол», «бишара жан», «сорлы адам», «шыбын жан», «ыстық қан», «сорлы жүрек», «ақ білек».

Мағжан туындыларынан эпитеттердің неше алуан түрін ұшыратуға болады. Мысалы, ақын Мағжанның желі бірде «қатты, суық, ызғарлы, тас бауыр» болса, бірде «жылы, жүйрік, ерке, жалқаулау», көлдері «шалқыған, балқыған, қалқыған, ойнаған, қуанған», қысы «суық, қатты, қайғылы» болса да келген жазы «жылы, жайнаған, жібек қанатты», жүрегі «сорлы, талған, жүдеген, денесі солған», «қыздарының айдары шолақ, желкесі шөпті, мұрыны бауырсақтай, беті бүйректей» болса да «жымиысы жұмсақ, сөздері жібектей», «ормандары мәңгі мылқау, мәңгі кәрі», «бұлты да сорлы, жары да сорлы», өмірі «қайғылы, алдамшы» болса да «алтын үмітті» болып келіп, сөздерді ажарландырып, өлеңнің мазмұнын айқындап өте әсерлі, образды сөздермен салынған суретті нақтылап шынай сезіммен ойдың бірлігінде лирикаларға бояу қанық нәр берген.

Ақынның қиыннан қиыстырып қолданған жоғарыдағы айқындаулары өзі жырға қосып отырған объектіні, өмір құбылыстарын бейнелі оймен бере білу жағынан басқа суреткерлерден ерекшеленеді. Мұның өзі ақынның стилдік ерекшелігіне байланысты екендігі даусыз.

Қорыта келгенде, Мағжан Жұмабаев қолданған эпитеттер: дәстүрлі және таза авторлы деп бөлсек болады. Ақынның қолданған эпитеттері – өзіндік қолтаңбасын танытумен қатар мейлінше көркем бейнелі көркемдік тәсілдер. Ақын шығармаларындағы қолданылған әрбір образды сөз, сөз оралымдары өз орнында, айтылмақ ойдың мақсатын дәл, нақты жеткізуде сәтті пайдаланылғандығын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф. «Тіл әлемі». Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.
2. Нұрғалиев Р. Абай энциклопедиясы. – Алматы, 1995.
3. Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1966. –25 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы, 2006.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности применения эпитетов в поэзии М.Жумабаева. Рассматриваются применение авторских эпитетов и их языковая природа. А также рассматриваются стилистические особенности эпитетов в поэзии М.Жумабаева.

Ключевые слова: образность, стилистические особенности, новый эпитет, авторская цель.

Annotation

This article discusses the features of the application of epithets in poetry M.Zhumabayev. We consider the use of epithets and copyright of their linguistic nature. And also considered the stylistic features of epithets in poetry M.Zhumabayev.

Key words: imagery, stylistic features, a new epithet, the author's purpose

ӘОЖ 801.81 (18)

Т.ЖОЛДЫҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ СӨЗДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Дюсекенова А. -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология институтының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Е.С.Қасенов

Аннотация

Мақалада Таңжарық Жолдыұлының шығармаларындағы қытай тілі сөздерінің қолданысы қарастырылған. Ақын туындыларындағы қытай тілі сөздерінің қолданылу ерекшелігі сөз болған. Сондай-ақ ақын шығармаларындағы қолданылған бөгде тіл элементтерінің стилдік ерекшелігі де көрініс тапқан.

Кілт сөздер: стилдік ерекшеліктер, кірме сөздер, авторлық мақсат, тіл элементтері, т.б.

Әр ақын – жазушының өзіне тән стилі мен тілі болатыны баршаға аян. Сол сияқты Таңжарық Жолдыұлының да өз стилі мен тілі бар. «Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек һәм биік» [1, 185]. Шығарманың көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындауда жазушы қолданған тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше. Көркем шығарма тілінде кез келген тілдік құрал орынсыз қолданылмайды. Соның бірі – бөгде тіл элементтерінің орын алуы. Халықтар арасындағы саяси, мәдени, экономикалық байланыстар тілдің де байланысына әсер етеді. Ендеше, әлемде таза тіл жоқ деуге болады, ал таза тіл болуы үшін сол тілдің иесі саналатын халық немесе ұлт басқа халықтардан оқшауланып, байланысқа түспеулері керек. «Сөздік құрамында басқа тілден сөз енбеген тіл жоқ деуге болады. Дүниежүзіндегі түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өзара бір-бірімен қарым-қатынаста болады да, бір-біріне сөз ауысады» [2, 152]. Сондықтан қазақ тілінің қазынасына баланған ақындар шығармашылығында

да кірме сөздер мен бөгде тіл элементтерінің орын тебетіні заңды іс. Ал Таңжарық Жолдыұлының шығармаларында да бөгде тіл элементері де жеткілікті. «Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа иіру», яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты» [3, 88].

Ақын қазақ тілінің құнарын толық меңгерумен қатар бірнеше тілді жетік білген әрі қазақ тіліне төл сөзіндей сіңісіп кеткен кірме сөздерді де орнымен қолдана білген. Ақын поэзиясындағы бұл интернационалдық өзгешелік сол кездердегі тарихи жағдайларға қазақ халқының материалдық, рухани, мәдениет, әдебиет өмірінде жер жүзіндегі басқа да көптеген ұлттармен, халықтармен тағдырластық, аралас-құраластық, кең тұтасқан тарихи байланыстарының болғандығын, тағы бір жақтан ақынның көп тіл білгенін дәлелдейді. Мұнда ақын көбінесе қытай тілін, орыс тілі мен халықаралық ортақ тілдерді және араб, парсы, түркі ұлттарының тілдерін тілдік бірліктерін қолданған.

Таңжарық ақынның поэзиясында қытай тілінің сөздерін қолдануы өз ұлтының ырқына бағындыру, халықтық тіл мен әдеби тілін дамыту, кемелдендіру, ұстарту шеңберінде іске қосылды. Қытай қазақтарының билігі сол мемлекеттің иесі саналатын қытай халқына тиесілі екені шындық. Ендеше, қытай жерінде (отардағы қазақ жері) өмір сүретін қазақтардың тілінде қытай сөздерінің көрініс табуы заңды іс. Бұл құбылыс ең алдымен әдебиетте орын алатыны да шындық. Сондықтан да қытайша сөздер ақын поэзиясында кеңінен орын алып, қолданыс тапқан. Таңжарықтың қытай тілінен алып қолданған сөздерінде (басқа тілден енген сөздерде де) мынадай үш ерекшелік бар:

1) Қытай тілінен қолданған сөздерді өздерінде қалай айтылса дәл солай қалпын бұзбай қолданған.

*...Жың дарын, Тоқтақын мен үш-төрт қазақ,
Жиыны алты кісі мал жиып ек.
Бәріңнің бұрынтыннан естуің бар,
Атанған шуетаң жиншаң патшалық деп... [10]*

немесе:

*...Жүз шерікке лианжаң боп,
Қанатбек болыс ілінді.
Мұсақан болды дадұйжаң,
Дербістен шыққан шерікке.
...Сүлейменді пәйжаң қып,
Ысқақты қойды фудұйжаң... [84-85]*

Көріп отырғанымыздай бұл өлеңдерінде қытайша сөздер грамматикалық жақтан да, фонетикалық жақтан да, мағыналық жақтан да ешқандай өзгеріске түспеген. Мұндағы қытайша сөздер мынадай мағына береді:

Жың дарын – мәртебелі жіке.
Шуетаң жиншаң – мектеп қашан да.

Лианжаң, дадұйжаң, фудұйжаң – әскери мансап атаулары.

Пәйжаң – аудармашы, тілмәш.

2) Қытайша сөздерге қазақ тілінің грамматикасына сәйкес жалғаулар жалғап қолданған.

*...Мәлімдеп болған істі, қойып қалдық,
Сылиңның жетеді деп бұған күші.
Ата деп, сылиыңым деп жүргенде
Кеселдің сонда екен бір жақ ұшы.
Барып ек елдің қамын ескерсін, деп,
Залымды ел бұзушы жек көрсін, деп,
Яу сылиң оқып көріп түсінген соң,
Берінті гүң әнжүйге тексерсін деп... [147]*

Мұнда **сылиың** (қолбасы, генарал) деген сөз біріншісінде ілік септігінде тұрса, екіншісінде тәуелділік жалғауының II жағында тұр. Ал **гүң әнжүй** (қоғам қауіпсіздігі мекемесі) деген сөзге барыс септігінің жалғауын жалғап қолданған.

*...Бір күні, – көтер, – деді, – шыңлиыңды
Көресің сол арадан зор сыйыңды.
Жүгіндей диуананың буып-түйіп,
Арқаға көтердім мен шыңлиымды... [165-166]*

Бұл өлеңде де **шыңли** (жүк) деген сөзге бірде тәуелділік жалғауының II жағында тұрып, табыс септігінің жалғауы жалғанса, енді бірде тәуелділік жалғауының I жағында тұрып, және де табыс септігінің жалғауы жалғанып қолданылған.

3) Қытайша сөзді фонетикалық жақтан қазақ тіліне бейімдеп қолданған.

*...Артында шаршы шпион ұяңдардың
Қалды ғой қазақ байқұс табанында... [146]*

Мұндағы **ұяң** сөзі әсілінде қытайдың **июән** (жора) деген сөзінен шыққан. Яғни, өкіметтің халық арасына жіберген өкілі әрі тыңшылары. Таңжарық бұл өлеңінде ұяңдардың халыққа істеген озбырлықтары мен қиянаттарын айта отырып, олардың пасық әрі зұлым екенін жан-жақты әшкерелейді. Таңжарық өз өлеңдерінде тағы да мынадай қытайша сөздерді қолданған:

Лау – салық, алман.

Бау – мәлімдеу, жеткізу.

Мампаң – мәнсап атауы.

Дутұң – аймақ дәрежелі билік атауы.

Сәйсі – алман, салық.

Дәйбиау – өкіл.

Гауляң – астықтың аты.

Мома – бұға пісірілген нан.

Сың – өлке, аймақ.

Кули – ішкері, орталық жақ.

Леху – Іле аңғары.

Шың дубан – **Шың** – Шың Шысайдың фамилиясы, **дубан** – әскери, әкімшілік шен. Ең зор бақылаушы.

Пән ди хұй – жиһангерлікке қарсы тұру жиналысы.

Гұңфан – қылмыскер жұмысшы.

Яңпың шан – аурухана.

Жаңзы – екінші ауыл, қоржа.

Тұңлиң – тұтас басқарушы.

Шәнжі – сырғауыл.

Шиацио – ауыл бастығы.

Қытайша сөздердің кейбіреулерін шығармаларына жеке-дара емес тіркес күйінде кірістірген. Мәселен:

...**Шарт етіп** ашылды есік шалдыр-шұлдыр.

«**Таңжалыкы, чилай!**»(**Таңжарық, тұр орныңнан!**) деп асығыспен,

Күзетші сөйлеп кетті балдыр-бұлдыр.

Түрегеп апаш-құпаш киінгенше

Қылтама екі тепті құдай ұрғыр. [155]

...**Қайғыма** ортақтасып көңіл бұзып,

Отырды басын сипап қағаз сызып.

– **Бұяужин, бұхайна** (Ештеңе етпейді, шошымаңыз) – деп, сүйеп барып,

Қойды әкеп орындыққа отырғызып.

Мейірімді жақсылығын көзім көрді,

Ағыздым нұрлы жүзден жас пен терді.

–**Мұңайма**, ер басына не келмейді,

Чуян (Темекі тартыңыз) – деп темекісін әкеп берді. [157-158]

...**Тапаниша** жамбасында бұлаң қағып,

Келді де төртіңші үйді кілтпен ашты.

Итеріп, «желекті» алып, үйге қарай,

«**Рын гуды шиұң ди**» (Иттің гана күшігі) деп заһар шашты... [173]

Зер салып қарасақ ерекшеленіп жазылған сөздердің қытай тілінде сұрақшы кейіпкердің қытай екендігіне, ол жөніндегі қазақ тіліндегі «елжіреп», «ол мені таниды екен тірлігімде», «көңіл бөліп», «басын сипап», «қағаз сызып» деген образды суреттеуді күшейтіп, оның Таңжарық ақынға жанашырлық позицияда болғандығына тіпті де, айқындық дәлдік, ықшамдылық, нақты шындық, жарастық бағыштап тұр.

Түйіндей келгенде, Таңжарық поэзиясында тек қазақтың төл сөздері ғана емес, сонымен қатар басқа халықтардың сөздері де жиі ұшырасады. Бұл – ақынның олақтығы емес, керісінше білімділігі, алғырлығы, тапқырлығы. Өзге тілдің сөздерін орын-орнымен қолданып, поэзия тілімен құбылтып, құлпырта білсе, оның өзі өлеңнің көркемдігі мен мәніне, сұлулығы мен тереңдігіне өзінше бір әсемдік дарытып, өзегіне нәр беретіні хақ. Демек,

бөгде сөздерді өз орнымен қолдану шеберлігіне қарап Таңжарық Жолдыұлын үлкен білім мен тарлан таланттың иесі деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. –Аматы: Санат, 1993. – 496 б.
3. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 187 б.

Аннотация

В данной статье рассматриваются применения китайского языка в произведениях Т.Жолдыұлы. Рассматриваются особенности применения слов китайского языка в произведениях писателя. А также рассматриваются стилистические особенности иных элементов языка.

Ключевые слова: *заимствованные слова, стилистические особенности, китайские слова, авторская цель*

Annotation

This article discusses the use of the Chinese language in the works T.Zholdyuly. The features of the application of the words of the Chinese language in the works of the writer. And also considered the stylistic features of other elements of the language.

Keywords: *Loan words, stylistic features, the Chinese words, the author's purpose.*

БІЗДІҢ АВТОРЛАР // НАШИ АВТОРЫ

Амирбекова А.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Абенов Д.Е. – магистрант 2 курса Казахский национальный педагогический университет им. Абая, институт магистратуры и PhD докторантуры, факультет гуманитарных наук, кафедра истории и культуры Казахстана, город Алматы

Асанов Ж.Т. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 2 курс магистранты, Алматы қаласы

Абдыкалыкова А.Е. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультеті, Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының 2-курс магистранты, Алматы қаласы

Алманбетов Қ.Н. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс магистранты, Алматы қаласы

Бағыбаева Н.М. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 2 курс магистранты, Алматы қаласы

Дюсебекова Г. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология институтының 3-курс студенті, Алматы қаласы

Дюсекенова А. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология институтының 3-курс студенті, Алматы қаласы

Ертуғанұлы Ж. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс магистранты, Алматы қаласы

Жиренов С.А. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Ибраева А.Д. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Қасенов Е.С. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Масакова Э. - магистрант 1 курса специальности Русский язык и литература Института магистратуры и докторантуры PhD, Казахского национального педагогического университета имени Абая, город Алматы

Мадешова Г.Б. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс магистранты, Алматы қаласы

Мирзабаева Айгуль – магистрант Института магистратуры и докторантуры PhD, Казахского национального педагогического университета имени Абая, город Алматы

Назарымбетов Е. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 6M010700- бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранты, Алматы қаласы

Нұрманова Г.Қ. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институты 6M010200 - «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1курс магистранты, Алматы қаласы

Сапарбек Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология институтының 4-курс студенті, Алматы қаласы

Содиықова Ж.М. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология институтының 3-курс студенті, Алматы қаласы

Секербаева Ж.С. – Казахский Национальный Педагогический университет им. Абая, институт Магистратуры и PhD докторантуры, город Алматы

Саймасева О.У. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс магистранты, Алматы қаласы

Тоқшылықова Г. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы

Shotanbayev A. B. - 2 year master degree student of KazNPU named after Abay

Шалкеева Ж. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының 1курс магистранты, Алматы қаласы

Шиналиев Н. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Филология институтының 4-курс студенті, Алматы қаласы

**Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясының ғылыми
мақалаларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясындағы мақалалар қоғамдық және жаратылыстану, педагогика мен әдістеме ғылымы бағыттарындағы ғылыми зерттеулердегі жаңалықтар мен өзекті мәселелерді қамтиды. Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің ғылыми мақалаларын жариялайды.

Мақала көлемі кестелерді, суреттерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және негізгі мәтін алдында жазылатын түйінді қосқанда 15 беттен аспауы керек. Мәтін Microsoft Word редакторында Times New Roman 14 пт әрпімен, аралық 1 интервалмен, үстіңгі және астыңғы жақтарынан – 2 см; сол жағынан – 3 см және оң жағынан – 1,5 см қалдырылып теріледі. Бірінші беттің ортасына қалыпты әріптермен автордың аты-жөні, оның астына мақаланың аты, төменіректе жай жақшаның ішінде жұмыс орындалған ұйымның аты мен қаласы жазылады.

Суреттер саны 5-тен аспауы керек (биология, физика-математика, химия салалары бойынша 10-нан аспауы керек) және иллюстрациялар (графиктер, схемалар, диаграммалар) компьютерде салынуы керек.

Барлық формулалар мен символдар (математикалық, физикалық, химиялық) Microsoft Equation және Microsoft Word редакторында теріліп, нөмірленіп, сілтемелер жасалады.

Әдебиеттерге жасалған сілтемелер тік жақшамен [1, 15 б.] көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі төмендегіше жазылады:

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.

Хасанов Ғ.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. – Алматы: Үшқиян, 2009. -488 б.

Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. ғыл. док... дис.: 10.02.02. Қолжазба. -Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2008. -346 б.

Шойбекова Ғ.Б. Ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлі // Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2004. -204-207 бб.

Мақала төмендегі құжаттармен қоса екі данада және CD дискімен қабылданады:

1. Түйін (1/3 кем емес) екі тілде (қазақша-ағылшынша немесе орысша-ағылшынша);

2. Жеке парақта автор жөнінде толық мәлімет көрсетіледі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

3. Студенттер мақаласын жіберген жағдайда (студенттің аты-жөні, оқу орыны мен факультеті, мамандығы, ғылыми жетекшісінің сараптама пікірі, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы; ғылыми жетекшісінің аты-жөні мен ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

• Редакцияға түскен ғылыми мақалалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Хабаршыға» сілтеме жасау міндетті.

• Жарияланған материалдардың нақтылығына авторлар жауап береді.

• Ғылыми пікірлер мен толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

• Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің жұмыстары қабылданады.

Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые»

Статьи из серии «Молодые ученые» журнала «Вестник КазНПУ имени Абая» охватывают актуальные вопросы научных исследований в области общественных и естественных наук, а также в области методики преподавания. В серии Вестника «Молодые ученые» публикуются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

Статья представляется в двойном экземпляре. Размер статьи не должен превышать 15 страниц (от 6-ти страниц), включая таблицы, рисунки, аннотацию в начале статьи перед основным текстом (аннотация до 1/3 стр. через 1 интервал, 12 пт), список литературы, напечатанных в редакторе Word, шрифтом Times New Roman 14 пт, с пробелом между строками 1 интервал, поля - верхнее и нижнее – 2 см, левое – 2 см, правое – 2 см. Количество рисунков не более пяти (для серий биологическая, физико-математическая, химическая - не более 10). К статье прилагается:

- к статье необходимо приложить аннотацию (не менее 1/3 стр.) на двух языках (на казахском и английском или на русском и английском)

- на отдельной странице и сведения об авторах (Ф.И.О., ученая степень, ученое звание, адрес, место работы, телефон, факс, e-mail). Далее посередине страницы прописными буквами (курсивом) инициалы и фамилии авторов, ниже также посередине заглавными буквами - название статьи; затем посередине строчными буквами; в круглых скобках - название организации (ий), в котором выполнена работа, и город. Прилагается электронный вариант на CD-диске.

- в случае подачи статьи к публикации студентами необходимо указать: ФИО студента, название вуза, факультет, специальность, аналитический отзыв научного руководителя, адрес, телефон, факс, e-mail; ФИО и ученую степень, ученое звание, место работы, адрес, телефон, факс, e-mail научного руководителя.

- иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) должны быть выполнены на компьютере или в виде четких чертежей, выполненных тушью на белом листе формата А4

- математические формулы в тексте должны быть набраны как объект Microsoft Equation.

Химические формулы и символы должны быть набраны при помощи инструментов Microsoft Word. Следует нумеровать лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

- ссылки на литературные источники даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1,15 с.]. Список литературы оформляется следующим образом:

Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Просвещение, 1963. -255 с.

Аверьянов А.Н. Динамика противоречий // Вопросы философии. 1976. № 5.

Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. М.: Прогресс, 1985 451с.

В случае переработки статьи по просьбе редакционной коллегии журнала датой поступления считается дата получения редакцией окончательного варианта. Если статья отклонена, редакция сохраняет за собой право не вести дискуссию по мотивам отклонения.

- Научные статьи, поступившие в редакцию, не рецензируются. Рукописи не возвращаются. При копировании материалов обязательная ссылка на журнал «Вестник».

- За достоверность материалов ответственность несут авторы.

- Научные отзывы и рецензии могут не соответствовать мнению редакции.

- К публикации в серии Вестника «Молодые ученые» принимаются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

ХАБАШЫ. ВЕСТНИК.
«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы
Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»
№ 2, 2014

Хабаршы. «Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы.
– Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Ұлағат» баспасы, - 2014. № 2. - 137 б.

Вестник. Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования».
– Алматы, Казахский национальный педагогический
университет имени Абая, типография «Ұлағат», - 2014. № 2. – 137 с.